

Рз. 3/5 крз  
8  
С 31

С. СЕИТОВ

ҚАЗАҚ

ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ

МАЯКОВСКИЙ

ДӘСТҮРІ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

С. СЕИТОВ

ҚАЗАҚ

МАЯКОВСКИЙ  
ДӘСТҮРІ



Қазақ ССР-ның «ҒЫЛЫМ» баспасы  
АЛМАТЫ — 1966

В. В. Маяковскийдің поэзиясы туысқан республикалардың ақындарына игі ықпал жасап келеді. Революцияның ұлы жыршысынан қазақ қалам қайраткерлері де үйренеді.

Бұл кітапта қазақ поэзиясындағы В. В. Маяковский дәстүрінің кейбір келелі мәселелері кеңінен сөз болады. Автор бай материалдар мен фактілерге сүйене отырып, қазақ поэзиясының дамуы жолында алдыңғы қатарлы орыс поэзиясы қандай роль атқарғанын көрсетеді.

Кітапты қалың оқушылар қауымы, педагогикалық институттардың студенттері мен оқытушылары, сондай-ақ туысқан әдебиеттердің өз ара байланысын зерттеу мәселесімен шұғылданушылар пайдалана алады.

Жауапты редакторы  
М. БАЗАРБАЕВ

**Б**

із қос мереке қарсаңындамыз. Енді бір жылдан кейін өткізетін торқалы тойымыз — еліміздің елу жылдығы ұлан-асыр мерекеге айналады. Бұл — Октябрь отанының ғана емес, бүкіл ақ ниетті адам баласының ең сәулетті мейрамы. Дүниедегі тұңғыш социалистік мемлекеттің жарты ғасырлық өмірі — коммунизм орнату жолында ұлы халқымыз жүргізген ғажайып қаһармандық күрес пен еңбектің ерлік эпопеясы. Енді төрт жылдан кейін өткізетін екінші тойымызға — кемеңгер көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толу тойына жер шарындағы халықтардың назары түгел ауып, оған қапысыз әзірлену қамына жұмыла кірістік.

Көп ұлтты совет әдебиеті осынау ұлы мерекелерге тартымды да татымды тартулармен келмек. Қалам қайраткерлері коммунистік құрылыстың барысында тәрбиеленіп, өсіп-жетілген жаңа адамдардың өмірін, ой-сезімін көрсететін шығармалар жазу үстінде. Олар әдебиеттің партиялылығы мен халықтығы жөніндегі лениндік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, социалистік реализм әдісі туғызатын творчестволық мүмкіншіліктерді кеңінен пайдалана отырып, халық өмірін шеберлікпен терең суреттеу жағына баса көңіл бөледі.

Әдебиет зерттеу ғылымы мен әдебиет сыны биік идеялы, шынайы көркем жаңа шығармалардың тууына көмектесу міндетін атқарумен қатар көп ұлтты әдебиетіміздің жарты ғасырлық жолын қорытындылау, оның аса бай тәжірибесін сарапқа салу сияқты абыройлы жұмысты күн тәртібіне қойылған бірінші кезектегі мәселе деп қарайды.

Социалистік реализм әдебиетінің елу жылдық тарихына көз жібергенде, әлбетте, біз оның аса көрнекті өкілдерінің творчестволық тәжірибесін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Сондай алыптардың бірі — Владимир Маяковский.

Жаңа тұрпатты әдебиетшінің ең жақсы, ең ізгі қадір-қасиеттерін өнбойына түгел жиған ұлы ақын, социалистік поэзияның іргесін қалаушы классик, коммунизм идеяларының шабытты насихатшысы және үгітшісі Владимир Маяковскийдің есімін халқымыз, барша адам баласы ерекше мейір-ықыласпен, сүйіспеншілік, құрметпен атайды. Біз оның «партиялық кітаптарының бүкіл жүз томын» коммунизмнің салтанаты жолындағы қажырлы күресімізде тот баспайтын айбынды рухани қару ретінде пайдаланамыз. Октябрдің бірінші ақындарының бірі, советтік заманымыздың асқан талантты жыршысы еңбекте де, күресте де бізбен үнемі бірге болып, «тірілермен тірілерше тілдесіп» келеді. Маяковский:

Лирикалы  
томдарды  
басып өтіп,  
сендерге мен  
барамын  
дүбірлетіп.

деп тегін айтпаған.

Маяковский кеше де, бүгін де қатарда. Ол ертең де құрылысшылар сапында. Осы арада Н. К. Крупскаяның мына бір сөздері ойға оралады: «Еш уақытта да естеріңнен шығармаңдар, «Маяковский» деген сөз бен «музей» деген сөз оншама сыйыспайтын ұғымдар! Маяковский әр қашанда қайнап бұрқыраған, алға шақырған, тірі қалпында қала бермек!» — деген ол.

Ақынның тірі кезінде орыс тілінде тоқсан тоғыз кітабы шықса (жақша ішінде аңғарта кетейік: партиялық кітаптарының жүз томы жөнінде ол бейнелі сөз мағынасында ғана айтпаса керек), 1963 жылғы мәлімет бойынша, Маяковский шығармалары СССР-дегі 58 халықтың тілінде 45 миллионнан астам тиражбен басылып тараған.

Коммунистік партия баулып, тәрбиелеп өсірген ұлы ақын өзінің бүкіл талантын, жүрегінің жалыны мен отты, өткір сөзін жаңа қоғам орнату, коммунизм мұраттарын орнықтыру күресіне қалтқысыз бағыштап, ақтық демі біткенше күрестің алғы шебінде болды. Әдебиет әлеміне «революцияның жұмсауы және шақыруы» бойынша келген ол, адамзат тарихында жаңа заманды бастаған Ұлы Октябрь социалистік революцияның қызу қанды, ең асқақ ойлы ақыны ретінде айрықша көзге түсті.

Маяковский — біздің советтік поэзиямызды ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзілік поэзияны да баға жетпес көркем шығармалармен байытқан, тыңнан тартқан жолы, қайталанбас өзгешелігі бар, жаңашыл ақын.

Маяковский поэзиясының келелі тақырыбы — халық өмірі, халық күресі. Ол Ленин партиясы бастаған совет халқының жаңа дүние орнатудағы, социалистік құрылыстағы таңғажайып ерліктері мен қаһармандық еңбегін, құлшынған қайраты мен қайнаған жігерін тамаша ақындық шабытпен, тереңнен толғай, тебірене жырлады. Тарихты жасаушы халық, өмірде жаңа жол салушы халық оның қуатты поэзиясының бас кейіпкері болды дей аламыз.

Маяковскийдің патриотизмі — советтік өмірдің өзінен туған, миллиондаған адамдарымыздың жаңа дүние орнатудағы патриоттық өрлеуінен, қажырлы істерінен туған патриотизм. Оның поэзиясына «шабуылға шыққан таптың», жұмысшылар мен шаруалардың социализм үшін жүргізген ерлік күресі мен жасампаз бейбіт еңбегі қанат бітіріп отырды.

Ол ел өміріндегі аса маңызды оқиғалар мен өзгерістерге өзгелерден бұрын және айтарлықтай ақындық шеберлікпен үн қоса білді. Бірақ ол көргені мен сезгенін жәй ғана тіркеуші емес, әр шығармасында келелі мәселе көтеруші ақын екенін айқын танытты.

Социалистік реализмнің ұлы суреткері халқымыздың бейбіт еңбек майданындағы дүние жүзілік тарихи табыстары, ауыр индустрияның алыптары, жұмысшы табының орасан ерлік істері, деревнядағы жаңа тұрмыс жайында тамаша өлеңдер жазды. Сақылдаған сары аязда Кузнецк металлургия алыбының іргесін қалаған жұмысшыларды көріп, олардың патриоттық істеріне, қажырлы қайратына сүйсінген ақын:

Қала да  
    Орнар  
    Өңірге,  
Білемін  
    Гүлдер  
    Бақша да,  
Тұрғанда  
    Совет елінде  
Осындай  
    Өңкей жақсы адам, —

деп үн қатады.

Маяковский — совет адамдарының характерлерін молынан ашып, типтік образын жасай білген, олардың дүниеге, еңбекке көзқарасындағы өзгерістерді, біздің замандастарымыздың арасындағы жаңа қарым-қатынасты кенеулі ой, көрікті тіл арқылы терең де кең көрсеткен ақын. Оның өзге тақырыптағы, мысалы, жаңа мораль, достық пен махаббат, жастар туралы өлеңдерінен де ерекше бітімді шеберлікті, өткірлікті, жаңа мәселе көтерушілікті көреміз.

Советтік заманымыздың алдыңғы қатарлы адамының, адал патриоттың жарқын образы жасалған тамаша өлеңдерден «Советтік паспорт туралы өлең» мен

«Кеме-адам Нетте жолдасқа» атты өлеңдерді айрықша атап өту керек. Әсіресе «Советтік паспорт туралы өлеңнің» соңғы шумақтары біздің кеудемізде социалистік Отанымыз үшін зор мақтаныш сезімін туғызды:

Көріңдер,  
қызығыңдар,  
Мен —  
Совет Одағының  
азаматы.

Поэзия өмірдің көрінісі ғана емес, сонымен қатар еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің қуатты құралы. Ол халықты бастаушы және халыққа қызмет етуші болуға тиіс. Ұлы ақын өзінің бірқатар өлеңдерінде поэзия туралы, оның қоғамда атқаратын қызметі туралы осындай ойлар айтып, өзінің эстетикалық принциптерін ұсынады. Өлең өнері жөнінде абзал ойларын ортаға салған шығармаларын бұл арада түгел атап жатпай-ақ, бір ғана «Молчанов Иван мен поэзия туралы ой» деген қысқа өлеңіндегі мынадай шумақты оқып көрейік:

Ал  
Нағыз  
Шын ақын  
Ерте ұрып дабылды,  
Ұшқыннан шығатын  
Үрлейді жалынды.

Поэзияның халық өміріндегі ролі мұнда айқын аңғартылған.

Маяковский творчествосында партия тақырыбы басты орын алады. Ол совет ақындарының ішінде Коммунистік партияны бірінші болып жырлап, оған өзінің ең жалынды, ең жылы, ең терең мағыналы сөздерін арнады.

Бүкіл совет әдебиетінің аса көрнекті шығармасынан саналатын «Владимир Ильич Ленин» поэмасында ақын Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін салушы, кемеңгер көсеміміз Лениннің жарқын образын поэзияда тұңғыш рет жасап берді. Шығарма Совет Одағының Коммунистік партиясына арналған.

Поэмада заман шындығы, Коммунистік партияның басшылық ролі, Лениннің халықпен байланысы, ұлы-

лығы мен даналығы, оның жеңімпаз істерінің дүние-жүзілік маңызы айта қалғандай ақындық шеберлікпен суреттеледі.

Кім еді ол?  
не істеді?  
шыққан қайдан,  
Бұл —  
адамның асылы  
артық туған!  
Қып-қысқа  
көзін жұмған  
күнге дейін,  
Бізге айқын болды өмірі  
Ульяновтың.  
Бірақ  
жолдас Лениннің  
кең өмірін  
суреттеп  
жазу қажет  
ойланып тың.

Ақын өзінің осы ойын таңғажайып таланты арқылы жүзеге асырған да, совет әдебиетінің тарихында өзгелерден биік тұратын үздік шығарма жасап қалдырған.

Маяковский Коммунистік партияны, Совет мемлекетін, совет халқын көрсетуге өзінің «Жақсы!» деген поэмасын арнады. «Жақсы!» — бұл Отан туралы, социализм туралы, халықтың жаңа өмірі мен бақыты туралы шығарма. Ақынның социалистік Отанға деген шексіз махаббаты поэманың басынан аяғына дейін ерекше бір ыстық сезімге бөленген. Ол өзінің осы шығармасында Совет мемлекетінің контрреволюцияшыларға, интервенттерге қарсы күресте қалай нығайғанын, елімізде социализмнің іргесі қалай қалана бастағанын, Октябрьдің 10 жылдығындағы табыстарымызды суреттейді, еңбекші халықтың, коммунистердің нағыз патриоттық істері мен сезімдерін жыр етеді.

Халықтар туысқандығы мен достығын мадақтау, бауырлас республикалардың өмірін жете білуге айрықша көңіл бөлу — Маяковский дәстүрінің біз үшін үлгі болып саналуға тиісті ұтымды жақтарының бірі, міне, осындай. Ол еліміздің көптеген қалаларын аралаған, жұмысшылар мен шаруалардың, жастардың

алдында өлеңдерін оқып, қалың оқушылар қауымымен жүзбе-жүз кездескен.

Маяковский, әсіресе, ұлт республикаларындағы жаңалықтар мен өзгерістерді өз көзімен көріп, қуаныш сезімін білдірген. Украинада, Грузияда, Белоруссияда және басқа өлкелерде болған кезінде ол сол аймақтардың мәдениетімен, әдебиетімен жақыннан танысу мақсатын көздеген.

Мәселен, Маяковский украин әдебиетін жақсы білген. Москва жазушылары мен украин әдебиетшілерінің кездесу кешінде ол Павло Тычинаның бір өлеңін украин тілінде жатқа айтып берген.

Георгий Леонидзе өзінің бір естелігінде Маяковскийдің грузинше сөйлей білгенін айтады. «Біз ол өлең оқып болғаннан кейін таныстық, — дейді Леонидзе. — Ол менімен грузинше сөйлесті, кейде қала көшелерінде грузин тілін бұзып сөйлеушілерді кездестіруге болатынына қынжылды... тілдің тазалығы үшін алдымен біздер, грузин ақындары, күрес жүргізуге тиіс екенімізді ескертті».

Баку қаласына келген сапарында Маяковский азербайжан ақындарының қандай тақырыптарға жазатынын және қандай шығармалар жарық көріп үлгіргенін сұраған. Ол, әдебиетті қалың бұқара арасында кеңінен насихаттау, жұмысшылар тұратын аудандарда әдеби кештер ұйымдастыру жағына назар аударған. Азербайжандағы қаламдас жолдастарымен әңгімелескенде Маяковский жас жазушыларды тәрбиелеу мәселесін қозғап, оларға ерінбей-жалықпай көмектесу керек екенін аңғартқан.

Маяковскийдің ақындық қызметін сөз еткенде оның шет ел тақырыбындағы шығармаларына тоқтамай өту мүмкін емес.

Маяковский поэзиясынан оның капиталистік Батыс туралы, Америка туралы жазған өлеңдері мен очерктері елеулі орын алады.

Ақын капиталистік дүниені аяусыз әшкерелеп, оның небір сұрқия зұлымдық жақтарын қатал сынады. Екі дүниені салыстыра отырып, ол социалистік қоғамның капиталистік қоғамнан артықшылығын шыншылдықпен көрсетті. Дүниеге, өмір құбылысына советтік көзқарас тұрғысынан қараған патриот ақын

шетелдің қайсысына барса да әрдайым өзінің сүйікті Отанын, Москваны есінен тастаған жоқ.

Маяковскийдің азамат соғысы жылдарында империалистерді әшкерелеп жазған өткір өлеңдері әлі есімізде. Мысалы, ол «Керзон» деген өлеңінде Англияның буржуазияшыл қайраткері лорд Керзонды өзінің белгілі бір кескін-келбеті жоқ, оның кескіні ағылшын купецтерінің қалауынша құбылып, өзгеріп отырады деп шенеген болатын. Өлеңнің соңғы шумақтарында Англия саясатының тізгіні американ капиталының қолында екені аңғартылған еді.

Буржуазиялық Америка жайындағы өлеңдерінде ақын Америкада адам аты аяққа тапталғанын, еңбекші халық қанауда, құлдықта екенін, жұмыссыздық, қайыршылық көбейгенін көрсетеді. Маяковскийдің капиталистік дүниені, соғысқұмарларды әшкерелеген шығармалары бейбітшілік жолындағы күресте қазірде де зор жауынгерлік қызмет атқарып келеді.

Владимир Маяковский поэзиясы дүниежүзілік әдебиеттің дамуына зор ықпалын тигізуде. Оның өлеңдері жер жүзіндегі халықтардың тіліне түгелге жақын аударылған. Луи Арагон, Пабло Неруда, Назым Хикмет, Людмил Стоянов, Никола Вапцаров, Станислав Нейман, Владислав Броневский сияқты прогресшіл ақындар Маяковскийден үнемі үйреніп отырды.

Нақ осы арада Маяковский поэзиясының өнегесі туралы Луи Арагон айтқан мына пікірді келтіруді мақұл көреміз.

«Для всех поэтов, которые находятся за пределами Советского Союза и жадно обращают свои вопрошающие взоры к коммунистической революции, этот пример имеет ни с чем не сравнимое значение. Они ждут от Маяковского, и не без основания, той вспышки молнии сквозь капиталистические туманы, которая озарит им, поэтам, смысл и оправдание быть поэтами...

...Через Маяковского мы переводим на наш язык Советский Союз». (Михаил Луконинның «Жолдас поэзия» атты кітабы бойынша келтіріліп отыр. 1963 жыл, 195-бет).

Социалистік Отанымыздың жалынды жыршысы, заманымыздың таңдаулы, аса талантты ақыны қазіргі поэзиямыздың өрістеп-өркендеуіне зор әсер етуде. Совет ақындары — оның заңды мұрагерлері, жақсы

дәстүрлерін онан әрі дамытушылар Н. Асеев пен Н. Тихоновтың, К. Симонов пен А. Сурковтың, А. Твардовский мен С. Маршактың, М. Луконин мен Р. Рождественскийдің, тағы басқа да көрнекті ақындардың шығармаларынан Маяковский дәстүрін байқау қиын емес.

Маяковскийді туысқан республикалардың ақындары да заңды түрде өзіне ұстаз санайды. Украин ақындары Павло Тычина мен Микола Бажан, армян ақыны Егише Чаренц, белорусс ақыны Аркадий Кулешов, грузин ақыны Симон Чиковани, азербайжан ақыны Самед Вургун, тәжік ақыны Мырза Тұрсын-Зада, өзбек ақыны Ғафур Ғұлям, тағы басқалары өздерінің Маяковскийден үйрену үстінде өскендіктерін талай айтқан. Мәселен, Лениндік сыйлықтың лауреаты, литван ақыны Эдуардас Межелайтис былай дейді:

«Барша көп ұлтты совет ақындарының семьясында Маяковскийдің революциялық пафосқа толы творчествосы тікелей, не жанама түрде қуатты әсер етпеген, одан үйренбеген ақын кем де кем шығар деп ойлаймын. Менің жеке басыма оның творчествосындағы қаһармандық пен лириканың, ізгіліктің, қайсарлықтың ғажап ұштасуы қымбат».

Қазақ совет поэзиясының өкілдері де Маяковскийді ерекше қадірлеп, оның творчестволық бай тәжірибесі мен игі дәстүрінен нәр алуда. Олар ұлы ақыннан жоғары идеялылықты, партиялылықты, көркем сөзбен халыққа адал қызмет етуді, өмірге белсене араласып, қазіргі күннің маңызды мәселелерін көтеруді үйренеді. Туысқан республикалардың ақындары сияқты, қазақ ақындары да Маяковскийден үйрене отырып, поэзияда жаңалық енгізуге, шеберліктерін арттыруға, өлеңнің ырғақ байлығын молайтуға, тың ақындық образдар, теңеулер мен метафоралар табуға көңіл бөледі.

Әрине, Маяковский дәстүріне бой ұрушылық оған жалаң, сырттай еліктеу деген сөз емес. Біздің кейбір ақындарымыз алғаш Маяковскийге бет бұрғанда оның поэзиясының сыртқы түріне ғана еліктеген кездері де болды. Бірақ мәселенің мәні мұнда емес. Мәселе Маяковскийдің қуатты поэзиясының әлуатті әсерінде, оның ақындық дәстүрінің қазақ поэзиясында да елеулі тарихтық, мәдени оқиғаға айналуында.

Маяковскийдің шабытты творчествосы қазақ әдебиетінде интернационалдық сарындардың молаюына, саяси поэзия жанрының, әлеуметтік поэмалардың дамуына, жалпы лирика шеңберінің кеңеюіне, қазақ өлеңінің жаңа нәр-нақыстармен баюына бір кезеңде ғана емес, поэзиямыздың бүкіл өсу жолында өзінің қуатты әсерін тигізіп отырғанын біз орынды мақтаныш сезімімен атай аламыз.

Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқановтың, Ілияс Жансүгіровтың, Тайыр Жароковтың, Қасым Аманжоловтың және басқа да ақындарымыздың творчестволық тәжірибесі бізде Маяковский дәстүрін қабылдау, дамыту процесі қай бағытта, қалай өрістегенін анық абайлата алады.

Енді қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүріне байланысты кейбір мәселелерді қарастыру жағына ойысайық.

БІЛІМІМІЗ,

КҮШІМІЗ,

ҚАРУЫМЫЗ

Вашим,  
товарищ,  
сердцем  
и именем  
думаем,  
дышим,  
боремся  
и живем!

*В. Маяковский.*



Осыдан біраз уақыт бұрын мен орталық газеттердің бірінен Венесуэла ақынының Ленин жайындағы поэмасының фрагменттерін оқыдым. Сен, — дейді ақын Ленинге, — бейбітшілік ұрығын өз қолыңмен егіп едің. Сол өзің еккен ұрықтан қазір дүниеде керемет бір қалың орман өсіп, жапырағы жайқалып тұр. Өмірдің қаскүнем жаулары сол орманның құлпыра-жайнауынан қатты қорқады... Сен бізге бейбітшілікті сақтау керек деген абзал өсиет қалдырып едің. Біз бәріміз болып сол өсиетінді орындаймыз... Егер біреулер бізден: «Кіммен біргесіңдер?» деп сұрай қалса, біз ондайларға: Ленинмен біргеміз, оның халқымен, халықтарымен біргеміз; бізді ешкім де қорқы-

та алмайды, бізді ешкім де бөгей алмайды, біз — тарих тасқынымыз, бізді Ленин бастап келеді! — деп жауап береміз.

Ленин туралы шығарма жазатын жалғыз Венесуэла ақыны ғана ма? Әлбетте, жоқ. Ленин тақырыбы осы заманғы дүние жүзілік прогресшіл әдебиеттің кең өрісті, келелі тақырыбына әлдеқашан-ақ айналған. Ленин образына қатынастыра айтқанда, дүние жүзілік әдебиеттің тарихы бұл секілді терең мәнді қоғамдық-мәдени құбылысты, өзінің мазмұны мен кеңдігі жағынан жер шарындағы барлық халықтардың әдебиеттерін түгел қамтыған күрделі әдеби процесті бұрын-соңды біле қойды ма екен?

Біз қазіргі дәуірде бүкіл дүние жүзілік Лениниана жасалып жатқан таңғажайып әдеби процестің куәсі болып отырмыз.

Әлемдегі барлық халықтардың тілінде туындап, өрбіген сол ұлы эпопеяның — Лениниананың кіріспе бөлімі де, алғашқы ірі тараулары да, бүгінгі терең тамыр жайып, тармақтала түскен түрлері де алдымен біздің социалистік реализм әдебиеті қайраткерлерінің қайталанбас таланты арқылы жасалды. Совет ақын, жазушылары бұл ретте нағыз жаңашылдықтың өшпес өнегесін көрсетті, өнер мен әдебиетте ұлы Лениннің образын сомдаудың реалистік үлгілерін туғызып, дүние жүзілік әдебиеттің тарихында жаңа дәуір ашты.

Максим Горькийдің очеркі, Владимир Маяковскийдің өлеңдері мен поэмасы, Н. Погодиннің трилогиясы, А. Каплердің сценарийлері, Э. Казакевичтің повесі, бұларға жалғаса соңғы жылдары жарыққа шыққан кітаптар — А. Коптеловтың «Үлкен бастамасы», С. Виноградская мен Е. Дробинаның, З. Воскресенскаяның, С. Дангуловтың әңгіме жинақтары, А. Вознесенскийдің «Лонжюмо» поэмасы, тағы басқалары — советтік Лениниананың қорына қосылған елеулі дүниелер тізімі осылай созыла береді.

Ленин образына әсіресе соңғы кезде көбірек назар аударылып, көптеген шығарма дүниеге келіп үлгірді. Анықталған мәлімет бойынша, 1957—63 жылдардың аралығында ғана Лениннің әдеби-эстетикалық көзқарасы жөнінде 300-дей жұмыс жарияланған екен. Бұл факт бізде көркем шығармамен қатар жүріп отырған

елеулі бір эстетикалық құбылыстың жайын ыспаттайды.

Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы қарсаңында және В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу алдында совет жазушылары Ленин, оның достары мен серіктері туралы көркем шежіре жасау жұмысына қызу кірісті. Сөйтіп бес томдық «Лениниана» кітабын шығару қолға алынды. Бұл бес том революция ветерандарының өмірі мен қызметіне, Октябрь революциясына әзірлікті баяндайтын оқиғаларға, Ленинмен қызметтес болған мәдениет, ғылым қайраткерлеріне, «Планетадағы лениндік гвардияға», совет республикасы өмір сүруінің бастапқы жылдарына арналған көркем очерктерден, естеліктерден, әңгімелерден құралады.

Осының бәрі көркем әдебиетте Ленин образын неғұрлым жан-жақты, неғұрлым терең көрсету жолындағы шешуші қадамдар.

Қалың жұртшылыққа бимәлім болып, архивтерде, жарияланбаған документтерде, естеліктерде ғана сақталып келген жәйттер, оқиғалар, өзі кіші-гірім көрінсе де, үлкен жайларды аңғартып тастайтын көріністер шығармаға бірінен соң бірі кіргізілуде. Әдебиет туындыларында Лениннің ішкі жан дүниесін, психологиялық сезім күйлерін, парасат, ақыл-ой ауқымының кеңдігін көрсетуге көбірек көңіл бөлінуде. Э. Казакевичтің «Көкшіл дәптер» повесінің құнды бір жағы — замыселінің батылдығында, бұрын белгісіз болып келген жәйттерді ашып, анықтап суреттеуінде.

Ленин туралы көркем шығармалардың қатары барған сайын молайып келеді. «Знамя» журналының 1964 жылғы алтыншы номерінде көрнекті жазушы Валентин Катаевтың «Қабырғадағы кішкене темір есік» дейтін шығармасы жарияланды. «Шығармасы» деуіміздің себебі автор мұны повесть деп те, әңгіме деп те, очерк деп те атамаған. «Ленин тақырыбы ұлан-байтақ, зор тақырып, ал мына кітап тарихи очерк те, роман да емес, тіпті әңгіме де емес. Мұның өзі тебіреніс-толғаныстар, жол дәптерінің беттері, естеліктер, бәрінен дәлірегі лирикалық күнделік, оған артық емес. Бірақ кем де емес» — дейді жазушының өзі.

В. Катаевтың «Қабырғадағы кішкене темір есігін» лирикалық күнделік түрінде қалыптанған дүние дей

тұрсақ та, біз оны нағыз көркем шығарма ретінде қабылдаймыз.

Жазушы Ильичті жақсы білген А. Луначарский, Г. Кржижановский, М. Горький сияқты атақты адамдардың очерктері мен мемуарларынан ұзақ үзінділер келтіреді. Сөйтіп өткендегі оқиғаларды оқырманның есіне түсіреді де, соның бәрін өзінің көңіл көзімен көріп, қай оқиғаның қандай жағдайда болғанын әсерлі баяндайды.

В. Катаев бір кезде Ленин болған жерлерді — Парижді, Каприді аралаған, болашақ шығармасына қажетті материалдарды мұқият қарастырған. «Лирикалық күнделікті» жазып шығу үшін автор бұл айтылғандармен қанағаттанбай, ұлы көсемнің еңбектерін зор ілтифатпен қайталап оқыған.

Лениннің Парижде өткізген өмір кезеңіне арналған осынау «күнделіктің» Лонжюмодағы партия мектебі, Ленин мен Крупскаяның Лафаргтар семьясында болғаны, Пер-лашез зиратындағы қаралы жиын жайында әңгімелейтін тараулары тартымды да, татымды да.

Париж көшесінде Лениннің велосипедпен келе жатқаны, Горькиймен сөйлесіп тұрғаны, Лафаргпен әңгімелескен кезде күлімсірегені — бәр-бәрі есте қалады.

«Қабырғадағы кішкене темір есіктің» құндылығы Лениннің — жаңа тұрпатты революционердің, 1917 жылғы Октябрьде Россия халықтарының қолын бақытқа жеткізген кемеңгер көсемнің образын жасауында.

Революцияның, халықтың, партияның көсемі Владимир Ильич Ленин аса кішіпейіл адам болғаны еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін мәлім ұлы шындық.

Г. И. Петровскийдің естелігіне сүйеніп, мына бір эпизодқа көңіл аударайықшы.

1920 жылғы 5 апрельде партияның IX съезінің делегаттары Владимир Ильич Ленинге құрмет көрсетіп, оны жақында толатын елу жылдығымен құттықтады. Екі адам шығып сөйлегеннен кейін Владимир Ильич: осының өзі де әбден жетіп жатыр, енді партия, совет құрылысының маңызды мәселелері туралы кеңесейік деген. Алайда съезд делегаттары бұл ұсынысты құп алмай, өздерінің Ильичке деген асыл сезім, ыстық махаббатын білдіргілері келген.

Бір мезетте Владимир Ильич мәжіліс жүріп жатқан залдан шығып кете барған. Бұл оның бір басына ғана тән қасиет еді, ол өзін мақтап сөйлегенді ұнатпайтын.

— Председательдік ету кезегі маған тиді,— дейді әңгімесін жалғастыра келіп Г. И. Петровский,— бір уақытта мені Владимир Ильичтің телефонға шақыратынын хабарлады. Ол менен съезде не болып жатқанын сұрады. Мен оған: «Владимир Ильич Лениннің 50 жасқа толатыны туралы сөздер сөйленіп жатыр», — деп жауап қайырдым. Владимир Ильич мәжіліс басқарып отырған менен ондай сөздерді тоқтатуды қатаң талап етті, бірақ мұны орындау мүмкін емес еді.

Мұндайда «ұлық болсаң, кішік бол» деген қазақ мақалы еске түседі. Кеменгер көсемнің, ұлы адамның, Маяковский айтқандай «ең адамгершіл адамның» қарапайымдылығы, асып-таспайтындығы, мөн-менсімейтіні, жарқырап көзге түсуді сүймейтіні жөнінде талай естеліктер, мемуарлық әдебиеттер табиғи қалпымен тамылжыта баяндайды. Солардың ішінен Макс Поляновскийдің «Жұмысшы табы үшін бе? Ендеше, керек...» деген естелігіне («Литературная Россия» газеті, 1964 жылғы 6 ноябрь) сілтеме жасап өту тіпті орынды тәрізді.

М. Поляновский 1955 жылдың көктемінде Лениннің ежелгі серігі Владимир Дмитриевич Бонч-Бруевичке жолыққанын айта келіп, оның жазу столында тұрған бір фотосуреттің тарихымен таныстырады.

Ильичтің өміріне жаулар тарапынан қастандық жасалғаннан кейін, кешікпей-ақ, 1918 жылдың октябрінде түсірілген бұл фотосуреттің тарихы маған таныс болатын, — дейді Поляновский.

Сумандаған суық тілді дұшпандар Ленинді қайтыс болыпты-мыс деп, жүрген жерлеріне өсек таратқан. Міне осындай жағдайда, ауруынан жедел айығып келе жатқан Ильичті экранда көрсету керек деген ой туған. Әрине, Лениннің арнайы келіп киноға түспейтіні жақын серіктеріне бұрыннан мәлім болған. Сондықтан кино қызметкерлерімен күнілгері уәделесіп, Ильичке мұны қайткенде де байқатпау жолы қарастырылған. Келісім бойынша, кино адамдары таяудағы ашық күндердің бірінде камераларымен Кремльге келіп, қабырға тасасына жасырынып отырмақ, сөйтіп

Владимир Ильич асфальт төселген жолға шыққан кезде, оны аңдаусызда суретке түсіре қоймақ болған.

Бірақ уәделі жерге Ленинді қалай ертіп әкелу керек? Бұл міндетті Бонч-Бруевич өз мойнына алған.

Жоспар жүзеге асқан. Бонч-Бруевич Ленинді үйде отыра бергенше таза ауаға шығып, бірнеше минут тыныстауға, күздің жайма шуақ жылы күнін көріп рахаттанып қайтуға көндірген.

Владимир Ильич басына кепкасын киіп жатып:

— Бүгін күн тамаша екен. Пальто-кимей-ақ шығайын,— деген.

Сонымен екі оператор Ленинді Бонч-Бруевичпен әңгімелесіп келе жатқан қалпында суретке түсіріп алған. Бірақ көп кешікпей-ақ Ильич мұны сезіп қалып, кейістік білдірген.

— Сіздердің мені суретке түсірулеріңізге кім рұхсат етті? Маған неге ескертпедіңіздер?

— Өйтпегенде сіз суретке түсуге бармаған болар едіңіз, ал мұның өзі қажет нәрсе еді, — деп жауап қайырды Халық Комиссарлары Советінің Іс басқарушысы Бонч-Бруевич. Ленин қайтыс болыпты-мыс деген ғайбат сөздер жұмысшылардың көңілін қалай қобалжытып отырғанын ол кәдімгідей баяндап берді.

Ильич оның сөзін тыңдап алды да, келіскен пішінмен:

— Егер бұл жұмысшы табына пайдалы болса, онда қажет екен ғой,— деді.

Ленин суретке өзіп жалғыз түсіруге рұхсат етті. Кешікпей Владимир Ильичтің Кремльде сейілдеп жүргенін көрсететін шағын фильм жасалды.

В. И. Лениннің аса кішіпейілділігін документті дәлділікпен баяндайтын осынау жәйттерге толығырақ тоқталып, әдейілеп әңгімелеуіміздің толық себебі бар. Ол біздің тоба қазық етіп алған түбегейлі тақырыбымызға тікелей байланысты.

Революцияның бастапқы мезет-мезгілдерінде Ленин туралы шығарма тудыруға ресми бөгесін боларлықтай кедергі жоқ еді. Ешкім ешқашан тыйым салмаған. Олай жазбай, бұлай жазу керек деп, нұсқау бермеген. Мұндай нұсқау болады деп күтудің өзі күлкі болар еді. Алайда жеке адамды жер-көкке сыйғызбай дәріптеуді Ильичтің ұнатпайтыны, оның өз басының мейлінше қарапайымдылығы, кішіпейілділігі

әдебиет, өнер қайраткерлерін объективті жағдаймен, жаңа өмірге қадам басқан жас елде қалыптаса бастаған дәстүрмен санасуға бейімдеді.

Солай дей тұрсақ та, халық өзінің ең жақын досы, ұстазы, көсемі жөнінде талай өлең-жырлар, ертегі-әңгімелер шығарған. Оларды оқығаныңда еңбекші халықтың Ильичке деген махаббатының соншама ыстық, терең болғанын, ықлас-құрметінің өлшеусіз екенін бірден сезесін. Әсіресе, азамат соғысының от-жалынды жылдарында туған өлеңдер мен жырларда, хикаяларда революция, Ленин тақырыбы бірімен бірі біте қайнасқан күйінде өрбітіліп, жаңа дүние орнатуға жұмыла кіріскен халықтың ынта-жігері, қуанышы мен бақыты толғанады.

Көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің өткендегі шығармалық тәжірибесіне қарап отырсақ, Коммунистік партия мен халықтың ұлы көсемі Ленин туралы революцияның алғашқы жылдарында-ақ өлең жазған ақындар жалғыз орыс әдебиеті ғана емес, бауырлас әдебиеттерден де табылады.

Армянның пролетарлық поэзиясының бастаушысы большевик-ақын Акоп Акопян 1919 жылы «В. И. Ленин» өлеңін тудырған. Бас-аяғы он екі жолдан аспайтын өлеңді түгел келтірейік:

Перед его портретом я стою.  
Я всматриваюсь, глаз не отводя,  
В черты лица его — и узнаю  
Приметы гения, борца, вождя.  
Лоб выпуклый — высокая скала,  
Недосыгаемое поле битв.  
Взор пламенный — разящая стрела —  
Врагам свободы гибелью грозит.

На старый мир с усмешкой смотрит  
он,

И говорит его спокойный взор:  
«Не встать тебе с земли, ты обречен,  
Уже прочтен твой смертный  
приговор».

Лениннің бет-әлпетіне қарап, «данышпанның, күрескердің, көсемнің» белгі-нышандарын көрген ақын өлеңінің идеясын түсіндіріп жатпай-ақ, кейбір көркемдік ерекшеліктерін атап өтсек те жеткілікті шығар дейміз.

Акоп Акопянның өлеңі әрбір еңбекші адамның түсінуіне жеңіл, көңіліне тоқуына оңтайлы, мейлінше қарапайым. Армян ақыны көсемнің портретін көріп тұрып, көзіне шалынған ерекше белгілерді поэзия өрнегіне түсірген. Ол алдымен Лениннің маңдайына (биік жартасқа балауы), жанарына (жалынды жанар) көңіл аударған. Сөз иіні келгенде ескерте кетейік, Ильичтің маңдайын асқан парасаттылықтың, ақыл-ойдың, данышпандықтың, көзге көрініп тұрған аса бір сындарлы да сымбатты сипаты ретінде суреттеуді біз Егише Чаренцтың, Владимир Маяковскийдің және басқа да ондаған ақындардың поэзиясынан кездестіреміз.

Маңдайға — жарты әлем іспетті.  
Шағылып шұғыла өп-сәтте  
Жарқ етті.

(Е. Чаренц. «Ильич, мұжық және бір пар етік туралы»).

Жырым — гүлді төждей жалт-жұлт  
еткен,

Данаға  
сай болмайды-ау  
деп ойлаймын.

Нағыз дана  
данышпан  
жанға біткен,

Бүркейді-ау деп Лениннің  
кең маңдайын.

(В. Маяковский. «Владимир Ильич Ленин»).

Акопян өлеңінің және бір өзгешелігі — соншалық шағын нәрседе Лениннің еңбекші адамға деген мейрімділігін, тап жауларына деген қаталдығын қатар алып, аз сөзбен көп ой білдірген.

Әдетте, әдебиет зерттеушілері кейінгі буынның ақындары Ленин тақырыбын игеру жөнінде Владимир Маяковский орнықтырған дәстүрге сүйенеді, сол дәстүрді дамытады, тереңдетеді деген пікір айтады. Олардың әбден дұрыс пайымдалған бұл пікіріне дау айтудың қисыны жоқ. Бірақ жекелеген әдебиетшілер поэзиядағы Ленин тақырыбы дәстүрін Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасынан ғана бастайды. Міне, бұл анықтай түсуді қажетсінетін мәселе.

Маяковскийдің кемеңгер көсем жайындағы тұңғыш өлеңі «Владимир Ильич!» 1920 жылы, Лениннің жасы елуге толған шақта жазылған.

Я знаю —  
не герои  
низвергают революций лаву.  
Сказка о героях —  
Интеллигентская чушь!  
Но кто же  
удержится,  
чтоб славу  
нашему не воспеть Ильичу?

Маяковскийдің әдебиет алдында сіңірген еңбегі, біз үшін жанды дәстүрге айналған бір қасиеті — өзінің мұнан кейін жазған «Владимир Ильич Ленин» поэма-сында көтеретін негізгі бір проблемасына, атап айтқанда, Ленин және халық проблемасына осынау өлеңінде дұрыс жөнмен беттейді. Ол халықтан іргесін аулақ салатын, халықтан жоғары тұратын қаһарманды мақұлдамайды. Сондықтан да ол халықтың қалың ортасынан шыққан, халықпен біте қайнасқан Ильич сынды ардагерді ардақтамай тұра алмайтынын айтады. Өлеңін осындай ақындық тезистен бастайды.

Ноги без мозга — вздоры.  
Без мозга  
рукам нет дела.  
Металось  
во все стороны  
мира безголовое тело.  
Нас  
продавали на вырез.  
Военный вздымался вой.  
Когда  
над миром вырос  
Ленин  
огромной головой.

Лениннің дүниеге келуімен байланысты әр мәселе соншалық түсінікті, айқын бола қалады. Енді аяқ «кімнің өлігінен аттап өту» керек екенін біледі. Енді қол да «кімді өлім жаңбырымен жабатынын» түсінеді.

Маяковский өлеңіндегі: Ленин арқылы «дүние сенімін және өз сенімімді мадақтаймын» деген мағыналы ой ақырғы шумақта Россия Коммунистік партиясының даңқын көтеру сарынына ауысады:

Поэтом не быть мне бы,  
если б  
не это пел —  
в звездах пятиконечных небо  
безмерного свода РКП.

Эрине, Маяковский Ленин образын беруде нақты реалистік сипаттарды, жанды детальдарды әлі тауып үлгірген жоқ. Керек десеңіз, қоғамның екі тапқа бөлінгенін бейнелегенде, «былықтағы екі дүние» деуден аса алмайды.

Оны айтсаңыз, «Бесінші интернационал» (1922) поэмасының аяқталған бір тарауында алыс болашақ жайын баяндай келіп, Маяковский Ленин — ескерткішпен кездескенін айтады:

Ленин  
медленно  
подымает вѣщища,  
Разжимаются губ чугуны.  
Раскатываясь пустотою города гулково,  
На мрамор цоколя обрушивая вес,  
загрохотали чугунобуково  
ядра выпадающих  
пудовых словес.

Ұғымға ауыр жолдар. Оның үстіне қозғалмайтын, қимылсыз тұлға — монумент («Монумент боп тұрмын» деген сөз бар үзіндіде).

Біз Маяковскийдің Ленин жайындағы екі өлеңіне тоқталғанда, ақынның образ жасаудағы эволюциясын абайлату мақсатын алға қойдық. Жоғарыдағы мысалдардан да көріп отырмыз, ақын бірден оңай жол, оңай тәсіл (прием) таба қойған жоқ екен. Кейбір қазақ әдебиетшілері Маяковскийдің өзі туралы немесе оның поэзиямызға идеялық-творчестволық ықпалы туралы мақала жариялай қалса, оны бірден-ақ тақтайдай тегіс жолға түскен, жас кезінде жаңсақ түсініктерге бой алдырмаған ақын етіп көрсетеді. Мәселенің басқа жақтарын былай қойып, әдебиеттегі, поэзиядағы Ленин образына байланысты басылған мақалаларда Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин», «Жақсы!» поэмалары ауызға алынады да, өзге өлеңдері ескерілмейді. Бұл елеулі кемшілік.

Маяковский мұрасын зерттеуде айтарлықтай еңбек сіңіріп, қалың екі кітап шығарған белгілі әдебиет зерттеушісі — ғалым З. С. Паперный айтқан бағалы бір пікірді біз де қостаймыз. Оның түйіндеуі бойынша, «Маяковский поэзиясындағы Ленин образы революцияның, оның ақыл-ойының, адамгершілігінің ең биік бейнесі ретінде туып, дамиды. Образ жүйесінің негізгі желісі осында келіп түйіскен»<sup>1</sup>.

Ленин — революция жүрегі.

З. Паперный Маяковскийдің Ленин қатты науқас танып қалған кезде жазған «Біз сенбейміз!» (1923) өлеңінің мынадай екі жолын мысалға алады:

Вечно будет ленинское сердце  
клокотать  
у революции в груди.

Зерттеуші осындағы «вечно» (мәңгі) әдеттегі «мәңгі есте қалады» сөзімен қосақталмай, «клокотать» (революцияның кеудесінде дүрсілдеп соғу) сөзімен бас қосып тұр, сол арқылы ақын «Ленин идеяларының, Ленин ісінің өлмейтін өміршеңдігі туралы ойды ғажайып күшпен білдірген», — дейді. «Клокотать» дәл қазір болып жатқан, құлағың еститін, тынымсыз қайнап, шулап, буырқанып жатқан оқиғаны көз алдыға әкеледі. Маяковский өз ойын неғұрлым көрнекі, ақындық қуаты жағынан әлде қайда белсендірек, күштірек етіп айта алған.

Лениннің кезі тірі кезінде жазылған поэзия туындыларының ішінен біз Акоп Акопянның бір өлеңі мен Владимир Маяковскийдің үш шығармасына арнайы тоқтадық. Бұл қатарда Сәкен Сейфуллиннің «Ленин» (1923 жылғы 30 ноябрь) өлеңі аталуға тиіс. Филология ғылымының докторлары Мұхаметжан Қаратаевтың, Серік Қирабаевтың бұл «өлеңде Сәкен қазақ еңбекшілеріне тірі кезіндегі Ленинді тұңғыш рет таныстырып, балай, теңей суреттеп, бейнелей бағалайды»<sup>2</sup>, «Лениннің тірі кезінде оған арнап өлең жазған, оның тамаша образын жасауға талаптанған бірден-бір қа-

<sup>1</sup> З. Паперный. Поэтический образ у Маяковского. М., 1961, стр. 296.

<sup>2</sup> М. Қаратаев. Шеберлік шыңына. Алматы. 1963, 47-бет.

зақ ақыны — Сәкен Сейфуллин болды»<sup>3</sup> деген пікірлері дау туғызбайтын күмәнсіз шындық еді дейміз...

Сәкен өлеңінің Ленинге тікелей арналып:

Адамзаттың бақытына —  
Саты, —

деген жолмен басталуында бұрын-соңғы поэзиямызда кездеспеген бір мағына бар. Ол — көсем есімі жалпылама бақыт емес, адамзаттың бақыты деген ұғыммен қатар алынып, тығыз байланыстырылуында.

Осы өлеңде біздің назарымызды айрықша аударатын және бір жайт — соңғы екі жолы.

Жас буынға үлкен аға —  
Ол бас.  
Осылай деп бердім баға,  
Жолдас, —

деп аяқтайды ақын өлеңін. Көсемге: Жолдас Ленин деп тіл қату сол кездегі жас поэзиямыз үшін жаңалық тәрізді болатын. Бұл жаңалықтың мәнісі — «Жолдас» деген сөздің мағынасы бұрынғы қалпынан әлдеқайда кеңейтіліп, тереңдетілуінде, жаңа дүние азаматтарының, социализм адамдарының мақсат, мүдде бірлігін көрсете алатын биік мазмұнға ие болуында. Сәкен «Жолдас» сөзін өлеңіне дәл осы жаңарған мазмұнда енгізіп, ұлы көсемнің адамгершілік қасиетін, қарапайымдылығын жақсы аңғартқан. Байқалуға тұрарлық және бір деталь: ол кездегі поэзия нұсқаларында жолдың ортасында не аяғында сөзді бас әріппен жазу дағдысы жоқ еді. Соған қарамастан, Сәкен ең соңғы буында ұйқасып тұрған «Жолдас» деген сөзді бас әріппен бастап, жеке жолға қойған. Бәлкім, оны жеке жолға қоюы осы өлең шеңберінде әдеттен тыс нәрсе болмас, өйткені әр жолдың ұйқаста екі буынмен аяқталатын соңғы сөздері түгелімен жеке жолда тұр.

Өлеңнің буыны туралы бірер сөз айта кеткенді жөн көреміз. Себебі біздің қаламдас жолдастарымыздың көпшілігі-ақ қазақ өлеңіндегі он буынды өлең тіпті бертінде, қырқыншы жылдардың ішінде пайда болды десіп жүр. Мұның қисынсыздығын Сәкеннің «Ленині»

<sup>3</sup> С. Қирабаев. Сәкен Сейфуллин. Алматы, 1962, 173—174-беттер.

ыспаттайды: ол он буынды өлең. Он буын болғанда бір тармағы бес буыннан екіге жарылып тұрмай, соңғы алты буыны тұтас ұйқасатын он буын.

. . . . . бақытына — Саты.  
. . . . . уақытына — Аты.  
Алтын сәуле күннің нұры — Ол таң.  
Қара албасты түннің соры — Шолпан.

Сонан соң. Өлең *аабб* үлгісі бойынша бастан-аяқ егіз ұйқаспен жазылған.

Сәкеннің аталған өлеңіне сол тұстағы тар түсініктердің салқыны тигені, ақынның кей ретте ондай ескішідіктен бойын аулақ сала алмағаны «пайғамбар», «құран» тәрізді баламаларды сынсыз қабылдауынан байқалады. Мұндай мін-мүлтік Сәкен ғана емес, басқа ақындардың да басында болған. Мәселен, «Пролетарлық жинаққа» (1918) енген Иона Брихничевтің «В. И. Ленинге» өлеңінде мынадай шумақ бар:

Непобедимый вестник мира,  
Венчанный терном клеветы,  
Пророк, вонзивший меч в вампира,  
Свершитель огненной мечты.

Көріп отырсыздар, мұнда да «пайғамбар» жүр.

«Ленин туралы бұлай жазу оны ең қымбатынан — ісінің, характерінің, бейнесінің өмірлілігінен, адамгершілік қасиетінен айырғандық болып шығар еді, мұның аты — көсемді миллиондаған адамдардан аулақтату, оны қап-қалың суық әйнекті рамаға салып қою», — дейді З. Паперный әлгі шумақты сынай келіп (ілгеріде аталған кітабының 298-беті).

Октябрь елінің данышпан көсемі, халықтың ең аяулы перзенті, досы, қамқоры Владимир Ильич Лениннің қазасына байланысты туған өлеңдер мен поэмалар біздің көп ұлтты әдебиетімізде Ленин тақырыбын толқына, тебірене көтерудің басы, жаңа бір беті сияқтанды.

«Ленин» және «Ажал» —  
бір-біріне  
сөздер — дұшпан.

«Ленин» және «Өмір» —  
сөздер бір туысқан.

Біз емес  
егілетін.

Қайғыға  
қасара түс,

Кеуденді  
Жігер кернеп.

Ленин —  
өмір сүрді.

Ленин —  
тірі.

Ленин —  
жасай бермек.

Ленин қасымызда.  
Ол

міне.

Келеді,  
Біздермен өлер бірге.

Қайтадан  
туғандармен бір туады —

Күштей,  
білімдей,  
тудай бейне.

Маяковский өзінің «Комсомол жырында» (1924) кейін қанатты сөздерге айналған жан сезімін, жүрек лүпілін осылайша тереңнен толғады.

Ол біздің бойымыздағы жылудың бір бөлшегін өзімен бірге әкеткендей. Ол көзін жұмғандықтан Москва бес түн бойы ұйықтаған жоқ. Бұл — Вера Инбердің «Бес түн, бес күнінде» (1924) өлең тілімен айтылған ойдың қара сөзге айналдырылған түрі.

Валерий Брюсовтың «Ленин», Сергей Есениннің «Ленин» («Гуляй-поле» поэмасынан үзінді) өлеңдері де ауыр қазаға ортақтасу сезімін әр ақынның өздерінше шертуінің айғағы.

Хронология тәртібіне бақсақ, Сәкен Сейфуллин жалғыз қазақ емес, барша совет ақындарының ішінде Ленин қазасын өлеңде біріншілердің бірі болып аза тұтқан. «Хронология» деп отырғанымыз Сәкеннің «Қайғылы хабары» 22 январь күні жазылған, ал В. Брюсов өлеңінің соңында «25 январь» деген дата тұр. В. Маяковскийдің жоғарыда біз үзінді келтірген «Комсомол жырының» өзі 31 мартта жазылған.

Көсем қазасын совет ақындары бүкіл ел қайғысы деп қана қарамай, өз басының да қайғысы деп білді.

Ленин өлімінің Маяковскийге қандай әсер еткені жөнінде Николай Асеев былайша еске алады:

«Мен өз басым Владимир Владимировичтің соншама қамығып, қайғырғанын бұған дейін ешқашан да көрген емес едім. Оның жүзі күңгірт тартып кеткендей болатын. Әдетте жайдары және әсер атаулының бәріне өз сезімін дереу білдіретін ол нақ сол күндері ешкіммен тіл қатыспай қойды»<sup>4</sup>.

Дәл осындай халді Сәкен Сейфуллин де бастан кешірген. Бұл туралы сөзді Сәбит Мұқановқа береміз:

«Коммунистік партияны, Ленинді ол шексіз, адал сүйетін адам еді. Сондықтан Сәкеннің аузынан партия туралы, Ленин туралы ылғи махаббатты жылы сөздер ғана еститінбіз. Сәкен қандай ауыр жағдайда болса да, көзіне жас алмайтын кісі еді. Ал, Ленин өлді деп естігенде еңіреп жылағанын өз көзіммен көрдім»<sup>5</sup>.

Ойпырай! Жайша соққан бұ не  
хабар?!

Сәкен жанын күйзелтіп, қабырғасын қайстырған қайғылы хабарды қалың халқына естіртуді осылайша алдымен өз жүрегінің тітіреніс-тебіренісін білдіруден бастайды. Кейін, тіпті кейін, қырқыншы жылдардың аяқ шенінде сонау январьдағы ауыр қазаны еске алған Қасым Аманжолов поэма фрагменттерінің бір тарауын:

Ойпырмай! Жүгірді ғой жұрт егіле! —

деп, Сәкенше толғанып, Сәкенше бастайды.

Ол күндерде шынында да:

Аспаннан жай соққандай тән мен  
жанды,  
Егіліп кездің жасы бір-бір тамды.  
Жүрекке дәл қадалып суық найза,  
Кек қайнап көкіректі жалын  
шалды.

«Қайғылы хабардың» шоқтығын биіктетіп тұрған бір жері — ақынның кәрі тарихқа тіл қатып, мұндай ұл, мұндай ер бұрын, сірә, болып па еді? деп келетін риторикалық сұрағы, оған ақынның өзі қайырған жауабы:

<sup>4</sup> «Орыс совет әдебиеті» (оқулық). М., 1962, 151-бет.

<sup>5</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 659-бет.

Уа дүние! Болмап еді мұндай ерің,  
Мезгілсіз жұтты мұны қара жерің.  
Қол созған жалпы адамзат

бақытына,  
Жылады жетім қалып, еңбекші  
елің!

Сәкен осы тұста бұдан бір жыл бұрын жазылған «Ленин» өлеңіндегі келелі ойға — Ленин жер шарындағы бүкіл еңбекші халықтың, адамзаттың бақытына туған, сол жолда күрескен ер («Адамзаттың бақытына — Саты») деген ойға «Қайғылы хабарда» қайта оралып, Ильичтің барша халық, барша ұлтқа, нәсілге ең жақын, ең дос адам екенін айтады.

Ленин образын қазақ поэзиясында ең бір лирикалық тебіреніспен суреттеген Сәкен ол туралы 1924 жылдың өзінде-ақ «Ленин», «Ленин һәм оянып келе жатқан Күншығыс» атты мақалаларын жариялады. Өлеңдері сияқты, мақалаларында да ақын қазақ халқының, бүкіл советтік Шығыс халықтарының Ильичке деген қалтқысыз махаббатын жеткізе білді. Сәкеннің «Ленин һәм оянып келе жатқан Күншығысы» совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, азербайжан әдебиетіндегі елеулі тұлғалардың бірі Нариман Наримановтың «Ленин және Шығыс» (1924) деген мақаласымен бағыттас, өрістес келеді.

Сәбит Мұқановтың Ленин жайындағы алғашқы өлеңдерінің бірінде Ленин — күн, Ленин — әлем, Ленин — шалқыған теңіз деген сияқты балаулар бар.

Ленинді көкте жүзген күн деу керек,  
Ленин күлді, сен-дағы күл деу

керек,  
Бар әлемді жарық қып, көзін ашты,  
Сен-дағы жарқырауды біл деу

керек, —

дейді ақын. Өлеңдегі күн образының айрықша мәні мынада: Ленинді күнге балау арқылы Сәбит еңбекші халық енді күн нұрына қарай ұмтылып, жарқын да жайдары өмір орнатуға қолма-қол араласуға тиіс деген пікір айтады.

Өзге республикалардың ақындары сияқты қазақ ақындары да жиырмасыншы жылдардағы өлеңдерінде Лениннің халық көсемі, халық досы, халық қамқоры екенін, оның тарих пен ел алдындағы өлшеусіз зор

еңбегін қалың бұқараға, еңбекші кедейлерге поэзия өрнегі арқылы түсіндіру міндетін атқарады. Олар жұртшылыққа түсінікті тілмен, қарапайым, бірақ көркем сөзбен қазақ халқының ұлы көсемге деген махаббатын, революция ісіне шын берілгендігін толғайды. Лениннің қайтыс болуымен байланысты жазылған өлеңдерде бүкіл ел қайғысы шынайы сезіммен жырланады. Бұл жүйелі өлеңдердің көзге түсер бір ерекшелігі — Ленин ісінің жасай беретіндігін, «Оның қайраты мен ақыл-ойының мұрагерлері тірі» (Горький) екенін айта білгенінде. Бұл тұстағы өлеңдерге құламайтын Қызыл ту образының енгізілуінде аса терең мән бар. Сәкен Сейфуллин өлеңіндегі:

Лениннің тігіп кеткен қызыл туын  
Ешбір жау құлата алмас біздің  
қолдан! —

деп келетін сенім анығында халық сенімін бейнелейді.  
Ал Бейімбет Майлиннің:

Құр жылама, салып кеткен  
жолымен  
Мәңгі жылдар ту көтеріп жүрелік! —

дейтіні еңбекші бұқараны қайратқа, қажырлы іске шақыратын жігерлі жолдар.

Ақындар Ленин есімін зор құрметпен атап, оны «өмірде өлмес адам» (Ілияс Жансүгіров), «бүтін коммунистер жүрегі» (Иса Байзақов), «кедей елдің қамқоры» (Шолпан Иманбаева), «кетсе де өзі, кетпес үні кеудеден» (Сәбит Дөнентаев) деп сипаттайды.

Қазақ ақындарының көсем қазасымен байланысты өлең, жырларында ауыз әдебиетінің жоқтау, естірту сияқты түрлерінің белгі беруі ол тұста әбден орынды сияқты еді.

Халық әдебиетінде ерді жоқтағанда «қанатынан қайрылып», «қабырғасы сөгіліп» деп келетін сөз тіркестері, мәселен, Бейімбеттің «Құр жылама» өлеңінде кездеседі:

Жыла, еңбекші, көсеміңнен  
айрылдың,  
Құрыш болат қанатыңнан  
қайрылдың

«Мен» дегеннің қабырғасы сөгіліп,  
Мөлт-мөлт етіп көзден аққан жас  
қандай.

Шолпан Иманбаеваның өлеңі «Естірту» деп аталады. Бұрынғы жоқтау, естірту өлеңдерінде қайтыс болған адам жөнінде «сұңқарым», «тұлпарым» деп келетін метафора (немесе теңеу) Шолпан өлеңінде мағынасы кеңейтіліп, бүкілхалықтық сипат алады:

Халықтың басшы сұңқары,  
Жігерлі, күшті тұлпары.  
Жолбасшысы кеңестің —  
Өтті Ленин дүниеден.

«Естіртудің» әр шумағының соңғы жолында «Өтті Ленин дүниеден» сөзі ылғи қайталанып отырады.

Жоқтау жырына ұқсаңқырайтын өлеңдердің бірін Әріп Тәңірбергенов шығарған. «Тор қасқасын борбайлап, ойбай салып, көзінен ағыл-тегіл сорасы ағып» қайтқан шал да, оның кемпірі де, көрші-көлемі де Ленинді жоқтап, оның қазақ халқына да көрсеткен жақсылығын айтады.

Әріптің өлеңінде сәтсіз жолдар да жоқ емес («...теңелді бай мен кедей»).

Торғайлық ақын Әбіқай Нұртазиннің өлеңі көркемдік қуаты, сөз өрнегі жағынан күшті шыққан дүние:

Айрылып данасынан ер жылады-ау,  
Айрылып баласынан ел жылады-ау.  
Ақ түтек боран ұйтқып, бебеу  
қағып,  
Далада аза тұтып жел жылады-ау.  
Кембе деп асылыңды қойыныма,  
Қайғыны көтере алмай жер  
жылады-ау.

Әсіресе соңғы екі жолда салмақты ой айтылған.

Ауыз әдебиеті нұсқаларында ер өлімімен байланысты айтылатын өсиет ұғымы да Ленин туралы жырларда бұрынғы мағынасын жаңартқан қалпында беріледі. Тағы да Бейімбет өлеңіне үңілсек, мынадай бір сөздерді оқимыз:

Жыла, қайғыр, өсиетін орында,  
Ол кетсе де, қалдың сендер  
соңында.

Ант ішіндер жас қабырын

кұшақтап,  
Жүреміз деп сенің салған жолыңда.

Қазақ ақындарының Ленин туралы сол күндерде жарық көрген өлеңдерінде бой көрсететін ерекшеліктердің бірі — жоқтау, естірту үстінде Ленинді, оның жұмысшы табы, еңбекші шаруа, бүкіл адамзат алдындағы баға жетпес асқан еңбегін халық бұқарасына кеңінен таныстыру міндетін қоса орындайды. Бұл — барлық өлең-жырға ортақ қасиет.

Қаралы күндерде туған қайғылы жырларда оптимистік сарын негізгі құлақ күйге айналады. Иса Байзақов айтқандай:

Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,  
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ.  
Ленин — бүтін коммунистер жүрегі,  
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ.

Жер жүзінде коммунизм орнығар,  
Жаңа дүние жасарлық-ақ орны бар.

Поэзиядағы Ленин образын қарастырғанымызда біз әзірше лирика төңірегін ғана әңгімелеп, әсіресе қазақ ақындарының өлең-жырларына тоқтадық. Онда да мерзім жағынан онша ұзап шықпай, жиырмасыншы жылдардың алғашқы жартысында жарық көрген шығармаларға ғана зер салдық.

Әдетте, республика ақындарының Ленин туралы өлеңдері топталған жинаққа 1924 жылдан бергі дәуірде жазылған шығармалар енгізіліп жүр. Алайда, бұған қарап, қазақ халқының ақын жанды ұл, қыздары кемеңгер қөсемнің есімін өлеңде тек 1924 жылдың бержағында ғана атай бастаған екен деуге болмайды. Ленин образы қазақ еңбекшілерінің санасына бұдан ертеректе енгені анық. Күмән болмасқа тиіс, Октябрь күндерінде, азамат соғысының от-жалынды жылдарында Ленин туралы талай өлеңдер, жырлар туған. Амал нешік, бұлар жазылып, түгел сақталмаған. Бірақ, кейбір деректер де жоқ емес.

Мәселен, Батыс Қазақстанда, Орда қаласында 1917 жылы құрылған революциялық комитеттің мүшесі, кейін қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің комиссары болған ақын Бисен Жәнекешев сол кездің өзінде-

ақ Октябрьді, Ленинді мадақтаған өлең шығарған.  
Сол өлеңде мынадай бір шумақ бар:

Жарқырап күн мен айың туды оңыңнан,  
Түсірме теңдік туын өз қолыңнан.  
Бастады Ленин баба бақ шыңына,  
Бас қосып, бірің қалмай ер соңынан! —

дейді жас ақын.

Бисеннің 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газетінде жарияланған өлеңі азамат соғысының қаһарлы күндерінде жазылған. Ақын полк жауынгерлерін майданда тайсалмай батыл болуға, Ленин туының астына берік топтануға, Октябрь революциясының жеңістерін қорғап қалуға шақырады:

Уа, халық! Күнің туды саптаныңдар,  
Сап түзеп, жауға қарсы аттаныңдар!  
Арманға көптен күткен қол жеткізген  
Лениннің туы астына топтаныңдар!

Ленин тақырыбы, Ленин образы қазақ халқының советтік дәуірдегі әдебиеті үшін алғашында мүлде соны тақырып, тың образ болғаны бұл күнде әрбір қара танытын адамға айдан анық қағида. Октябрьді, жаңа дүние орнату күресіндегі халықты, сол күресті басқарған Коммунистік партияны, Ленинді жырлау қазақ әдебиетіне революцияшыл мазмұн, идеялық жаңа өріс, социалистік серпін әкелді. Қазақ совет ақындарының көсем жайындағы өлеңдерінің негізгі ой-ұйтқысы мен арқауы: Ленин мен халық, Ленин мен партия, Ленин мен коммунизм деген бірімен-бірі тығыз байланысты үш ұғымға тіреледі деуге болады. Ақындардың өлеңдері түрліше аталып, түрлі стиль, өрнекте жазыла тұрса да, Ленин тақырыбы арқылы бірімен-бірі үндесе, тұтаса, сан тараулы өлеңді роман тәрізденіп тұрады.

Қазақ ақындарының Ленин туралы өлеңдерінің негізгі сипаттарына тоқталатын болсақ, алдымен, бұл сипаттың қашан да бірқалыпты болмай, социалистік құрылыстың әр дәуірінде өзгеріп, өсіп отырғанын айту қажет.

Екіншіден, Ленин образын суреттеу поэзиямызда халық пен партияның көсемін, ел ерін көрсетуде үне-

мі биік мұраттарға, жарқын мақсаттарға ұмтылдырып отырды.

Үшіншіден, қазақ әдебиетіндегі Ленин тақырыбында жылдар озған сайын реалистік дәстүрлер молая, нығая түсті.

Төртіншіден, саяси поэзиямызға Октябрьді, Коммунистік партияны, Ленинді жырлау арқылы енген әлеуметтік терминология, саяси лексика, жаңа сөз тізбектері эстетикалық фактіге айналды.

Ұлт әдебиеттерінде Ленин образын жасау жолы ұлттық дәстүрге сүйене тұрса да, сонымен бірге жаңа бір сипаттар тебіндеп, өркен жая бастағанын көреміз. Ленин тақырыбы поэзияда ұлттық шеңберді кеңейтіп, интернационалдық белгілердің бекіне беруіне кең жол ашты.

Енді Ленин жайындағы поэмалар туралы сөз қозғау қажет. Біз осы арада оқиғасы, образы, сөз кестесі, жалпы идеялық-эстетикалық, көркемдік бітімі өзінше қалыптанған, бір-біріне ұқсамайтын поэмаларға назар аударсақ дейміз. Бұл бізге поэзияның үлкен формасында — поэмаларда Ленин образының қалай суреттелгенін білу үшін керек. Олар: Владимир Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин», Ғади Тақташтың «Ғасырлар мен минуттар», Егінше Чаренцтің «Владимир Ильич, мұжық және бір пар етік», «Ленин бабай» поэмалары, бір жылдың — 1924 жылдың жемістері.

Бұл поэмаларды қатар атасақ та, әрқайсысына жеке сипаттама беруді жөн көреміз. Өйткені кейбір әдебиетшілер шығарманың жазылған мезгілін, әсіресе замыселін ескермей, кейде тіпті мәселенің байыбына бармай жатып, шолақ қорытынды жасай салады. Мәселен, ұлт әдебиетшілерінің бірі Тақташ өз поэмасын Маяковскийдің тікелей әсерімен тудырған дегенді айтқан. Анығында татар ақыны «Ғасырлар мен минуттарды» 1924 жылғы февральдің аяқ кезінде жазып бітірген. Ал Маяковский болса, «Владимир Ильич Ленинді» аяқтасымен 1924 жылғы 21 октябрьде РКП(б) Москва комитетінің Қызыл залында астана партия активіне оқып берген.

Маяковский поэмасы — социалистік реализм әдебиетінің классикасы, советтік Лениниананың биік шыңы. Ол осы шығармасы және «Жақсы!» поэмасы арқылы совет әдебиетінде Ленин образын жасауда айта

қалғандай, жаңалық ашып, бұл жаңалығы тозбайтын, өшпейтін, жанды дәстүрге айналды. Петро Глебканың «Ерлігі», Сәкен Сейфуллиннің «Альбатросы», Расул Рзаның «Ленині» және ондаған ақындардың Ленин жайындағы поэмалары Октябрь отанының ұлы ақыны тудырған тамаша шығарманың дәстүріне сүйенудің, оны ілгері дамытудың жанды айқын айғағы.

Маяковскийдің, Тақташтың, Чаренцтің бір мезгілде жазылған, бірін-бірі қайталамайтын поэмаларының ортақ сипаттары барын алдымен атау қажет. Үш ақын да Лениннің ең адамгершіл адам екенін, оның гуманизмін, халықпен туыстығын, халықтың ең қадірлі, ең аяулы, ең бауырмал досы екенін көрсетеді.

Орыс, татар, армян ақындарының поэмаларынан Лениннің барлық ұлт еңбекшілеріне бірдей қымбат, жаңа тұрпатты ұлы қайраткер екені айқын аңғарылды. Маяковский айтқандай:

Біріндеп  
көтерілді ел  
толқынданып,  
Нұсқады  
Ильич қолы  
турасына:  
Ақ,  
қара,  
түсті сары  
түрлі халық  
Сап құрды  
Коминтерн  
туы астында.

Египше Чаренцтің Ленин жайындағы үш поэмасы үш түрлі оқиғаға құрылған.

Жас совет мемлекеті шет ел интервенттерінің анталаған атакасына тойтарыс беріп жатқан кез. Майдандардан жолданған хабарлар тұс-тұстан ағылып келіп, «Ильичтің отты миына» құйылып жатыр.

Ильич отыр столында:  
Оқып,  
Жазып,  
Бұйырып іс бабында.  
Ойлары —  
Жауларды жайратқан  
Жұдырық  
Секілді сан батпан.  
Қабағын тас түйді,

Бәрін — біледі,  
Бәрін — көреді,  
Бәрін — естиді!

Дұшпанды талқандап, еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалу керек. Ол үшін Қызыл Армияны жасақтау, қаруландыру, жұмысшы, шаруаны тәрбиелеу, егіске тұқым дәнді табу қажет. «Кітап та керек, журнал да керек, жұмысшы елі үшін профессорларды мәпелеп, қолдау да керек».

Керек!.. Керек!.. Керек!..

Осындай ойлардың үстінде отырған Ильич алғы бөлмедегі көмекшінің біреуге ренжіген дауысын естиді. Ленин есікке келсе, аржағында «өзінің жүн-жүн кеудесін жұдырығымен ұрып» тұрған бір мұжықты көзі шалады. Көсем шаруам бар деп өтініш айтқан мұжықты қабылдайды. Ақын бұл екеуінің арасында болған әңгімені өте шебер қиыстырылған диалог арқылы береді:

- Ей, тамыр,  
Бұл не дабыр?  
Не үшін келдің?  
Қайдан жүрсің?
- Сибирьден келдім,  
Делегат едім!  
Шыққанмын елден бес ай бұрын,  
Қызыл Армияда ұлым.
- Бар ма еді жерің?
- Бар ғой ол, алғам.
- Енді не шаруаң?
- Жоқ еді шалғым,  
Оны да алдым.
- Бар еді тағы шамалы бір іс...  
Күлімдеп...  
Қызыға тыңдайды Ильич.  
Қайран, мұжық!  
Сөйлесіп көр, айт өзің, —  
Бір пар етік керек дейді, қайтесін,

Басқаға барса бермеген соң, ешкім көмекке келмеген соң әлгі мұжық Ильичтен кеңес сұрай келіпті.

Ленин осыны ұсынушы азаматқа етік берілсін деп, қағаз жазады да, мұжықтың қолына ұстатады. Шаттыққа кенелген мұжық қағазды алысымен жүгіре жөнеледі.

Чаренц поэмасының сюжет желісі осындай. Бірақ ол шығармасын мұнымен тамамдамайды. Үшінші та-



Африканецлар табыл елап үбө.  
Ул менә шунда ята.  
Нинди тыныч,  
Бәш очында дуслары сакта тора<sup>6</sup>.

Тақташ ел басына түскен қайғыны, халықтардың Ленинге деген махаббатын, Ленин ісінің мәңгі жасайтынына қалтқысыз сенетінін ақындық тереңдікпен, шеберлікпен суреттейді. Маяковский сияқты, Тақташ та лениндік шақыруды шалқи жырлайды.

Ленинді халықтан, өзі негізін қалап, баулып өсірген Коммунистік партиядан бөліп алуға болмайтынын «Ғасырлар мен минуттардың» авторы негізгі нысана етіп алады.

Тақташ поэмасының ерекшелігі жөнінде татар ғалымы, сыншысы, филология ғылымының кандидаты Хасан Хайри «Ұлы көсем образы» деген мақаласында былай дейді:

«Ғасырлар мен минуттар» поэмасында лирикалық және эпикалық элементтер өрімдей өріліп, қиысқан. Әуелі ақын лирикалық кіріспе жасап, тарихи фонды суреттейді. Ақын өткен өмір, келешек заман туралы ойланады, тарихтың алыс ғасырларына көз жібереді; еңбекші халықтың күресін, ескінің күйретіліп, жаңаның туып жатқанын көрсетеді»<sup>7</sup>.

«Ол өлген жоқ» деген идеяны білдіру үшін Тақташ шығармасын биікке көтерілген Қызыл ту образымен аяқтайды:

Ул үлмәде.  
Жир шары өстенде Ленин  
Шәуләсе көн-төн йери  
Уң кулында канлы байрақ,  
— Сул белән,  
Куркыныч елларны алга естери.  
Ул қояш нуры кебек нурлар сибеп,  
Төрмәләр, подвал, заводларга керә,  
Я коточкыч байрагын тотқан килеш,  
Ул кинәт килеп чыга зур  
Парламентлар өстенә!<sup>8</sup>.

<sup>6</sup> Ғ. Тақташ. Таңдамалы шығармалар. Қазан, 1952, 44-бет.

<sup>7</sup> Хасан Хайри. Татар совет әдебиетіндегі социалистік реализм мәселелері. Қазан, 1960, 120-бет.

<sup>8</sup> Ғ. Тақташ. Таңдамалы шығармалар. Қазан, 1952, 46-бет.

Татар ақынының осынау жолдарын оқып отырғанда Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасының ең соңғы шумақтары құдіретті қуатымен есіңе сап ете түседі:

Үстінен трубалардың  
Алқапты алған,  
Ұстаған миллион қолдар  
бір діңгекті.  
Ғажайып  
туын тігіп  
Көгерген  
Кызыл алаң,  
керемет күш  
орап көкті.  
Бүктеулі  
ер қыртысынан  
осы тудың.  
Тағы  
ұрандап  
тұр нұсқап  
тірі Ленин:  
— Пролетар,  
соңғы айқасқа  
шық, сап құрып!  
Құлдар,  
жаз  
тізе мен бел бүгілгенін!  
Пролетар армиясы  
тұр сап құрыш!  
Жасасын революция  
шаттық құшқан!  
Бұл —  
нағыз бірден-бір зор  
ұлы соғыс,  
Ежелден  
тарих білген  
бар соғыстан.

Бұл секілді ортақ ойдың тамыр-төркіні Ленин ісінің, Ленин ілімінің ұлы қуатында, өміршеңдігінде, мәңгі-бақи жасай беретіндігінде жатыр.

Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасының жаңашылдық сипаттары қандай? Әдебиетте Ильич образы туралы сөз бола қалса, алдымен Маяковский поэмасын ауызға алатынымыздың сыры неде? Оның өз кезінде ғана емес, қазірде де ең жаңашыл, ең осы заманғы шығарма болып отыруының се-

бебі қалай? Маяковский орнықтырған революцияшыл дәстүрдің басты-басты белгілері қайсы?

Жазылғанына төрт он жылдан асып бара жатса да, Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасы бізге, бүгінгі совет адамдарына, өзінің нағыз халықтық қасиетімен, өмірдің лениндік нормаларын, лениндік моральдің қағидаларын мадақтауымен, орнықтыруымен қымбат. Әсіресе, XX съезден кейінгі дәуірде партия өмірінің лениндік нормалары қалпына келтіріліп, елімізде Ленин рухы, Ленин адамгершілігінің жылы лебі аса күшті сезіліп тұрған заманда ұлы көсем жайындағы атақты шығарманың маңызы арта түсіп отыр. Маяковский поэмасының жаңашылдық сипаты, ол жасаған дәстүрдің көркемдік байлығы мен қуаты, өміршеңдігі, міне, осында деп білеміз.

Сөздің кең мағынасындағы Маяковский дәстүрінің ендігі бір мәні — тарихи өресі мен өрісінің байтақтығында, Ленин образының кең құлаштылығында (масштабность), Лениннің адамгершілік, ұлылық қасиетін, оның халықпен, партиямен ажырамас байланысын ақынның айта қалғандай көрікті ой, көркем тілмен суреттей білуінде.

«Владимир Ильич Ленин» поэмасында кейінгі ақындарға үлгі болатын келелі бір дәстүр — мұндағы образдар мен ойлар дүниесі біртұтас, сезім мен ой, «мен» және «біз», лирикалық және эпикалық сипат — белгілер біте қайнасқан, бірінен бірін айырып қарау мүмкін емес.

Дәстүр ретінде біз қабылдауға тиіс өнегенің және бірі — ақын өзі өмір сүрген уақыт туралы сол уақыттың ырғағымен, үнімен, тілімен сөйлей білді, бұрынсоңды ешбір ақын жасап көрмеген образдар жүйесін, жаңа сөз өрнегін жасады. Оның әсірелеулері, қаншама көтеріңкі бола тұрса да, шындыққа сыйымды, көңілге қонымды келеді.

Маяковский «Владимир Ильич Ленин» поэмасын жазып шыққаннан кейін: «Мен бұл поэмадан қатты қорықтым, өйткені саясатты әшейін қайталап айтуға дейін төмендеп кету оңай еді» деген екен.

Ақын Ленин туралы поэма жазуды 1924 жылдан бұрын-ақ ниет еткен. Аса бай тарихи материалдарды қарастырған, Маркстің, Лениннің еңбектерін оқыған, ондаған адамдармен сөйлескен, көптеген естеліктер

мен күнделіктерді, хаттарды екшеген. Сөйтіп ол адам баласы қоғамының даму барысына, жұмысшы табының революциялық қозғалысына, партияның күрес жолына әбден қанық адам болып алған. Маяковский көсем туралы ірі шығарма жазуға осылай әзірленген. Соның арқасында ол «Владимир Ильич Ленин» поэмасын бас-аяғы тоғыз айға толар-толмас уақыттың ішінде аяқтаған.

Маяковский поэмасын өзі атқаруға тиісті суреткерлік міндеттің аса жауапты, аса маңызды екенін баяндаудан бастайды, Ленин туралы шығарма жазудың оңай еместігін мойындайды:

Өзімді  
Ленин нұрымен  
мен тазартам,  
Жүзуге  
революцияға  
алға қарай,  
Күңгірттетіп  
алмағай  
деп қорқамын.  
Лениндік  
кішіпейіл  
қасиетті.  
Құр жел сөзбен  
кірлер деп  
дана реңін,  
Мен қорғаймын  
көзімнің қарасындай.  
Үнін қосты жүрегім,  
міндеттімін —  
Хақым да бар  
жазуға  
дәл осылай.

Ақын Ленинге деген ел құрметінің терең сырын ұғынбақ болып, оның революцияшыл халық алдында сіңірген еңбегін бейнелеу ниетін көздейді. Өзіне өзі сұрақ қоя келіп, оған лайық сөзді қайдан табамын деп толғанады.

Не жасады ол?  
кім еді ол,  
қайдан келген?  
Неге сонша  
жұрт оны  
құрмет тұтты?

Маржан сөздің  
                     төксем де  
                                     мен талайын,  
 Біреуін де  
                     дей алман —  
                                     оған лайық,  
 Неткен кедей  
                     әлемде  
                                     сөз сарайы!  
 Данаға сай  
                     Сөзді алам  
                                     қайдан тауып?

Үш бөлімді поэманың орталық тұлғасы — Ленин. Дүние жүзіндегі, Россиядағы революциялық қозғалыстың ең маңызды кезеңдері көсем тақырыбымен тікелей байланыстырылады.

Пролетариаттың үстем тапқа наразылығы, революциялық санасының оянуы, жұмысшылардың күреске аттанған алғашқы адымы бірінші бөлімде ақынның тарихи жағдайды нақты суреттеуі арқылы елестейді. Маяковский жұмысшы табы есейіп келе жатқанын, Европада коммунизм елесі кезіп жүргенін айта келіп, Ленин сынды данышпанның дүниеге келуі тарихи заңды, халық үмітіне сай екенін аңғартады.

Коммунизм  
                     елесі  
                                     Европаны  
 Кезіп бұрын  
                     қиырдан сәулеленген,  
 Жоқ боп кетіп,  
                     жарқ етіп  
                                     қайта келген...  
 Осының барлығының есебінен,  
 Алыста  
                     Симбирск өңірінен  
 Туды бір  
                     қарапайым бала  
                                     Ленин.

Орыс пролетариатының революциялық күресі дүние жүзілік революциялық қозғалыстың жаңа кезеңі екені мәлім. Маяковский осынау шындықты шынайы шеберлікпен көрсетеді. «Жұмысшы табын азат ету күресінің одағынан» бастап Ұлы Октябрьге дейінгі дәуір, Лениннің бұл дәуірдегі революциялық қызметі поэманың негізгі мазмұнын белгілейді. «Кешегі төртеу бүгін төрт жүз болып» әлем еңбекшілеріне дабыл қақ-

қан, «Ленинге езілген тап иек сүйеген» кезең бізге тарихтан таныс болса, Маяковский поэмасында ол бейнелі суретке айналған. «Россия завод сап өсті айбарлы, қала ер жетті түтіннен сақал қаулап». Әсіресе Октябрьге әзірлік, Лениннің революцияға басшылығы өте әсерлі суреттеледі.

Ол —  
басына сиғызды  
ойлап берін,  
Жүздеген  
Губерния атырабын  
Жайлаған адамдарын  
миллиард жарым.  
Ол өлшейтін  
бір түнде  
жердің шарын.

Ленин — революция кемесінің көреген капитаны, ол дауылдарда кемеңіз барар жолын дұрыс бағдарлап, дәлме-дәл нұсқайды, тайсалмай алға бастайды.

1924 жылғы қаралы январь, адам баласының жүрегін жаралаған азалы күндер жайында талай ақын толғанып, халық қайғысының зілдей ауыр жүгін арқаласқан. Бұл қазаға өлең арнағандар Маяковскийге дейін де болған. Тіпті Маяковскийдің өзі де белгілі «Комсомол жырын» жариялаған.

Бірақ Лениннің қайтыс болуына байланысты туған өлең, жырлардың, поэмалардың ішінде дәл Маяковский поэмасындағыдай (үшінші бөлім) аса күшті эмоциялық сезіммен, психологиялық терең тебіреніспен үздік шыққаны, поэзиялық ескерткіш ретінде орнап қалғаны кемде-кем деуге болады.

Станок басындағы жұмысшының  
Миына жетіп хабар —  
атқан оқтай,  
Тамшысы стакандап көз жасының,  
Құйылды құралына тас бұлақтай.  
Талайды көрген мұжық дүниеден,  
Таймаған өлімнен де көзі тіптен,  
Сырт беріп жұбайына түр көрінген

Белгісі  
                     айғыз қолмен жасын сүрткен.  
 Адамдар енді берік  
                                     шақпақ тастай,  
 Сонда да  
                     еркін тістеп  
                                     тұрды бұлар.  
 Балалар салмақтанып  
                                     болды қарттай,  
 Балаша төкті  
                                     жасын кәриялар.

«Революцияның ұлы мен әкесінің» табытын әкеле жатқан кез де, сондағы көше кескіні де поэмада мейлінше әсерлі бейнеленген.

Маяковский бүкіл халықпен, жұмысшы табымен бірге екенін лирикалық тебіреніс арқылы бұл тұста да білдіріп, өзін сол «күштің бөлшегімін» деп отырады («Бір тамшы көз жасы да бірге тамған»).

Поэмада Ленинді ақырғы сапарға шығарып салу суреті «лениндік шақыру» ұранына ұласады. Жұмысшылардың Коммунистік партия қатарына жаппай кіріп жатқанын айта келіп, ақын: «ұйымдастырғыш — коммунист болды мықты, тіпті, өзі де Ильичтің өлімінің» дейді. Сөйтіп поэманың әуені өзгеріп сала береді: манадан бергі қаралы күйдің орнын асқақ күй басады; қара бояу енді қызыл бояуға ауысады (Қызыл алаңдағы Қызыл ту образы).

Маяковскийдің поэмасындағы негізгі проблемалардың бірі — Ленин мен халық десек, ақын бұл проблеманы дұрыс шешті.

Әңгіме мынада: ол кезде кейбір ақындар Ленинді бұқарадан биік, еңбекші халықтан жоғары тұратын адам етіп көрсетіп жүрді. Мұның өзі ұлы көсемнің ақиқат образын бұрмалаумен барабар еді, өйткені ол шындықтан тысқары, ойдан шығарылған бірдеңе болатын. Маяковский поэмасымен, міне, осындай сыңар-жақтыққа, жаңсақ пікірлерге үзілді-кесілді қарсы шықты.

Сондай-ақ,  
                     дерміз бе біз  
                                     ұлы Ленин:  
 «Көсем болды  
                     төңірінің мейірімінен?»  
 Болса ұқсас  
                                     ол патшаға,

я төңірге,  
Мен төзе алмай  
ызаға бой кернеген,  
Құрмет етіп  
тойлаған  
топ-топ елге  
Қарсы болып  
шығар ем  
бір бүйірден.

Сөйтіп Маяковский көсем жайындағы идеалистік ұғымдарды жолынан ысырып тастайды, өйткені ол Ленинді ондай аршынмен өлшеуге болмайтынын біледі. Сондықтан ақын Ильичті ең адамгершіл адам, нағыз жер адамы етіп көрсетеді.

Аумаған сіз бен  
менен  
оның түрі,  
Тек қана  
тереңірек  
бізден гөрі.  
Тұңғық  
қабағында  
ойдың ізі,  
Күлдіргі,  
бізден қатаң  
лебізге ерні.  
Жолдасына ол  
мейрімді  
марқабатты,  
Дұшпанына  
темірден бетер  
қатты.  
Біз білетін  
білді ол да  
осалдықты,  
Сырқатпен де  
алысты  
біз сияқты.

Маяковский халық тарихты жасаушы, тарихтың қозғаушы күш екенін жақсы түсінген. Оның баяндауында Лениннің күші — халыққа арқа сүйеуінде, халықтан үйренуінде және халықты үйретуінде.

Ленин жұмысшы табымен бірге өскен, оның күресіне басшылық еткен данышпан.

Ленинге  
           езілген тап  
                   сүйеп иегін,  
 Алды  
           тек  
                   сонан ғана  
                           сөуле лебін.  
 Халықтың  
           ой, күшімен  
                           бөлеп өзін,  
 Құрыштай  
           таппен бірге  
                           өсті Ленин.

Поэмадағы Ильич — халықтың мұң-мұқтажын, үміт-тілегін, тұрмыс-тіршілігін өзінің бес саусағындай білетін аса мейірбанды, бауырмал, үлкен жүректі адам. Майдандағы солдат, заводтағы жұмысшы, ауылдағы шаруа, революцияға әділ қызмет ететін оқымысты — бәрі де Лениннің назарынан тыс қалмайды.

Жеке адамды дәріштеуді мақұл көрмей, халықпен біте қайнасқан қарапайым адамның — көсемнің образын сомдаған Маяковский мәселенің екінші жағын да естен шығармайды. Ол Ленинді оқиғалардың барысын ғылыми көрегендікпен болжай білетін, асқан дана, аса көрнекті қайраткер, кемеңгер көсем ретінде көрсетеді.

Ол дағы жер перзенті  
                           жаны күлген.  
 Емес тек шалымы жоқ  
                           кейбіреудей  
 Шалғайды  
           шола алмайтын  
                           көзбен танып,  
 Жер шарын  
           құшағына ол  
                           алып бірден —  
 Дүниені көрді  
                           жатқан мезгіл жауып.

«Владимир Ильич Ленин» поэмасындағы келелі бір проблема — Ленин мен партияның бірлігін көрсету. Маяковский мұны да дұрыс баяндап, совет поэзиясында жаңашылдықтың үлгісін танытты. Социалистік реализм әдебиетінің Маяковский орнықтырған, басқа ақын, жазушылар ілгері дамытқан игі дәстүрінің бірі — Ленин мен партияның ажырағысыз бірлігін суреткерлік шеберлікпен көрсету болатын.

Маяковскийдің партия мен Ленин жайындағы атақты өлең шумағын осы арада келтіріп өтпеу мүмкін емес тәрізді.

Партия мен Ленин бір  
туған егіз,  
Тарих — ана кімді онан  
артық көрген?  
Ленин десек —  
партия  
дегеніміз,  
Партия десек —  
жүректе  
тұрады Ленин.

Ал, партияның өзі туралы ұлы ақын туғызған ұранды шумақтар ше? Поэманың қағидаға, цитатаға айналып кеткен бұл жолдарын қалың жұртшылық әлдеқашан-ақ көңіліне ұялатып, кеудесіне тоқып алған. Маяковскийдің Коммунистік партияны сипаттаған сөздері басмақалалардан, баяндамалардан түспейді.

Партия —  
жұмысшы тап  
құрыш белі,  
Партия —  
біздің істің  
өшпес нұры.  
Партия —  
ең бірінші  
сенімді күш,  
Алдамай,  
еш уақытта  
сатпайд мені.  
Таптың миы,  
тап ісі,  
таптың күші,  
Таптың даңқы —  
міне осы партиямыз.

Маяковский поэмасында әлеуметтік-саяси терминологияны кең қолданған, кей ретте Лениннің өз сөздерін, ол сүйген әннің сөзін, жекелеген халық өлеңін енгізіп отырған.

«Владимир Ильич Ленин» поэмасында тарихи-революциялық оқиғаларды эпикалық негізде өрістетудің өзі ақынның осы оқиғаларға қалай қарайтынын

айқындайтын лирикалық толғаныстарымен тоғысып жатады. Маяковский селқос баяндауды білмеген ақын. Ақынның идеялық позициясы, поэзиядағы кредосы, нені сүйетіні, неден жиренетіні — бәрі де Маяковскийге тән құштарлықпен, оттылықпен, өткірлікпен, өрлікпен берілген. Бұ да Маяковский дәстүрі дейтін кең ұғымнан тыс қалмайтын жәйттің бірі.

«Владимир Ильич Лениннен» кейін Маяковский осынау келелі тақырыпқа бірнеше өлең арнайды: «Ленин бізбен бірге» (1927), «Ленин жолдаспен әңгіме» (1929), «Лениншілдер» (1930) және «Жақсы!» (1927) поэмасының тараулары.

Бұл шығармалар Маяковский творчествосында Ленин тақырыбының өрістеп, тереңдеп, ұлғая түскендігін танытты. Ақын «Ленин жолдаспен әңгімесінде» Ленинсіз өткен жылдарда совет елінде жүргізілген ірі шаралардан, қол жеткен табыстардан есеп бергендей болады. Ол ішкі тіршілігімізде ескілік қалдықтары әлі де жойылып бітпегенін көсемге баян етеді. Бірақ өлеңнің негізгі пафосы мұнда емес, мына жолдарда жатыр:

Жолдас Ленин,  
                                фабрикпен  
  түтіндеген,  
Қар басқан,  
                                Егін басқан  
  жерлерде біз —  
Жалындап,  
                                жүрегіңіз,  
  атыңызбен, —  
Күресіп,  
                                өмір жасап,  
  ойлап жүрміз!

Галина Серебрякованың естелігіне қарағанда, Маяковский Карл Маркстің «Капиталы» туралы поэма жазбақ болған. Ол осынау данышпандық туындының бойында нағыз поэзиялық сипаттар бар деп білген.

Сөйтіп «Владимир Ильич Ленин» социалистік поэзиямыздың бұдан былайғы кезеңдегі даму бағытын белгілейтін, үлгі тұтынатын, идеялық-көркемдік жетістіктері кейінгі ақындар тарапынан үнемі ескеріліп отыратын данышпан туынды болды.

«Ленин» (1950) поэмасының авторы азербайжан ақыны Расул Рза Маяковскийдің творчестволық тәжірибесіне соқпай кете алмағанын мойындайды: «Мая-

ковский менің ұстазым болды, мен онан үйрендім, үйрене бермекпін. Алдыңғы қатарлы таңдаулы орыс поэзиясы — мен үшін өнеге»,<sup>9</sup> — дейді.

Әлбетте, біз әр бір ақыннан Ленин образын жасау үшін Маяковский мәнеріне міндетті түрде бой ұруды талап етпейміз. Онда ақын атаулыны бір қалыпқа түсіруді мақұлдаған болып шығар едік.

Николай Асеев айтқандай, Маяковский поэзияда Ленин тақырыбын ашты да, бұл тақырыпты шынайы игерудің кілтін тауып берді. Ақындар осы тәрізді ұлы тақырыпта жұмыс істеу үстінде Маяковскийге сүйене отырып, онан ілгерілеуге тиіс, Маяковскийдің шешімін бұлжымайтын бірден-бір қағида деп қарамаулары керек. Асеевтің ойынша, Ленинді Маяковский аса маңызды планда, бірақ бір планда алған, ол — Ленин және жұмысшы табы. Ал Ленин жұмысшы табының көсемі ретінде бүкіл адамзаттың ұстазы ғой.

Ақындар Маяковскийге ілесе отырып, Лениннің ішкі парасат дүниесіне кіріп, асқан ақыл-ой иесі Лениннің кемеңгерлік бейнесін көрсетулері керек. Маяковский дәстүрі жөнінде оның ең жақын серіктерінің бірі, үлкен совет ақыны Николай Асеев осылай деген<sup>10</sup>.

Егер Маяковский поэмасы Ленин өмірін тұтас қамтыса, басқа ақындардың поэмаларында көсем өмірінің жекелеген кезеңдері ғана алынады (С. Щипачев — «Шушенскідегі үй», В. Саянов — «Ленин Горкада», А. Вознесенский — «Лонжюмо» т. б.), бұл — әр ақынның замысылына, дарын ерекшеліктеріне байланысты. Бұл да дәстүрді дамытудың, оны әр ақын өзінше байытуының бір мысалы.

Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясында Ленин образын суреттеудің жаңа бір белесі басталады. Бұл дәуірдегі өлең, жырларда, ішінара поэмаларда көсем образы социализм табыстарымен, қайта туған қазақ халқының бейбіт құрылыстағы еңбегімен, Коммунистік партияның елімізді жеңістерден жеңістерге жігер-

<sup>9</sup> Азербайжан совет әдебиеті (Азербайжан әдебиеті мен өнерінің Москвада өткізілген онкүндігінің материалдары). Баку, 1951, 245-бет.

<sup>10</sup> Александр Дымшицтің «Литературная Россияда» (1964 жылғы 30 октябрь) басылған естелігі бойынша беріліп отыр.

лендірушілік, бастаушылық қызметімен тікелей байланыста суреттеледі.

Егер жиырмасыншы жылдардағы өлеңдерде көбінесе көсем қазасы әңгімеленіп, оның ілімі, ісі жасай беретіндігі, өлмейтіндігі айтылатын болса, отызыншы жылдардағы шығармаларда Ленин идеяларының жүзеге асқан жемістері, ел өміріндегі орасан өзгерістер жайы орталық тақырыпқа айналады. Ақындық образ жүйесіне едәуір өзгерістер енеді. Поэзияда Ленин нұры, ленинизм шындығы, Ильич шамы тәрізді жаңа лексика, суреттеу құралдары орнығады.

Отызыншы жылдардың бас кезінде Ленинді жалпы тарихи фонда, ел басынан өткен оқиғалар аясында көрсету мақсатын көздеген лирикалық-эпикалық поэмалар пайда бола бастайды. 1932 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Альбатросы» мен Иса Байзақовтың «Ұлы құрылысы» жазылады.

«Альбатрос» — Сәкен творчествосы ғана емес, сол тұстағы қазақ поэзиясында өзіне лайық орны бар поэма. «Альбатрос» келесі тарауда жеке әңгімеленетін болғандықтан, біз бұл арада қазіргі тақырыбымызға байланысты бір ғана жайға — Ленин образына қысқаша сипаттама берумен шектелеміз.

Ақын кішкене кіріспеден кейін-ақ «Ленин туының астында» дейтін екінші бөлім беріп, мұнда Лениннің Октябрь күндеріндегі ұйымдастырушылық, басшылық ролін көрсетеді.

Марксизммен  
Белді бекем буына,  
Салып ұран  
Жұмыскер тап нуына.  
Майдан бастап,  
    Ұран тастап  
    «Алға бас, тап!...»  
Ленин шыққан  
Шақырып өз туына.

Енді бірде біз азамат соғысы жылдарында халықты интервенттерге соққы беруге жұмылдырған Ленинді көреміз. Сәкен оны бас командарм, бас большевик бейнесінде суреттеп, қазақ поэзиясында бұрын ұшыраспаған жаңа ұғым, жаңа образ жасайды.

Лениннің жаралануы, айығуы, социалистік құрылыс жоспарын жасауы, көсемнің қайтыс болуы, Ленин

салған жолмен партияның елді алға бастауы, СССР-дің жау ала алмас мықты қамалға айналуы — Сәкен поэмасындағы өңгіме желісі осылай тартылады.

«Владимир Ильич Ленин», әсіресе «Жақсы!» поэмасындағыдай, «Альбатростағы» Ленин образы даму үстінде суреттеледі, ол қимылдың, күрестің басы-қасында жүреді. Сәкен Маяковскиймен осы бағытта өрістес, өзектес. Онан өзгешелігі — қазақ ақыны дәуір жағынан онша ұзақ мерзімді алмай, небәрі жеті жылдай уақыттың оқиғасын баяндайды (1917 жылғы Октябрьден 1924 жылға дейін). Ал Маяковский болса, арғы замандарға ой жүгіртіп, поэма арқауын әріден тартады.

Сәкен Сейфуллин Ленин жайлы жаңа шығарма жазуды мақсат еткен. Бұл жөнінде орыс ақыны Константин Алтайский мынадай бір қызық жәйтті баяндайды:

«Сәкен Сейфуллин Ленинге қатынасты нәрсенің бәріне зор ілтифатпен қарайтынын байқадым. 1936 жылы Москваға келген сапарында Сейфуллин Ленин кітапханасында болып, көлемі қалың «Лениниананы» сұрап алды да, Ленин туралы жазылған кітаптардың аттарын көшіріп ұзақ отырды.

Бір күні ол маған былай деді:

— Орыс ақындарының түгелімен Ленинге арналған өлең кітаптарын өзімше білетін сияқтымын. Сіз маған кітабында Ленин туралы жеке өлеңі кездесетін ақындардың атын атасаңыз екен. Әрине жақсыларын ғана айтарсыз.

Мен бірнешеуінің есімін атадым: Есенин, Асеев, Инбер, Саянов...

Байқап қарасам, Сейфуллин бұлардың бәрін де оқыған екен. Сонан соң мен Илья Сельвинскийдің «Улялаевщина» поэмасын атап, онда Ленин жайында жеке шумақтар барын айттым.

— Маған сол кітапты тауып берсеңіз екен, — деді Сейфуллин табан орында. Мен, шамасы, ол Ленин жөнінде тағы да шығарма жазғалы жүр-ау деп ойладым.

Мұнан соң Сейфуллин В. И. Ленин музейіне барып, онда ұзақ болды, «Москва» мейманханасына ол толқынған көңілмен оралып, сол күні кеште «Ленин бізбен бірге» деп аталатын өлеңді прозасын жазды. Мен

оның өлеңін қара сөзбен аудардым. Аударма «Литературная газетада» басылып шықты.

Сейфуллинмен қоштасар шақта менің басыма Ленин туралы ол жаңа шығарма жазуы сөзсіз деген ой келді»<sup>11</sup>.

Иса Байзақовтың поэмасында қазақ кедейінің ертедегі көрген күні, бірінші дүние жүзілік соғыс, Октябрь революциясы, тап тартысы, бірінші бесжылдық жоспар, өндірістің өсуі сияқты кезеңдер сөз болады. Шұбалаңқылығына, кейбір ойларының екі ұштылығына, өлеңдік сапасының ала-құлалығына, прозаизм элементтерінің молдығына қарамастан, бұл шығарманың ақын үшін белгілі дәрежеде маңызы болмай қалған жоқ.

Отызыншы жылдардағы қазақ өлеңінде Ленин тақырыбы онан әрі жаңғырығып, жалғаса түседі.

Москваға, Ленин Мавзолейіне барған ақын көсемді көргенде:

Дамылдап жатырсыз ба, Ленин баба,  
Жаһанның жүрегіндей ұлы дана.  
Сағынған жазымыздың сәулесіндей,  
Қарап тұр дидарыңа біздің дала,—

деп тіл қатады, оған жаңарған қазақ жерінің ыстық сәлемін жеткізгендей болады.

Әлем назары Мавзолейде. Неге десеніз мұнда адамзаттың асыл қамқоры, жанашыр жақыны жатыр. Сондықтан олар Москваға үміт көзімен қарайды, сонау шалғайдан Ленинді бір көріп кету үшін келеді.

Бар торап Мавзолейге жатыр құйып,  
Бар халық өтіп жатыр басын иіп.  
Өзіңнің көкірегіңдей Москваңа,  
Кеудесі кең әлемнің жатыр сыйып.

Лениннің дидарын көру адамның ойын сергітіп, жанын байытады. Көптенгі бір арманыңа қол жеткендей болып, қуанышқа кенелесін.

Келеміз қайта-қайта біз қасыңа,  
Көсемнің қаралық деп тұлғасына.  
Қасыңа келген адам шығады оймен,  
Сыйғызып дүниені бір басына.

<sup>11</sup> Мұхаметжан Қаратаевтың «Сәкен Сейфуллин» деген брошюрасынан алынды. Брошюраны «Білім» баспасы (Москва) орыс тілінде шығарған, 1964, 22-бет.

Ғали Ормановтың біз сөз еткен «Ленин Мавзолейінде» дейтін өлеңінің өзекті түйіні осындай.

Тайыр Жароков пен Әбділда Тәжібаевтың, Асқар Тоқмағамбетов пен Жақан Сыздықовтың өлеңдерінде ленинизм салтанаты, партия мен халықтың бірлігі, лениндік ұлт саясатының жемісі жырланады.

Россия — ленинизм отаны, ұлы орыс халқы дүниеге Ленинді берді — отызыншы жылдардағы өлеңдерде жаңаша бір өзекті ой осылай болып келеді. Сонымен қатар, Ильичше өмір сүру, туған елімізді Ильичше сүйе білу идеясы көтеріледі.

Алғашқы бесжылдықтар дәуірінде туған бірсыпыра өлең-жырларда бүкіл еліміздің, соның ішінде өлкеміздің бейнесі мүлде өзгергені айтылады. Қазақстандағы социалистік өзгерістер мен жаңалықтар кемеңгер Лениннің есімімен байланыстырыла жырланады. Мысалы, Ілияс Жансүгіров өзінің «Шаттық жыры» атты өлеңінде:

Шаттығым, мақтанышым, бақытты елім,  
Атанған Қазақстан байтақ жерім,  
Тобыңнан тойға ұласқан көрсін жан-жақ,  
Отанның шын ұлдарын, ел ерлерін.  
Еркін ел, ерікті еңбек ерлері деп,  
Отырсын омырауда орден — Ленин.  
Ырысы еңбегімнің, елім көркі,  
Көмейі, күйі шаттық өлеңдердің, —

деп толғайды.

Қазақ поэзиясында Ленин, Коммунистік партия туралы жазылған шығармалар жайын ауызға алғанымызда, жалпы әдеби процестен өзіне лайық орын алған елеулі бір құбылысты қаға берісте қалдырмауға тиіспіз. Ол — қазақтың Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, тағы солар секілді халық ақындарының өлең, жырлары, толғаулары. Олардың шығармаларынан халық әдебиетіне тән сөз орамдары, көркемдеу құралдары, мақалдап, мәтелдеп сөйлеу әдеті анық байқалады. Бірақ халық ақындары жаңа заманда бұрынғы ауыз әдебиеті дәрежесінен әлде қайда биік тұратын жаңа жыр үлгілерін (мәселе өлшемде емес) тудырды. Өзінен өзі түсінікті, Совет дәуіріндегі мәдени революция оларға да игі әсерін тигізді, төңіректегі оқиғаларды дұрыс аңғаруына, көңілге түйген жайлар-

ды мәдени, әдеби талғамы өсіп келе жатқан қоғамның тілегіне барынша сай етіп берулеріне көмектесті.

Әдетте, біз Иса Байзақовты халық поэзиясы мен жазба әдебиетті ұштастырған ақын деп қараймыз. Бұл бір жағынан ғана дұрысқа жатады. Оның бірталай өлең, жырлары ауыз әдебиеті нұсқаларының дәстүрінен алыстап кетпейтіні рас. Бірақ «Құралай сұлуды», «Кавказды» тудырған, орыстың Пушкин, Лермонтов сияқты классиктерімен аударма арқылы болса да жақсы танысып, үлгі ала білген Исаны екі аралықта қалдыруымыз қиянат болады.

Өлең өлеңнен ғана туып, өзінен өзі ғана өсіп отырмайды. Осы ретте әдеби сынның, зерттеу жұмыстардың белгілі дәрежеде едәуір себі тиеді. Бізде республикалық баспасөз бетінде қазақ әдебиетіндегі, әсіресе поэзиядағы Ленин тақырыбы туралы әр кезде мақалалар жарияланып, неміз жетіп, неміз жетпей жатқаны, ұлы тақырыпты қайткенде терең меңгеруге болатыны күн тәртібіне үнемі қойылып отырды. Ол мақалалардың насихаттық маңызын бағалауымыз керек.

Алайда жекелеген мақалаларда әдеби фактілерді өз тұсында атап, оған сол мезгілдің көзімен баға берудің орнына, алмастырып алу әдеті ішінара бой көрсетіп жүр. Бір автордың бір мақаласында емес, бірнеше мақаласында әлгі әдеби фактінің ауыстырылуы дейтініміз түзетілместен кете барады.

Ақын Асқар Тоқмағамбетовтың алғаш баспасөз бетін көрген өлеңі Ленинге арналған, ол:

Суретің міне тұр  
Жаны бар тірідей.  
Ұраның, үнің тұр  
Топ жазбай, ірімей,—

деп басталатыны есімізде. Бұл 1925 жыл екені де ұмытылған жоқ.

Соңғы мезгілдерде жарияланған кейбір мақалаларда Асқардың тағы бір өлеңі сол жылы жазылған делініп, мерзім жағынан біраз кейін шегеріліп жүр.

Белгілі сыншымыз Мұхаметжан Қаратаев қазақ поэзиясындағы Ленин образына байланысты мақаласында былай дейді:

«1925 жылы Москвада қазақ кедей ақындарының Ленинге арнаған арнаулы тұңғыш жинағы шықты. Асқар Тоқмағамбетов Ленинге арнап мынадай өлең жазды:

Жауынгер, құрыш жау жүрек,  
Жалынды, жарқын жастардан...  
Бұралқы, отар, бөгде емес,—  
Гүлденген Қазақстаннан!  
Большевик баулып түлеткен,  
Тас түйін, тастай түлектен...  
Миллион қол, миллион білектен,  
Миллион көз, миллион жүректен,  
Астанам, Отан алдында,  
Данышпан ұлы партия,  
Сөлем бере мен тұрмын,  
Көсемім, күнім ұстазым<sup>12</sup>.

Анығында ақынның осы үзінді келтіріліп отырған өлеңі 1925 жылы емес, 1936 жылы жазылып, республикалық газет бетінде жарияланған, комсомолдың Бүкілодақтық X съезі мінбесінен оқылған. Яғни бұл өлеңнің белгілі «документтік» сипаты бар.

Екіншіден, аталған өлең бүкіл рухы, сөз мәнері, ой жүйесі жағынан алғанда жиырмамыншы жылдарға жатқызуға «көнбейді». Мен отызыншы жылдардың жемісімін деп тұр. Асқардың жеке жинақтары мен таңдамалыларында (мәселен, 1953) өлеңінің 1936 жылы жазылғаны көрсетілген.

Бәлкім, шығарманың жазылу мезгілін ауыстырып көрсету сияқты көкір-шүкірді елемей-ақ қойса да болатын шығар. Жоқ, олай емес. Датаны алмастыру — әдеби фактіні алмастыруға, сөйтпін ол турасындағы түсінікті өзгертуге апарып соғады. Сондықтан мұндай жәйттерге байсалды әдебиетшілер сақтықпен қарайды. Бір ғана мысал келтірейік.

«Литературная газетаның» 1964 жылғы 17 декабрьдегі номерінде атақты совет жазушысы Корней Чуковскийдің редакцияға жолдаған кішкене хаты жарияланды. Чуковский хатында: «Жіберген қатемді сіздің газетіңіздің көмегімен түзетуіме рұхсат етіңіздер», — дейді. Сонда ол қандай қате? Чуковский «Ұлы өнер» дейтін жаңа кітабында бір венгер өлеңінің

<sup>12</sup> М. Қаратаев. Шеберлік шыңына. Алматы, 1963, 57-бет.

тамаша аудармасын Л. Мартыновтікі деп жіберген, анығында әлгі өлеңді В. Левик аударған екен. «Кешірімсіз жаңсақтық», — дейді Чуковский. Хатының аяғында ол кітабының келесі басылуында қатесін түзетінін айтады.

Міне, орыс ғалымдары, жазушылары әдеби фактілерге осылайша ұқыпты, мұқият қарайды.

Қазақ өлеңінде Ленин тақырыбын игеру жайына оралсақ, мұның өзі бізде әрқашан да биік дәрежеде болды дей алмаймыз.

Өсудің қиыншылығы, жазушылық шеберліктің жетімсіздігі осынау аса ардақты тақырыпқа барғанда да білінбей қалмады. А. Твардовскийдің «Ленин мен пешшісі», А. Яшиннің «Түймесі» тәрізді нақты сюжетке құрылған өлеңдер ол кездегі қазақ поэзиясында некен-саяқ кездесетін (әңгіме Ленин образына тікелей қатынасты өлеңдер туралы болып отыр). Мұндай туындылар біздің елуінші, алпысыншы жылдардағы поэзиямызда кәдімгідей көріне бастады.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ поэзиясында Ленин образы даңқты партияның халықты жеңіске бастап, жауды талқандауға жұмылдыру, совет жауынгерлерін Отанға берілгендік, патриотизм, ерлік ружында тәрбиелеу жолындағы орасан зор жұмысымен байланыстырыла көрсетіледі. Бұған Жұмағали Саин мен Әбу Сәрсенбаевтің, Қасым Аманжолов пен Қалижан Бекқожинның, Жұбан Молдағалиев пен Сырбай Мәуленовтың майдандық жырлары дәлел. Соғыстың ыстық-суығын бастарынан кешірген бұлардың поэзиясында социалистік қоғам жағдайында өсіп, партия тәрбиелеп өсірген замандастарының, лениншіл совет адамдарының образы айрықша көзге түседі. Қазақ халқының ер-жүрек перзенттері Одақтағы барлық туысқан халықтардың ұл-қыздарымен майданда бірге болып, өздерінің Отан алдындағы патриоттық борышын, жауынгерлік антын адал орындайды. Соғыстағы совет адамын Лениннің ұлы рухы, биік бейнесі жеңіске жігерлендіреді.

Ол кездегі жас ақын Жұбан Молдағалиев 1944 жылы майданда жүріп жазған «Отан» өлеңінде сүйікті Отанымызға перзенттік сырын шертіп, жүрек сөзін арнайды:

Отаным, сен күресте де  
Сиынарым, ұраным.  
Қиырдан да күндіз, түні  
Сені көріп тұрамын.

Түн түңдігін түріп ашып,  
Түнекті сен серпесін.  
Жадырайсың серпіп тастап  
Түннің тұйық көрпесін.

Қиял құсы шыңнан асып,  
Шырқап қанат қағады.  
Асса да одан, аспай сенен,  
Бір өзіңе барады.

Сенің досың — менің досым,  
Саған қас жан — маған қас.  
Сен қуансаң — мен қуанам,  
Мен өзіңмен тағдырлас.

Жас ақын мейлінше қарапайым тілмен сөйлесе де, өзінше бір жылылық таба білген. Мұнда жалғандық, жасандылық жоқ. Туған еліңмен сырласқанда осындай лебіз керек.

Әбу Сәрсенбаевтың халықтар туысқандығын, жауынгерлер достығын мадақтаған өлеңінде біздің ұлы жеңісіміздің сағаты соққан кезде Ленин есімі ерекше бір сүйкіммен аталады. Ақын өзінің орыс досына:

Сенің халқың  
Дүниеге Ленинді берді.  
Я, Ленинді!  
Адамзаттың данасын!  
Әлемге Ленинді берген  
Неғып сүймессің  
Мейрімді орыс анасын?!

деп орыс халқына ризашылық сезімін білдіреді.

Әбділда Тәжібаевтың «Ленинград», Тайыр Жароковтың «Ленин қаласы» өлеңдері қаһарман қала жайында сол тұста туысқан республика ақындары жазған жырлармен ерістес, бағдарлас келеді.

Дұшпандардың жаласына, қаңқу сөздеріне жауап бере келіп, «Лениннің линиясы» деген өлеңінде Қапан Сатыбалдин халықтардың Ленинге деген махаббаты жөнінде мынадай бір ой айтады:

Ұлы Ленин линиясы  
Бар екені рас бізде.

Жерде емес ол, жатыр бірақ  
Біздің ыстық жүрегімізде.  
Ол линия сондай берік,  
Одан мықты линия жоқ.  
Ала алмайды оны жеңіп  
Маған десе, жабылса да  
Бүкіл дүние дұшпаны боп.

Соғыстан кейінгі жылдарда Коммунистік партия туралы, Ленин туралы көптеген өлеңдер мен поэмалар жарияланды. Бұл шығармалардың идеялық-көркемдік өрісі, алдыңғы он жылдардағыдан әлде қайда кеңейіп, сапа жағынан белгілі бір секіріс жасалды дей аламыз.

Алдымен эпикалық шығармаларда — поэмаларда Маяковскийдің, Сәкеннің дәстүріне сүйене, оны шамадан келгенше өрбіте отырып, Ленин образын кеңірек суреттеуге талаптану сияқты игі ниет білінді. Қасым Аманжоловтың поэма фрагменттерінің (1947—49) тараушалары, Дихаң Әбілевтің «Алтай жүрегі» (1953) поэмасының бірінші және үшінші бөлімдері мұны толық ыспаттайды. Әбілевтің шығармасында Лениннің Риддер делегациясын қабылдағаны қазақ поэзиясында алғаш рет кең баяндалады. Аманжолов поэмасының тарауы өзінің көркемдік қуаты жағынан мейлінше әсерлі, эмоциялы шумақтарға толы.

Көсем қазасын суреттеген тұстарда Аманжолов Маяковскиймен тікелей үндес, түбірлес келеді:

Темірді тесетіндей тамған жасы,  
Сылқ етіп түсіп қолдан ер балғасы,—  
Тоқтаған машинадай тұрды тұнып,  
Жұмысшы, төске құлап ауыр басы.  
Күректің сабы енгендей жүрегіне,  
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне.  
Сақалын ағартардай аққан жасы,  
Қонды кеп қасірет бұлты реңіне.

«О Ленин! Ленин... Ле-нин... Ленин едің!  
Ойпырмай, сен үшін мен неге өлмедім!»  
Деп әркім аңырады.

Амад қанша!

Жыла, жер!

Мұны көрдің,— не көрмедің?...

Бәріміз жақсы білетін Маяковский шумақтарын түгел келтіріп жатуды жөн көрмедік. Мәселе әріптердің ұқсастығында емес, көркем ойдың тоғысуында, бір

арнаға құйылуында. Талантты ақын Аманжолов ұлы ұстазының дәстүріне қарайламай кете алмаған. Атап өтерлік бір деталь: поэма фрагменттері қазақ ақынының қолынан шыққан дүние екені сөз образының жүйесінен де танылады (далада аттың жалын құшып еңіреген кедей; домбыра тартып отырып, кенет қариядай тынып қалған жас жігіт т. т.).

Лениннің аса қадірлі бейнесін әр ұлттың ақыны өзінше жырлауға тырысады. Мұнда белгілі бір заңдылық, шындық бар. Олар көсемді тіпті өз халқының перзенті сияқты етіп суреттейді. Қырғыздың көрнекті ақыны Қуанышбек Маликовтың «Ленин туралы аңыз» аталатын өлеңінде аса қызықты мынадай бір шумақтар кездеседі:

Біледі қырғыз тілін ұлы Ленин,  
Көреді келіп енді туған жерін.  
Қуанған жас баладай алақайлап,  
Таң атып, жарық сәуле көрген елім.

Мен кейін араладым қазақ жерін;  
Есіттім қазақтардың жылы лебін:  
«Күндей боп қараңғыда шұғыла шашқан,  
Қазақтың өз ұлы екен дана Ленин!».

Оралып оңтүстікке барған сайын,  
Өзбектің қыстағына соғам дәйім.  
Бақшаға су жіберіп тұрған кезде  
Өзбектер әңгімелер Ленин жайын:

«Шығарған шыңыраудан тартып қолдан,  
Жетімге әке болған, қорған болған.  
Өзбекке тұрады ұқсап Ленин туыс,  
Өзбектің ырысына туған адам!»

Қуанышбек бұл арада басқа ақындарда онша кездесе бермейтін өзіндік прием тапқан тәрізді. Өлеңді көріктендіріп тұрған да сол жәйт деп білу керек.

Енді соңғы жиырма жылдағы қазақ поэзиясында көсем бейнесінің қалай жасалып келе жатқаны жөнінде қысқаша болса да баяндап өтейік.

Соғыстан кейінгі жылдарда туған лирикалық өлеңдерде Ленин образына лайық тереңдік, сюжеттілік, нақтылық, жаңа ақындық тәсілдер табу белгілері айқын білінеді. Хамит Ерғалиевтің «Ленин сөйлеп тұр» деген өлеңі осының айқын мысалы бола алады:

Қашан көрсең жүзі жанға жылулы,  
Қимылы тез, уақыт қымбат! — Салты  
осы.

Ылғи даяр өз қасында ілулі  
Қара бұйра құлақшыны, пальтосы,  
Кім біледі, бұдан шығып, бәлкім ол  
Қабылдайды кенші, темір жолшыны.  
Қабылдайды я бір жаңа, көне қол,  
Түрлі түсті тілшіні де, елшіні!

Сырбай Мәуленовтың, Жұбан Молдағалиевтың,  
Мұзафар Әлімбаевтың, Қайнекей Жармағамбетовтың,  
Ғафу Қайырбековтың, Қадыр Мырзалиевтің, Тұман-  
бай Молдағалиевтың Ильич жайындағы өлеңді шы-  
ғармаларында осы күнгі жаңа леп, тың нышан бар.

Сырбайдың Ленин туралы соңғы жылдарда жаз-  
ғандарынан әсіресе үш өлеңі ойшылдығымен көзге  
түседі. Олар: «Ленин кабинетінде», «Қырғауыл»,  
«Лениннің жазу столы» атты өлеңдері. Алдыңғы өлең-  
інде ақын Лениннің мемлекеттік парасаттылығын, кі-  
шіпейілділігін, адамгершілік зор қасиетін көрсете  
білген:

Күн міндетін тұр сезіп,  
Жиналыс бар екіде.  
Қалтада қолы жүр кезіп,  
Ленин кабинетінде.

Келе жатыр шаруалар  
Өзеннің арғы бетінен.  
Ленин шығып қабылдар  
Өзінің кабинетінен.

Сырбай жеке бір детальдарға үйір, сол арқылы ол  
үлкен ой, нақты картина жасайды. Оның өлеңдері осы  
күнгі орыс ақындарының және туысқан әдебиеттер  
өкілдерінің шығармаларымен арналас боп келеді. Бұ-  
ған Сырбай тынбай іздену үстінде жетті.

Ленин туралы өлеңнің мазмұнын тікелей қазақ  
жеріне байланыстырып, географиялық дәлдікке бой  
ұру — Сырбай Мәуленовтің Ильичке арнаған соңғы  
өлеңдерінің ерекше сипаттарының бірі. Сондай өлең-  
дердің қатарында алдымен «Қырғауыл» аталуға тиіс.  
Ақын «Қырғауылды» газет фактісіне сүйеніп жазға-  
нын айтады.

## Өлеңді бөлмелемей, түгел келтірейік :

Шиелінің жерінде  
Жиналып ап бір ауыл,  
Жіберіпті Ленинге  
Жүз қаралы қырғауыл.

Ленин көріп күліпті,  
Разы боп сыйға бұл.  
Көз алдында тұрыпты  
Көңілі жомарт күллі ауыл.

Келген сыйға ауылдан,  
Қуаныпты ол баладай.  
Ашылыпты алдынан  
Қазақ жаны даладай.

«Ауылда да ауыр хал,  
Жағдай қиын, білемін.  
Рахымет, бауырлар!  
Ульянов (Ленин)».

Өлең өз қасиетін өзі танытып тұр. Біз мұндағы әңгіме азамат соғысының ауыр жылдарында, елде киім-кешек, азық-түлік аса тапшы кезінде болғанын сыртқы белгілерсіз-ақ аңғара қоямыз. «Ауыр хал», «жағдай қиын» деп, жол арасында ғана айтылған сараң сөздер болмаса, «Қырғауылда» сол кезеңнің нышандарын білдіретін басқа сурет жоқтың қасы. Мұны біз өлеңнің міні деп емес, ұтымды жағы, шеберлігі деп бағалаймыз.

«Қырғауыл» қазақ ақынының туындысы екенін Шиелі жерінің аталуы ғана танытып отырған жоқ. «Көңілі жомарт күллі ауыл» мен «Қазақ жаны даладай» жолдары өлеңнің қызықты бөлігін (компонентін) құрап тұр.

Қазақ ауылының қиын-қыстау күндерде көсемге жолдаған сыйы жөніндегі өлең егер үшінші шумақпен аяқталса, біз ақынға «неге өйттің?» демес едік. Алайда Сырбай шығарма соңына ноқат қоймайды, себебі халық сыйын Лениннің қалай қабылдағанын баяндамайынша, өлең бітпеуге тиіс деп түсінеді. Сондықтан ол телеграмма сөзіндей ықшамдықпен «Рахымет, бауырлар!» деген екі сөз арқылы көсем ризашылығын жеткізе алған.

Жұбан Молдағалиевтың «Ленин Мавзолейінде», «Келеді бастап Ильич», «Бар ондай партия!» деп аталатын азаматтық асқақ пафосқа толы өлеңдерінде

Ленин образы еліміздің коммунистік құрылыстағы елеулі жеңістерімен, партияның басшылық қызметімен байланыстырыла жырланады. Ақын ұлы көсемді осылайша үлкен масштабта суреттеуді сүйеді. Ленин образы Жұбанның «Мен — қазақтың» (1964) поэмасынан да лайықты орын алады.

Жас ақын Сағи Жиенбаевтың «Сыйлық» (1960) жинағындағы жырлар түгелімен Ленинге арналған. Мұнда Ильичтің жас шағы, Разливтегі кезі, халықтың данышпан басшысына деген ықылас-бейілі, махаббаты — басты арна, негізгі ой қазығы. Ал, Қадір Мырзалиевтің «Данышпан» (1961) дейтін дастанында Ленин бүкіл тарихи-әлеуметтік қозғалыс, күрестердің фонында алынады, жұмысшы табының азаттыққа ұмтылған ерлік қимылы, күресі, партияның авангардтық ролі ақынның өз түйсінулері, сезінулері арқылы суреттеледі. Дастанның құнды бір жері — ақын Лениннің халықпен, халықтың Ленинмен туыстығын, жақындығын шебер баяндаған. Бұл жәйт дастанның әсіресе «Ақыл мұхиты» деп аталатын бөлімінен анық байқалады.

Кейінгі жылдары Мұқағали Мақатаевтың «Ильич» поэмасы жарық көрді. Жас ақын тақырып таңдауда болсын, оның көркемдік шешімін табуда болсын, өз үнін таныту талабын көздеген. Мақатаев іздену жолында естеліктерге, хаттарға, күнделіктерге сүйенген. Мұның өзі оның шығармасына реальды рең береді.

Өзге қаламдас достары тәрізді, қазақ ақындары партияның XX, XXI, XXII съездерімен, КПСС Программасымен байланысты жаңа жарқын жырлар жазды. Бұл шығармалар «Шабыттың қайнар бұлағы» (1959), «Бастаушымыз партия» (1961) деп аталатын жинақтарға топталған. Қазақ ақындары елімізде партия өмірінің лениндік нормалары қалпына келтірілгенін, КПСС-тің басшылық ролін шабыттана жырлайды. Жинақтағы шығармалар бізде Коммунистік партия, Ленин тақырыбы мезгіл өткен сайын қанат жайып, тереңдеп келе жатқанын ыспаттайды. Осынау ұлы тақырыпты игеру үстінде барша бауырлас халықтардың әдебиеті, поэзиясы сияқты, біздің қазақ поэзиясы мол тәжірибеге ие болып, белгілі әдеби дәстүр жасап үлгірді дей аламыз. Сөз жоқ, бұл дәстүрдің қалыптасуына, дамуына бүкіл орыс поэзиясының, Маяковскийдің шұғылалы шапағаты тиді.

Қазақ ақындарының Ленин тақырыбын меңгеруде көркемдік табыстарға жеткені даусыз. Алайда осынау аса ардақты да жауапты тақырыптың әлі қамтылмаған, қамтыла қалса барлау ғана жасалған жақтары аз емес. Бізде орыс поэзиясының тәжірибесіне сүйеніп батыл ізденулерге бару, бұрын бимәлім болып келген жайларды қозғау жөнінде де ойланарлық жәйттер мол.

Ленин туралы талай тамаша дүниелер жазылуы хақ. Совет мемлекетінің жарты ғасырлық тойына, кеңескер көсемнің туғанына жүз жыл толу мерекесіне әзірлік үстінде жаңа шығармалар туатынына күмән келтірмейміз.

Адамзатта тіл барда Ленин туралы шығарманың тіпті соңы болмақ емес. Ол туралы айтылар сөз еш уақытта да сарқылмақ емес.

# РЕВОЛЮЦИЯ

ШАҚЫРЫП,

ЖАСАҚТАҒАН

Ақындық  
бар күшімді  
берем саған,  
Атой сап  
атақаға  
аттанған тап.

*В. Маяковский.*

**К**

ан майданда  
Қолтығыңа кіргемін,  
Жанды ортаға  
Салып, білек түргемін.  
Зор сертті істе  
Қанжар тістеп,  
Бірге піскем,—  
Өлгенімше  
Сендерменен біргемін!

Осы шумақта ақтарыла сөйлеп, ағынан жарылып отырған кім? Ол кімге сыр шертеді? Біз сұрақ қойып үлгіргенше оқушы жауабын да қайтарып үлгіретін бір жәйт нақ осы тұста байқағады-ау дейміз. Ол осынау сыршыл шумақтың авторын ө дегеннен таниды.

— Мынау Сәкен ғой! — дейді ол.

Иә, бұл Сәкен Сейфуллин. Октябрьдің ақыны. Октябрьдің солдаты. Лениннің тірі кезінде жас советтік Қазақстанның үкіметіне басшылық еткен — «Совнарком Сәкен» атанған мемлекет қайраткері. Октябрь тұдырған революцияшыл әдебиетіміздің алғашқы революцияшыл сөзін айтқан жаңашыл жазушы. Сөзі ғана жаңа емес, өзі де жаңа тұрпатты жазушы: дүниеге көзқарасы жаңа, болмысты түсінуі жаңа, өмірді жырлауы жаңа. Қазақ даласында коммунизм идеяларын, кеменгер Ленинді, Ленин негізін қалап, шынықтырып өсірген партияны бар дауыспен мадақтай білген коммунист ақын. Октябрьден кейінгі екі он жылда, социалистік құрылыс майданында бүкіл советтік елмен бірге болып, өмірдің ащы, тұщы дәмін бірге татқан, халыққа, партияға адалдығынан айнымаған патриот-жазушы. Ол бір кезде кіршіксіз көңіл сөзін былай толғап еді:

Мен, сірә, жанға жалған айтушы ма ем?  
Мойныма ондай кірді артушы ма ем?  
Ұжмағын дүниенің шарт қылсам да,  
Пасық боп шындықтан мен қайтушы ма  
ем?

Не сүйсем, шын беріліп сүймеуші ме ем?  
Бас исем, шын құрметтеп имеуші ме ем?  
Суынып, көңілім қайтса, жасыра алмай,  
Айласыз от пен суға күймеуші ме ем?

Шыншыл да, сыршыл Сәкен осылайша тіл қатып, қалтқысыз жүректің лүпілін танытқан еді.

Ақындық жолына революцияның алдындағы жылдарда түсіп, «Өткен күндер» деген атпен тұңғыш жинағын шығарған Сәкен Сейфуллин ағартушылық, демократтық бағыттан аумай келіп, революция қарсаңында өзінің ой-сана жағынан көп ілгерілегенін аңғартты. Бұл ретте Сәкеннің жас кезінде жұмысшылар ортасында болуы, Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген шағында большевиктермен танысуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуі, революцияшыл идеялардың қазақ даласына тарай бастауы үлкен роль атқарды. Сәкен Октябрь революциясын құшақ жая қарсы алып, қалтқысыз қабылдады.

Сәкен Сейфуллин қазақ өлеңіне революциялық серпін, социалистік мазмұн, жаңа образ, жаңа сюжет әкелді. Революцияшыл тарих, революцияшыл халық оның қуатты поэзиясының бас қаһарманына айналды.

Қайраттанар кез келді уақыттарың,  
Өз қолыңмен жасалар бақыттарың,  
Жолдастар, —

деп еңбекші халықты жаңа өмір жасау күресіне шақырды ол.

Ақынның советтік дәуірдегі өлеңдері ішкі мазмұны, жанрлық өзгешелігі, сөз өрнегі, тақырып өрісі жағынан әр алуан. Сәкен өлеңдерін бір ғана публицистикалық лириканың қауызына сыйғыза алмайсын. Онда біз мәселенің шеңберін біраз тарылтып тастаған боламыз.

Сәкен поэзиясында үгіт пен лириканың ұштасуы, біте қайнасуы аса қызықты проблеманың бірі. Біз зерттеу жұмыстарымызда Сәкеннің революция тақырыбын жырлауы жайындағы тезисті жадағай баяндамай, ұлы революция тақырыбын лириканың «мәңгілік тақырыптарымен» (махаббат пен сұлулық, табиғат, өлмес өмір, бақыт т. б.) ақынның қалай байланыстыратыны жөнінде де әңгіме қозғауымыз қажет.

Өзінен бұрынғы әдебиет қазынасын қорыту, пайдалану, жақсысына сүйену дәстүріне соқпай кете алмаған Сәкен, сөз жоқ, алдымен өз бойындағы дарқан таланттың барша қырын таныта білді. Оның жаңашылдығы дәстүрді дамытуында ғана емес, соған қоса, бұрын ешкім айтпаған сөзді айтқандығында ғой.

Сәкеннің қазақ поэзиясындағы жаңашылдығының мәнін айқындамақ болғанда, біз әдетте Владимир Маяковскийдің есімін ауызға аламыз. Мұнда бірталай шындық бар секілді. Өйткені, Леонид Соболев айтқандай: «Маяковский рухына жақын жаңа ұйқас пен ырғақты дәстүрлі қазақ өлеңіне алғаш енгізген Сәкен болатын», Сәкеннің «өр қашанда бастаушылардың бірі, алғы шепте айқасқа енушілердің бірі болу қасиеті оның бүкіл әдеби және саяси өмірін ерекше дара көрсететін қасиет»<sup>1</sup>.

Қазақтың халық әдебиетіне уызында жарыған Сәкен, әлбетте, ертегі, өлең, жырлардың, батырлар

эпосының таңдаулы үлгілерін бойға сіңірумен қанағаттанып қалмады. Ол Абай шалқарынан, дүние жүзілік әдебиеттің телегей айдынынан еркін сусындады. Шығыс, Батыс елдерінің ұлы ақындары қалдырған асыл қазынаға иек артты, Сағди, А. Мицкевич өлеңдерін қазақшалады, жапон ақынының (аты-жөні көрсетілмеген) лирикасын аударды. Әлем әдебиетімен танысу ол кездегі жас ақынның ықлас-ынта шеңберін кеңейтті.

Сәкен әсіресе орыс әдебиетіне ден қойыңқыраған, оның XIX ғасырдағы алыптарының талайын оқыған.

Қазақ ақыны орыстың классикалық поэзиясына зор құрметпен қараған.

ВКП(б) Алматы обкомы мен облыстық атқару комитетінің, ВКП(б) қалалық комитеті мен қалалық советтің органы «Социалистическая Алма-Ата» газетінде «Пушкин бізге не берді» деген атпен жарияланған мақаласында Сәкен орыс поэзиясының күні А. С. Пушкин жөнінде ыстық махаббат, қалтқысыз ықлас сөзін айтады:

«Орыстың көркем әдебиетімен таныс болу — ең алдымен А. С. Пушкинмен, оның күн сәулелі, тамаша өлеңдерімен, оның ғажайып, нақышты прозасымен таныс болу деген сөз»<sup>2</sup>, — деп бастайды ол мақаласын. Сөйтіп, Сәкен орыс әдебиетін білудің басын Пушкинге апарып тірейді.

Мұнан әрі Сәкен Пушкин поэзиясымен өзінің қандай жағдайда, қашан танысқанын баяндайды:

«1919 жылдың өзінде-ақ, Ақтөбе (дұрысы — Ақмола. Газетте жансақ кеткен. — С. С.) приходская мектебінде оқып жүргенімде, менің қолыма алғаш Пушкин кітабы тиді: «Пайғамбардың», «Ақынның», «Ескерткіштің», «Капитан қызының» маған қандай ғажап әсер еткені әлі есімде.

Менің тұңғыш өлеңдерім Пушкиннің аса күшті ықпалының нәтижесінде туды, ал мұнан былайғы кез-

---

<sup>1</sup> Леонид Соболев. Революция жыршысы. Одақтар үйінің колонналы залында Сәкеннің 70 жылдығына арналған салтанатты кешті ашарда сөйлеген сөзі. — «Социалистік Қазақстан», 1964, 10 декабрь.

<sup>2</sup> Сәкен Сейфуллин. Что дал нам Пушкин. — «Социалистическая Алма-Ата», 1936, 13 октября.

дегі жұмысым Пушкиннің ғажайып шеберлігінен жан-жақты үйрену үстінде өтті»<sup>3</sup>.

Сәкен Пушкин шапағаты бір өзіне ғана емес, онан бұрынғы қазақ ақындарына да тигенін айта келіп, «Пушкин тілінің қуатты әсері» Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан табылады дейді.

Аталған мақаласында Сәкен орыстың данышпан ақынының бай мұрасы қазақтың жас жазушылары үшін сарқылмас қазына, мұны меңгеру оларға аса пайдалы, аса қажеті іс екенін ескертеді. А. С. Пушкин юбилейіне әзірлік үстінде ойларын ортаға салған Сәкеннің жас әдебиетшілерді ұмытпай, оларды классикадан үйренуге, шеберлікке шақыруы аға қамқорлығының бір белгісі тәрізді. Екіншіден, біз мұны өткендегі озық әдебиеттің дәстүріне сүйену мәселесін мезгілінде қозғау деп білеміз.

Сәкеннің Пушкинге қатынасын танытатын және бір мақаласы «Әдебиет майданы» журналында жарияланды.

Жұртқа мәлім, Сәкен Пушкин юбилейін өткізу жөніндегі Бүкілодақтық комиссияның мүшесі болды, республикада ұлы ақынның үш томдығын қазақ тілінде шығару жұмысын басқарды. Міне, Сәкен мақалалары осындай бүкілхалықтық маңызы бар үлкен оқиғаның қарсаңында жарияланып, Пушкинді дұрыс және тереңірек танытуда айтулы қызмет атқарды.

Журналдағы мақалада Сәкен Пушкиннің халық санасындағы, әдебиеттегі биік орнын былайша түсіндіреді:

«А. С. Пушкин орыс елінің әдебиет тілінің, көркем әдебиетінің негізін, іргесін салған адам. А. С. Пушкин өз заманындағы орыс елін езген І-ші Николай атты қанды таяқ патшаның зұлым заңына шыдамай, лағнат айтып, қалың езілген елдің алдағы алтын сәулелі үмітіне қол созған ақын. Қалың езілген елдің болашақ бақытының, жарық таңының алтын сәулесінің шетін сезе білген. А. С. Пушкин орыс елінің мәдениет қазынасына қымбатты байлық кіргізумен бірге, дүние жүзіндегі елдердің баршасының әдебиет, мәдениет қазыналарына байлық кіргізген адам»<sup>4</sup>.

<sup>3</sup> Сонда.

<sup>4</sup> Сәкен Сейфуллин. А. С. Пушкиннің жүз жылдығы. — «Әдебиет майданы», 1936, № 2.

Ол кезде тұрпайы социологияның классикалық мұра жөніндегі көрінеу қиястығына, қыңыр пікірлеріне қатты тойтарыс беріліп, Пушкин сияқты классиктер дұрыс бағалана бастағанын ескерсек, Сәкен мақаласының маңызы айқындала түседі ғой дейміз. Мақала кемеңгер жазушының орыс халқы, орыс әдебиеті тарихындағы орасан зор еңбегін алдымен ауызға алудан басталуының өзі кездейсоқ емес-ті. Біз ұлы Абайымызды нағыз халықтық ақын деп дұрыс таныған кезіміз қай жылдар екенін де ұмытқамыз жоқ. Басқа жазушылар жайын сөз етпеген күннің өзінде, жас шағында Абайға көп еліктеп, талай өлеңін Абай үлгісімен жазған Сәкеннің өзі де 1927 жылғы бір мақаласында Абайдың орыс әдебиетінен ең алдымен нұсқа алған себебін «орысқа алдымен жанасқан қазақтың билері, ақ сүйек дүмділері болғандықтан»<sup>5</sup>, — деп мәселені біржақты түсінген. Мұның төркіні Сәкеннің өз басында емес, оның Абайды сүймеуінде емес, жаңағы айтқан тұрпайы социологияның салқыны тигендікте. Сөйте тұрса да, Сәкен Абайды қазақта орыс әдебиетіне «ең алдымен» қол созған ақын болу правосынан айырмайды.

«Әдебиет майданы» журналындағы мақаласында Пушкин шығармаларының қазақ тіліне аударылу жайын әңгімелей келіп, Сәкен Абай есімін зор құрметпен еске алады:

«Біздің қазақ әдебиетінде Пушкиннің гүлді сөздерін төңкерістен бұрын атақты ақын Абай қазақ тіліне аударған. Абай аударған Евгений Онегин мен Татьяна хаттарын қазақ даласында әдемі әнге жырлайтын еді»<sup>6</sup> — дейді.

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған революционер ақынымыз Сәкен Сейфуллиннің Пушкинге деген көзқарасында белгілі бір жүйе, тұтастық сезіледі. Орыстың данышпан ақынына, оның әдеби мұрасына Сәкен еш уақытта да сырт бермеген, оған пролеткульт «теоретиктерінің» байбаламы да теріс әсерін тигізе алмаған. Пушкинді «бүгінгі заман бортынан лақтыру» Сәкеннің ойына да кірмеген, қайта ол, бейнелеп айтсақ, қазақ даласын шаршылай шапқан тұлпарына

<sup>5</sup> Сәкен Сейфуллин. Шығармалар, төртінші том. Алматы, 1962, 324-бет.

<sup>6</sup> «Әдебиет майданы», 1936, № 2.

Пушкинді миңгестіріп алған сияқтанады. Сондықтан болса керек, Сәкен өмірінің соңғы жылдарына дейін басқа алыптармен қатар Пушкинді есінен шығармайды.

1936 жылы Алматыда жазушылардың қалалық жиналысы болып, әдебиеттегі формализм, натурализм жөнінде айтыс өткізілгенде, Сәкен кейбір сыншылардың натурализмді, формализмді ұшқары ұғынатынын атап көрсетті. Сонда ол бедел ретінде Пушкинге жүгінді.

«Егер мынау қара еді, анау қызыл түсті нәрсе еді, геройының көзі қара еді, немесе қой көзді еді дейтін болсақ, бұған әкеліп формализмді, не болмаса натурализмді жабыстыратын болса, меніңше, соны айтқан сыншының өзі формалист, натуралист. Пушкиннің «Жалған Дмитрий» деген геройы бар. Пушкин сол жалған Дмитрийді суреттей келе, оның бір қолынан бір қолы қысқа еді, ең ақыры бетінен аяғына шейін сақал шығып кеткен түкті еді дейді. Бұл да натурализм бе? Гоголь Ноздревті суреттегенде кеудесіне шейін шығып кеткен қап-қара түк еді дейді, бұл да натурализм бе?..»<sup>7</sup>.

Әдебиет сынындағы зиянды әдеттің бірі — жазушыны асыра мақтау, немесе жер-жебіріне жете жамандау. Сәкен осы туралы да ой айтқан. Егерде бір ақын бір тәуір өлең жаза қалса, ол ақынды мақтап, шыңға шығарып жібереді, Пушкинге, Байронға апарып теңейді. Егерде Байрон мен Пушкиннің қатарында тұрса, одан артық оған не керек. Сәкен осылай дейді.

Сөйткен Сәкеннің өз шығармаларында Пушкин мен үндестік бар ма? Болса қандай?

Біз міндетті түрде жол, шумақ ұқсастықтарын іздемейміз. Олай ететін себебіміз — бір ақынды бір ақынның көлеңкесінде қалдырып қою «хаупінен» қашқандықтан емес. Сәкен Пушкиннен үйренсе, өз басының ақындық дербестігінен айрылмай, творчестволық тұрғыдан үйренсе, оның несі айып болмақ? Тегінде, әсер дегеніміз баланы қорқытатын құбыжық емес қой. Көзге бадырайып көрініп тұрған әдеби әсердің атын әсер демегенде, не дейміз ендеше. Тек болғаны

<sup>7</sup> Сәкен Сейфуллин. Шығармалар, бесінші том. Алматы, 1963, 468-бет.

ықпал, үйрену мәселелерінің жігін ашып, айырмасын аңғару керек. Мұндайда мейлінше сергектік білдіріп, көркемдік такт дейтінді есте ұстау шарт.

Біздің байқауымызша, Сәкен әсіресе бір мәселеде Пушкинмен кәдімгідей үндеседі. Ол — ақынның қоғамдағы орны, ақын мен қауымның қарым-қатынасы туралы мәселе.

Сәкеннің «Асау тұлпар» жинағындағы «Ақын» өлеңін алып қарайық.

Гибратты сөздер айтып болдың, ақын,  
Мүсәпләфләр сөзіне сөзің жақын.  
Үлгі қып кейінгіге жаздың нұсқа,  
Қиыннан қиыстырып сөздің нақын.

Сәкен халыққа өлеңімен, сөзімен қызмет еткен ақынның еңбегін бағалайды. «Гибрат», «үлгі» сияқты сөздер өлең жолына бекер енгізілмегені анық. Әйтпесе келесі шумақтарда:

Сөзіңнің жылдан-жылға қадыры асты,  
Оқуға құмар қылды талай жасты,—

демес еді.

Көркем әдебиеттің тәрбиелік мәнін Сәкен осылай абайлатады.

Пушкиннің «Ақынға» (1830) өлеңі басқа бір тұрғыда басталады:

Ақыным! Елпілдеме ел сүйді деп  
Өткінші өтер-кетер бос гуілдек,  
Естісең ақмақ сынын, ез күлкісін  
Қалпыңнан қатал, салқын айныма тек.

Пушкин мен Сәкенде сөзбе-сөз ұқсастық жоқ, тіпті айырма бар. Бірақ ақынға арнап тіл қатқанда, оның өз басының қадір-қасиеті туралы айтқанда, екеуінде жарыса өрбитін ойлар жоқ емес.

Енді екі өлеңнің келесі шумақтарын келтіріп көрейік.

Пушкинде:

Патша өзің: өзіңше жүр, жолың айқын,  
Солай бас, қайда тартса еркін ақыл.  
Жемісін жетілте бер сүйікті ойдың,

Ізгілік ерлігіңе тілеме ақы.  
Өзінде ол. Өз басыңа өзің қазы.  
Өзіңдей еңбегіңе кім таразы!

Сөкенде:

Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,  
Бастаушы адасқанда болғандай жол.  
Өзге сөздің патшасы — сенің сөзің,  
Я бар бол дүниеде, яки жоқ бол.

Өлсең де мың жыл бұрын, сенің өзің,  
Тозбайтын алтын үлгі сенің сөзің.

Пушкин ақынға өзің патшасың, өзіңше жүр десе Сәкен оған сөзің патша дейді. Олай деуіне сол шумақтың алдыңғы екі жолында айтылған ой себеп болған.

Екі өлеңде де топас, надан топты шенеу сарыны басым: «Тобырлар шулай берсін боп наразы» (Пушкин); «Сөзіңді үлгі қылды білген адам, Түсінбес оқыса да бітеу надан, Ойында санасыздың енш нәрсе жоқ, Ілгері бассын деген қазақ халқын» (Сәкен).

Сонымен, ақынның қоғамдағы орнын баяндауда Пушкин мен Сәкеннің арасында айырма да, үндестік те барын байқаймыз.

Біз екі ақынның ақын туралы өлеңдерін атына қарап ала салғамыз жоқ. Сәкеннің Пушкинмен сарындастығын нақты көрсету үшін бір тақырыптың — ақын тақырыбының төңірегінен ұзамадық. Біз Сәкеннің «Ақыны» кімге арналғанын да ескердік. Аты аталмаса да, Абай екенін сездік. Бұлардың үстіне біз Сәкеннің «Социалистическая Алма-Ата» газетіндегі мақаласында маған Пушкиннің «Пайғамбар», «Ақын», «Ескерткіш» өлеңдері қатты әсер етті деген сөзін де ұмытқамыз жоқ. Ақынның мойындауын есептен шығаруды жөн көрмедік.

Пушкин Сәкеннің санасына тікелей оқу арқылы да, Абай аудармалары арқылы да мықтап ұялаған. Пушкин Сәкеннің орыс әдебиетімен, оның өзге классиктерімен танысуына жол ашқан.

Сәкеннің орыс поэзиясымен байланысын сөз еткен әдебиет зерттеушілері А. С. Пушкинмен қатар М. Ю. Лермонтовты да қоса атайды, оның қазақ ақынына жасаған ықпалын, екеуінің тақырып шешіміндегі айырмашылығын көрсетеді.

Лермонтовтың «Тұтқыны» мен Сәкеннің «Тұлпарым» өлеңін салыстырушылар екі өлеңдегі тұлпар төңірегіне көбірек тоқталады.

Рас, Лермонтовтың лирикалық қаһарманы:

Отворите мне темницу,  
Дайте мне сиянье дня,  
Черноглазую девицу,  
Черногривого коня!  
Я красавицу младую  
Прежде сладко поцелую,  
На коня потом вскочу,  
В степь, как ветер, улечу,—

деп қапастан босап шыққан соң кең далаға желше құйғытып кете баратынын айтады. Ал Сәкеннің лирикалық қаһарманы «темір торлы тас үйде» отырып, елде қалған тұлпарымен ойша тілдеседі де, оған «Құтқаршы мені қамаудан» деген тілегін айтады.

Мініп ап «шу!» деп кетейін,  
Жарысып соққан желменен.  
Көбігің шықсын күмістей,  
Шомылып аққан терменен.

Аймақты жарып дүбірің,  
Жаңғырсын таулар, жерменен.  
Сыпыра шауып қырымды,  
Амандасып көлменен.

Бұралған өзен, орманмен,  
Зеңгер таумен, белменен.  
Өңкей сорлы езілген  
Көрісейін елменен.

Біздіңше, Лермонтов қаһарманы да бас еркіндігін аңсайды. Анығында «Тұтқын» Пушкиннің қазасына өлең жазғаны үшін Лермонтов қамауға алынған кезде туған.

Сәкеннің Лермонтовтан айырмасы тұлпарды жалаң айтпай, еркіндік бейнесінде жырлауында емес. Лермонтов «Тұлпарды» жалаң айтып отыр ма? Жалпы, «жалаң айтпау» не деген сөз? Лермонтовтың лирикалық қаһарманы да тұлпар мініп, кең дүниеге шығуды көксемей ме? Бұл арада Сәкендегі «еркіндіктің» нақты тарихи жағдайдағы мәнін аша кету қажет. Сәкеннің лирикалық қаһарманы ақынның өзіне өте ұқсас, тағдырлас адам. Оның еркіндікті аңсауы — түр-

меден босап шығу ғана емес, қайтадан революциялық қызметке қызу араласуды аңсау (өлең 1918 жылы, Колчак түрмесінде жазылғанын ұмытпау керек).

Сәкеннің «Тұлпарымды» (жақшада «тұтқын» деген сөзі бар) жазуына бәрінен бұрын Лермонтовтың «Тұтқыны» ғана әсер етті деу қисынсыз. «Тұлпарым» — өмірдің өзінен, Сәкеннің және сол сияқты күрескерлердің басына түскен хал-жағдайдың тікелей әсерінен туған шығарма. Ал өмірде болған оқиғаны баяндауда өзіне әбден мәлім өлеңнің — Лермонтов «Тұтқынының» кейбір тәсілін Сәкеннің құп көруі көңілге қонбайды емес.

Біз «кейбір» дедік. Себебі Сәкен тұлпар төңірегіне тұтқынның көңіл-күйін топтап, Лермонтовтағыдай түрменің іші-сыртын суреттеп жатпайды, «түнгі тыныштықта үнсіз жүрген күзетші» барын да айтпайды, Сәкеннің өлеңінде «қаракөз қыз» да жоқ. Біз мұны айтқанда, Лермонтовтағы жәйттер неге қайталанбаған демейміз. Сәкеннің замыселі басқаша болғанға ұқсайды. Лермонтов романтикалық өлеңіне реалистік рең беретін детальдар енгізген, Лермонтовтың «Тұтқыны» мен Сәкеннің «Тұлпарым» өлеңін салыстырушылар мәселенің әлгіндей жақтарына жете зер салмаған.

Лермонтов пен Сәкен жайын әңгімелейтін әдебиетшілер «Тұтқын» мен «Тұлпарым» төңірегінен ұзап шықпайды.

Расында Сәкен Лермонтов шығармаларымен ерте-ректе танысқанға ұқсайды. Лермонтов өлеңдерін ол Ақмола мектебінде, училищесінде жүрген кездің өзінде-ақ оқуы ықтимал. Абайды жақсы білген Сәкен ол аударған Лермонтовтан хабарсыз болмаса керек.

Сәкеннің 1916 жылы жазылған «Құмарым» өлеңі жас жігіттің ғашықтық сезімін толғайды.

Қанатты, тағы тұлпарды  
Күміс ермен ерлесем;  
Ғашығымды алып алдыма,  
Далаға құлаш сермесем.  
Кең далаға көз жетпес,  
Тұлпарымды ұшыртсам,  
Қалқашыма мойнымнан  
Айрылмастай құштыртсам,—

деп келетін бұл өлең Лермонтовтың «Тұтқыннан» бес жыл бұрын жазылған «Желание» өлеңінің алғашқы

жолдарын еске түсіреді (келесі шумақтары мүлде өзгеше боп кетеді). Лирикалық қаһарманның «қара көз қыз» бен «қара жалды арғымаққа» құмарлығы айтылғаннан кейін, әсіресе:

Дайте раз по синю полю  
Проскакать на том коне, —

деген екі жолы «Құмарымның» кейбір жерімен рухтас. Әлгіндей жолдары, аттары ағайындас боп келген бұл екі өлеңнің өз ара айырмасы: Сәкен өлеңі жас жігіттің өмірдегі бір қызығына құмарлану сезіміне құрылған, ал Лермонтовта лирикалық қаһарманның сыбағасына тимеген өмірді, еркіндікті бір рет болса да жақыннан көруді аңсау сарыны басым.

Лермонтов сарындары Сәкеннің еркіндікке құштарлықты жырлау мақсатымен табиғи тоғысып, астасып жатады. Сөйтіп, Сәкен Лермонтовқа ойысқанда өз талантының қыры мен сырына қарай ойысады да, орыстың ұлы ақынымен табысқан шақта өз ерекшелігін сақтап қалады.

Сәкен Сейфуллин орыстың классикалық әдебиетінің қазынасына бой ұрғанда Пушкинмен танысудан бастап, Лермонтовқа келді, онан Некрасовқа соқты. «Халық қарындасы» атанған музаны ол халық бұқарасының үміт-тілегін білдіретіндігі үшін құрмет тұтты.

Сәкен революциялық күрес жолында қаһармандықпен қаза тапқан достарын ардақтауға келгенде А. Н. Некрасовқа сүйенеді. Өлеңнің аты — «Шаһит болған достарыма» (1919). Жақшада «Орышпадан өзгерту» деп ескертілген. Ал «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында бұл өлең кімдікі екені («Некрасовтың бір мұңлы өлеңі есіме келіп тізбектеліп...») ашып айтылған.

Внимая ужасам войны,  
При каждой новой жертве боя  
Мне жаль не друга, не жены,  
Мне жаль не самого героя...  
Увы! Утешится жена,  
И друга лучший друг забудет,  
Но где-то есть душа одна —  
Она до гроба помнить будет!  
Средь лицемерных наших дел  
И всякой пошлости, и прозы

Одни я в мире подсмотрел  
Святые, искренние слезы —  
То слезы бедных матерей!  
Им не забыть своих детей,  
Погибших на кровавой ниве,  
Как не поднять плакучей иве  
Своих поникнувших ветвей...

А. Некрасовтың «Внимая ужасам войны» деп аталатын осы өлеңі небәрі 17 жол ғана. Оқырманға түсінікті болуы үшін біз түп нұсқаны түгел келтірдік.

«Шаһит болған достарыма» — еркін аударма. Егер Сәкен «орышпадан өзгерту» — деп көрсетпесе, мұны қазақ ақынының төл шығармасы екен деп қалғандайсың.

Дүниеде ер жігіттің өлгені арман,  
Қадірсіз айдалада көмгені арман.  
Михнатты, қайғы, қасірет, былғаныш-  
ты —

Берінен сұм дүниеге келгені арман.

Бірінші шумақтан бастап-ақ Сәкен өзінің жорықтарда бірге жортып, революциялық жұмыстарды қатар атқарысқан, ұлы мұрат жолында қаза тапқан үзегілес жолдастарын, есіл ерлерді еске алу жағына ойысады.

Некрасов өлеңінің алғашқы шумағының соңғы екі жолында айтылған ойларды Сәкен ең соңғы шумаққа шығарады:

Аяныш емес ердің қара басы,  
Аяныш емес және жан жолдасы.

Бұл тұста Сәкен түп нұсқадан ауытқымайды, дәлме-дәл дерліктей етіп береді. Қаһарманның жұбайы жөніндегі жалғыз сөз ғана түсіп қалады. Бірақ аудармашы мұны түп нұсқаның келесі төрт жолын қазақшалағанда «Тыншығар біраз жылап сүйген жары» («Увы! Утешится жена») деп келетін бірінші жолға қосып жіберген тәрізді.

Сәкен ұлынан айрылған ғазиз ана жайын «Шаһит болған достарыма» өлеңінің түпкі идеясы деп білген (Некрасовта да солай). Сондықтан ол ана туралы ойларды түп нұсқадағы ортаңғы жолдардан аудармада алдыңғы шумақтардың біріне қарай көшірген (екінші шумақтың үшінші, төртінші жолдары).

Но где-то есть одна душа —  
Она до гроба помнить будет!

Көріп отырсыздар, Некрасовта «одна душа» делінген, бірақ әңгіме ана туралы болатынын ішің күнілгері сезгендей. Ал Сәкен сол «жалғыз жанның» ана екенін бірден аңғартып, нақтылап атайды. Өлеңін абзал анаға аяныш сезімін білдіруімен аяқтайды:

Дүниеде ең аяныш естен кетпес —  
Тамшылап сорлы ананың аққан жасы!

«Шаһит болған достарыма» осымен бітеді. Түп нұсқадағы «құлаған бұтақтарын» жерден көтере ала алмайтын үйеңкі бейнесі аудармада қалып қойған.

Некрасов өлеңінің негізгі ізін, идеясын, түпкі ойын сақтаған Сәкен, сөйтіп, қазақ ұғымына мүлде жақын, шырайлы шығарма жасаған. Орыстың революцияшыл-демократ ақыны тудырған өлең еңбекші халықтың бақыты жолындағы күресте «Шаһит болған достарыма» жөнінде Октябрь ақынының тебірене толғауына шапағатын тигізген.

Сәкен орыс классикасының творчестволық тәжірибесін еркін аударма арқылы да меңгерген. Бұл ретте ол Абай дәстүрін жалғастырған тәрізді.

Омбының мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезінде Сәкен Сейфуллиннің және онымен бірге болған студент жастардың ақыл-ойын билеген аса қадірлі жазушы Алексей Максимович Горький екен. «Оның есімі, — дейді Сәкен, — студент жиындарының күн тәртібінен түспейтін, оның прозамен жазылған өлеңдерін жаттап алып, студенттердің қызу айтысында салмақты дәлелдеме ретінде пайдаланатынбыз.

«Сұңқар жыры» мен «Дауылпазға» қазақтың бірталай жас жазушысы еліктейтін. Мен өзім әдебиет әлеміне 1916 жылы «Мүслима» атты прозадағы өлеңмен шықтым, бұл шығармам орыстың ұлы жазушысы творчествосының өшпес әсерімен жазылған еді. Сонан соң мен оның «Шыңырауда» пьесасын көрдім. Пьеса мені өзінің аса шыншылдығымен, қарапайымдылығымен қайран қалдырды»<sup>8</sup>.

<sup>8</sup> Сәкен Сейфуллин. Қазақ жазушыларының ұлы ұстазы. — «Казакстанская правда», 1936, 20 июнь.

Сонымен, біз Сәкеннің орыс әдебиетімен таныстығы жүйелі таныстыққа айналғанын көреміз. Озық әдебиеттің даму тенденциясын аңғармайынша, классикалық поэзияның нұсқаларын білмейінше Сәкеннің Маяковскийді қабылдауы оңайға соқпайтын еді. Горькийдің революцияшыл шығармаларын оқу, онан әсерлену Сәкенді бір саты жоғары көтерді.

Владимир Маяковский де, Сәкен Сейфуллин де — «Революция шақырып, жасақтаған» ақындар. Маяковский сияқты, Сәкен де Октябрьді «менің революциям» деуге әбден праволы еді. Жалғыз Сәкен ғана емес, туысқан халықтардың Якуб Қолас, Хамза, Садриддин Айни тәрізді ақындары да Октябрь таңын қуана қарсы алды. Хамзаның «Ей, жұмысшы!» (әнін де, сөзін де өзі жазған), Айнидың «Бостандық маршы» («Марсельеза әуенімен») өлеңдері Маяковскийдің:

Ешь ананасы, рябчиков жуй,  
День твой последний приходит, буржуй! —

дейтін атақты өлеңімен өрістес. Бұларға қазақ дала-сынан Сәкен үн қосып, совет поэзиясының алғашқы үлгілері бір ақынның ғана емес, әр ұлттың тілінде жазатын әр түрлі ақындардың қолымен жасалып жатты. Революция тақырыбы әсіресе орыс поэзиясында — ең революцияшыл поэзияда айрықша жаңғырығып, күшті бір тебіреніспен, дауылды дауыспен жырланды.

Революцияны В. Маяковский де, А. Блок та С. Есенин де қабылдады. Бірақ соңғы екі ақынның түсінігінде өзгешелік болды. «Он екі» мен «Скифтердің» авторы революцияны көбінесе стихиялы, қиратушы күш деп ұқты. Ал Есенин кейініректегі бір мақаласында: революция жылдарында түгелімен Октябрь жағында болғанын, бірақ бәрін өзінше, шаруа бейімімен қабылдағанын мойындайды.

Маяковский жайына келсек, мәселе айдан анық. Өнер қайраткерлері одағы уәкілдерінің 1917 жылғы ноябрьде болған жиналысының протоколында Маяковскийдің: «Жаңа өкіметті құттықтап, онымен қарым-қатынас жасау керек»<sup>9</sup> деген сөздері бар.

<sup>9</sup> Владимир Маяковский. Шығармаларының толық жинағы, 12 том. М., 215-бет.

Сәкен Сейфуллин ол кезде Маяковскиймен тікелей байланыс жасамаса да, ол туралы арнаулы пікір айтпаса да, «Қызыл баррикаданың» бір жағында революция жыршысымен біргемін деп білген.

Владимир Маяковский және Сәкен Сейфуллин.

Бұл — күрделі тақырып. Қиындық екі ақынды қатар алып, шығармаларын қарастыруда ғана емес. Олардың екеуі де күрделі ақындар.

Маяковскийдің жүріп өткен жолы — біртегіс емес, кезінде белгілі қайшылығы болған, ұзақ та даңқты жол. Ол өзі өмір сүрген, өзін тудырған дәуір тәрізді аса ірі тұлға, өте кең құлашты (масштабный) ақын. Маяковский шығармалары туралы сөз қозғау — бүкіл социалистік реализм әдебиетінің, оның келелі бір саласы социалистік поэзияның қалыптасу, өрлеу жолын әңгімелеумен бара-бар.

Қазақ әдебиетіндегі Сәкен жолы да оп-оңай жүгіріп өткен адамның жолы дей алмаймыз. Осу қиыншылығын жеңіп, үнемі іздену үстінде өрлей берген, поэзияда тың көтерген, бірінші жаңашыл ақынымыздың кейде жаңсақ басып қалған, көркемдік келеңсіздікке бой алдырған сәттері де жоқ емес. Осының өзінде Сәкен поэзиясы Қазақстанда жаңа өмір орнату жолында жүргізілген қажырлы күрестің тұтас бір дәуірін көрсететін айна тәрізді.

Маяковский мен Сәкеннің өмірбаянында, тағдырларында зор айырма бар. Сонымен қатар, кейбір жағнаспа жайлар да жоқ емес.

1908 жылы Москваның классикалық бесінші гимназиясындағы оқуын тастап, Маяковский түгелімен революциялық қызметке берілген. Подпольеде «Константин жолдас» атанған ол 1908—1909 жылдары үш рет абақтыға алынған.

Сәкен де революциялық қызметі үшін Қолчактың темір торлы түрмесінде азап шеккен. Бірақ қаймықпаған, алған бетінен таймаған.

Маяковскийдің де, Сәкеннің де өлең өнерімен әуестенуі біршамада басталған. Бутырск түрмесінің жалғыз кісілік камерасында отырған кезде (1909—1910 жылдар) Маяковский біраз өлең жазған. Оның өлең толған бір дәптерін түрме басшылары тінтіп тауып алған да, босатарда иесіне қайтармаған. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Маяковскийдің ондағы

өлеңдері — еліктеудің жемісі. Ал ақынның жинақтар мен журналдарда алғаш жариялануы — 1912 жыл.

Сәкен де өлең жазумен 1910 жылдар шамасында айналыса бастаған. Тұңғыш жинағы 1914 жылы басылып шыққан.

Әрине, мұның бәрі формальді жәйттер, бірақ біз үшін кездейсоқ нәрсе емес.

Маяковский мен Сәкен жас жағынан шамалас (Маяковский бір жас үлкен) болғанымен, олардың ой ерісі, дүние тану дәрежесінде үлкен айырма бар.

Маяковский өзі өмір сүрген дәуірдің озат идеяларымен, революция қарсаңындағы халық қозғалысымен тығыз байланыста болды. Сондықтан оның поэзиясында теңдікке қолы жете алмай жүрген еңбекші бұқараны қорғау, адамды бақытқа жеткізу жолын қарастыру жағы негізгі сарындардың біріне айналды. Жас Маяковский буржуазиялық дүниенің сұм-сұрқиялығын әшкереледі, қайшылығын ашып көрсетті.

Орыс әдебиетшілерінің айтуынша, Маяковскийдің буржуазиялық құрылысқа қарсы наразылығы болашақ социалистік қоғам адамын армандауымен төркіндесіп, тамырласын жатады. Бұл проблема ақынның «Түн», «Таңертең», «Көшеден көшеге» өлеңдерінде, «Владимир Маяковский» трагедиясында, әсіресе «Шалбарлы бұлт» поэмасында көтеріледі.

Жас Маяковский футуризмнің теріс ықпалына шалдыққаны мәлім. Бірақ Маяковский футуристермен біте қайнасып кеткен жоқ, кешікпей онан біржола қол үзді.

Сәкеннің революцияға дейінгі шығармаларында буржуазиялық дүниеге наразылық дәл Маяковскийдегідей ашық-айқын еместігін және болашақ қоғам адамы жөнінде де Сәкеннің мәселе қозғамайтынын біз ақынның кінәсі деп қараудан аулақпыз. Мұның себебін біз сол кездегі қазақ елінің тарихи-қоғамдық даму сатысынан іздейміз.

Сонда да Сәкен Омбының мұғалімдер семинариясында оқып жүрген шағында революцияшыл-жазушы Феоктист Березовскиймен жақындасып, онан орыс халқының революциялық күресі, астыртын саяси жұмыс, большевиктер партиясы туралы сұрап-біліп отырғанға ұқсайды. Бұл Сәкен үшін бір адым алға басқандық.

Октябрь жаңа дүние ақындарының идеялық жағынан бір бағытта болуына қоғамдық-әлеуметтік негіз жасап берді. Революцияны сөзсіз қабылдаудың өзі-ақ, оған айнымай, адал қызмет ету жолына түсудің өзі-ақ Октябрь ақындарының көзқарасындағы ортақ сипаттың біріне айналды.

Қорытсам  
бастан кешкен  
өмірімді,  
Шомамын  
көп күннен  
бір күнге нұрлы.  
Еске алам  
Естен шықпас  
бір-ақ күнді,  
Тұңғыш күн —  
жиырма бесінші  
Октябрьді, —

дейді Маяковский өз өмірінің, творчествосының ең жарқын, жаңа беті болып ашылған күнді еске ала келіп.

Сәкен де Октябрь туы астында күреске аттанған күндерді ұмытпайды:

Қызыл тудың  
Сабын бірге сүйгемін,  
Жалын — отқа  
Бірге пісіп күйгемін.  
Сертті күнде,  
Қанды түнде,  
Жау ішінде  
Қызыл туға  
Жанды бірге түйгемін.

Маяковский де, Сәкен де және өз тағдырын революциямен тығыз байланыстырған басқа ақын, жазушылар да халық өмірімен біте қайнасып, оның жырын жырлайтын жаңа әдебиет үшін күресті.

Бұ да Октябрь ақындарына ортақ сипаттың бірі еді.

Ұлы ұстазымыз Владимир Ильич Ленин, Коммунистік партия совет өкіметінің алғашқы жылдарында ақ мәдениет пен әдебиеттің дұрыс бағытпен дамуына жол сілтеп, зор қамқорлық жасады, дәйекті күрес жүргізді. Партия басшылығы жазушылардың күрделі де қиын өмір құбылысын дұрыс аңғаруына көмектес-

ті, жаңа дүниенің жаңа әдебиетінің алғашқы табыстарын қамтамасыз етті.

Есте болатын нәрсе, революцияның алғашқы жылдарында Маяковский жалғыз емес еді. Әдебиетте Алексей Максимович Горький, Демьян Бедный, Александр Серафимович сияқты белгілі пролетариат жазушылары белсене қызмет атқарды.

Ұлт әдебиеттерінде Павло Тычинаның, Якуб Коластың, Мәжит Гафуридың, Хамзаның және басқаларының үндері жарқын естілді. Октябрьде азаттық алған халықтар өз арасынан жаңа тұрпатты ақын, жазушылар шығарып жатты. Сәкен Сейфуллин, міне, осы қатарда, алдыңғы лекте жүріп, совет поэзиясын бастаушылардың бірі болды.

Маяковский мен Сәкеннің әдебиетке енгізген жаңалығының мәні, Сәкеннің Маяковскийге жақындығы, екеуінің айырмашылығы жөнінде әр кезде айтылған пікірлердің ішінен біз профессор Хажым Жұмалиевтің мына бір тұжырымын түгелімен құптаймыз:

«Форма жағынан алғанда Маяковскийдің орыс өлең түрлеріне енгізген жаңалығы тоникалық өлең құрылысына негізделсе, Сәкеннің қазақ өлең құрылысына енгізген жаңалығы силлабикалық өлең құрылысына негізделді.

...Сәкен Маяковскийдің орыс поэзиясына енгізген жаңа түр, жаңа стилін ұнатушы, жақтаушы, одан творчестволық жолмен үйренуші және осы жаңа стильді қазақ әдебиетіне қалай енгізуді ойлаушы қазақтың бірінші ақыны болды»<sup>10</sup>.

Әдетте Маяковский мен Сәкен арасындағы үндестікті қазақ әдебиетшілері, «Владимир Ильич Ленин» мен «Советстан» жазылған мезгілден — жиырмасыншы жылдардың орта шенінен бастайды.

Біздіңше, екі ақынның бағыттастығы, идеялық-творчестволық көзқарастары мен принциптерінің төркіндестігі Октябрьден кейінгі жылдардың өзінде-ақ сезіліп тұратын сияқты.

Маяковскийдің «Біздің марш», «Революцияға ода», «Солға марш» өлеңдері Ұлы Октябрьді мадақтаған гимн тәрізді. Ақын қанау, теңсіздік дүниесін тас-тал-

<sup>10</sup> Х а ж ы м Ж ұ м а л и е в. Әдебиет теориясы. Алматы, 1960, 178-бет.

қан етіп, адамзат тарихында жаңа заман орнатқан революцияны, жеңген халықты зор пафоспен жырлайды:

Тебе,  
освистанная,  
осмеянная батареями,  
тебе,  
изъявленная злословием штыков,  
восторженно возношу  
над руганью реемой  
оды торжественное  
«О»!

Тебе обывательское  
— о, будь ты проклята трижды! —  
и мое  
поэтово  
— о, четырежды слався,  
благословенная!

Сәкеннің «Кел, жігіттер», «Жолдастар», «Жас қазақ марсельезасы» тәрізді өлеңдері — қазақ поэзиясындағы Октябрь жаңғырығы, қарулы күрестің дабылы. «Екпін үнді, қызыл сымды домбыраны қолға алып, Кезіп қырды, қосып жырды, күңіrentіп өн» салғандары мақсат: «Залымдық пен әділдіктің алысқанын», «Жер жүзінде бай мен кедей шабысқанын» айту. Сәкен «Жолдастар» өлеңінде мұнан тереңдеп, өткір күрес тілімен, Октябрь ұранының тілімен сөйлейді.

«Жолдастар» — Сәкеннің программалық шығармасы. Қазақ халқының совет заманында алғаш жаттап алып айтқан ең сүйікті өлеңі.

«Жолдастарда» Сәкен «Асты-үстіне келтіріп сұм дүниені, жаңа тұрмыс, бақытты қолмен жасар» заман туғанын айта келіп еңбекші халыққа революцияның мәнін қолға ұстатқандай әрі қарапайым, әрі көркем тілмен түсіндіреді.

Ту тігетін, мінекей, замандарың,  
Нық басатын темірдей табандарың,  
Жолдастар!

Теңдік, бақыт, әділдік орнаталық,  
Бұзып кіріп дұшпанның қамалдарын,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Востандықты алып қал!

«Жолдастарда» атақты «Интернационалдың» айбынды сөздерімен іштей табысып, тікелей тамырлас келетін шумақтар бар. Бай да, патша да, тәңірі де бермегенді енді:

Балғын білек күшімен аламыз біз, —

деп, ақын үзілді-кесілді тұжырым айтады.

Маяковский де, Сәкен де Октябрь революциясы жайындағы алғашқы советтік пьесалардың авторы. Драмалық оқиғасы, сюжет желісі, жазылу мәнері жағынан әрқайсысы өзіндік бітіммен көзге түсетін «Мистерия-буфф» пен «Қызыл сұңқарлардың» өзектес жерлері де жоқ емес. Маяковскийдің пьесасында дүниежүзілік тасқын — революция — ескілік атаулыны жер бетінен жуып-жойып жібереді. Ал Сәкен пьесасында революция «жазғытұры күңіреніп тасыған су» бейнесінде суреттеледі. «Бұл тасқын жолындағы мыңмиллион бөгеттерді киіп-жарып, сипап, жойып, баратын жеріне жетіп жайылмақ!» — дейді «Қызыл сұңқарлардың» бас қаһарманы Еркебұлан.

Ақынның социалистік қоғамдағы ролі мен орнын түсінуге келгенде Маяковский мен Сәкеннің арасында алшақтық жоқ деуге болады. Мұның мысалын біз олардың өз басынан, әдебиетке, поэзияға көзқарасынан, бүкіл творчестволық тәжірибесінен табамыз. Мәселен, әдебиеттің адамзат тарихында атқаратын қызметі туралы 1922—23 жылдардың өзінде Сәкен былай деген:

«Адам баласының тұрмысының өм дүниеге қарасының өзгергеніне қарай әдебиет те өзі туып, дүниеге таралып, жайылғаннан бері талай түрге, талай жайға, талай ағынға түсті, талай дәуірге түсті.

Әкелерінің тұрмысын алдарына суреттеп беріп, жақсылықтарынан үлгі беріп, жамандықтарынан сақтандырып, әдебиет адамды түзейді. Кейінгі жас буынды тәрбиелейді. Әдебиет үлгі»<sup>11</sup>.

Мұнан кейінгі мақалаларында Сәкен: әдебиет тап құралдарының бірі, әр тап өзіне құрал болуға жарайтын әдебиет шығармасын ғана қастерлейді деген пікір айтады.

<sup>11</sup> Сәкен Сейфуллин. Шығармалар, төртінші том. Алматы, 1962, 210-бет.

Совет әдебиетінің революцияшыл сипатын, жаңашылдық қасиетін Сәкеннің терең түсінгендігін ыспаттайтын ең көрнекті шығармасының бірі — «Советстан».

«Советстанның» мазмұны мен түрінің диалектикалық бірлік тауып, мәнерлесе қиысқаны, қазақ әдебиеті жағдайында тыңнан жол салған жаңашыл поэма болғаны жөнінде аз айтылған жоқ. Шығарманың кезінде қалай қарсы алынғаны, кімдердің сойыл ала жүгіргені, кімдердің жылы шырай білдіргені бізге әдебиет тарихынан әбден мәлім шындық.

«Советстан» — қазақ совет әдебиетінің әлі жас кезінде туса да, оның марқайып келе жатқанын танытқан талантты туынды. Ол — әдебиетіміздің өсу тарихындағы жаңа бір кезеңнің басы тәрізді.

Ақын небәрі 350 жолдан аз-ақ асатын, шағын ғана поэма жазған. Бірақ көлемі ықшам шығармаға тұтас бір дүние сыйып кеткен. Революцияны, ол туғызған, жаңартқан жаңа дүниені алға қарай жүйткіп келе жатқан экспресс бейнесінде суреттей отырып, Сәкен кешегімен бүгінгінің, ертеңгінің өз ара ішкі байланысын көрсете алған. «Советстан» — беті бүгінгіден ертеңге бұрылған, келешекті көңіл көзімен көретін перспективті шығарма. Поэманың аяқ кезінде ақынның лениншіл жас ұрпаққа арнай тіл қатуы, ескілікті ақырына дейін құртатын сендерсіңдер деп үміт артуы үлкен философиялық түйінге айналады:

Тынбай үйрен, әуейі боп мастанба,  
Алға адымда, ешнәрседен жасқанба!  
Лек-лек қапта,  
Жұп-жұп атта!  
Нық-нық тапта!  
Ескілікті күл ғып ұшыр аспанға.

Сәкеннің жастар жайындағы толғамалы жолдары комсомолдың III съезінде Ленин айтқан аталы сөздердің өлеңге түскен сәулесі тәрізді: болашақ жастардікі. Осы арада Владимир Маяковскийдің:

Комсомолец,  
живя  
в твои летá,  
Октябрьским  
озоном  
дыша,

Помни,  
что каждый день — этап,  
к цели  
намеченной шаг, —

дейтін өлеңі еріксіз еске түседі.

«Советстанды» оқығанда көз алдыңа келетін тұтас образ — Октябрь елінің образы. Сәкен 1917 жылғы Октябрь революциясы жөнінде поэманың екі тараушасында ғана («Советстан — отарба», «Советстан — сегіз жасар арыстан») айтады, онда да отарба бейнесімен байланыстырады: «Поезд биін бір күні жұрт құлатқан, атып жерге доңыздай ғып сұлатқан».

Сәкен жаңарған еліміздің образын жасауда сол елдің қожасы совет халқын тарихтың ең басты, ең қозғаушы күші ретінде алдыңғы планға қояды. Отарбадан патшаны лақтырған да, ендігі басшысы кондукторды сайлаған да халық; кондуктордың өзі де сол халықтың билігінде. Сондықтан ақын кондукторға халық атынан тіл қатып:

Кондуктор,  
Жатпа, тұр!  
Электр,  
Тағы жақ,  
Сақ бол, сақ!  
Жақсы бақ,  
Жол ұзақ, —

деп ескертеді.

Халық — поэмадағы басты тұлға. Отарбаның тынымсыз заулауы, «Жауыздықты ауыздықтап», «Кім көлденең тұрса, соғып жемірген» тегеурінді екпіні әйтеуір бір ілгерілеуді емес, халықты мұнан да бақытты, қуанышты жылдарға тезірек жеткізу тілегінен туған үрдіс қимыл мен үдемелі қарқынды бейнелейді. Өмір ырғағына сай өлең ырғағы табылған.

«Отарбада сан румыз — тілек бір, Советстан сан рулы елің бар» деу арқылы ақын СССР-дің көп ұлтты мемлекет екенін факт ретінде атайды. Бірақ келесі жолда «махаббатты жүрек бір» деп келетін лирикалық жылы лебіздің орны бөлек. Ол халықтар туысқандығын аңғартуға әбден жарап тұр.

Сәкен Советстанның ұлыдығын революциялық істерімен ғана емес, географиясымен де көрсетеді. Сте-

пан Разин мен Пугачев есімдері орыс халқының ертедегі ерлік жолын еске түсірсе, Волга өзені, Орал тауы, Кавказ бен Алтай — кеңдіктің, байлықтың, биіктік пен беріктіктің белгісіндей көрінеді. Ақын Жайық пен Бетпақты атау арқылы қазақ жерінің географиялық келбет-кескінін абайлата кетеді.

Поэмада отарба нұрлы дүниенің бейнесі. Сондықтан мұнда электр сөзі айрықша мәнді болып шыққан. «Советстандағы» электр — отарбаның ішін жарық қып тұратын шам мағынасынан кеңірек те, тереңірек те. Ол — бүкіл елді электрлендіру жөніндегі лениндік идеямен нәрленген образ.

«Советстан» поэмасының паш етерлік және бір жері — Октябрь революциясының дүние жүзілік маңызы шығарма желісіне табиғи қалпымен енгізілген:

Адамзатқа гулеп ұран тараттың,  
Дүниені таңырқатып қараттың.

Советстан — сапар үстінде. Ол келешек күндерге, коммунизмге қарай жол тартып бара жатыр. Ақын нысанаға жеткенше алдымызда талай асулар барын, жолдың ұзақтығын, әлі талай қиыншылықтарды жеңуге тура келетінін ескертеді. Біздіңше, Сәкен поэма-сына мықты түйін тапқан.

Кондуктор,  
Қарап тұр!  
Жол ұзақ,  
Айдап бақ,  
Уклон бар,  
Терең жар,  
Сақ бол, сақ!

Сәкеннің «Советстаны» жас совет елі өткен қаһармандық жолдың көркем белгісі ретінде бүгінгіміз үшін де маңызын жоғалтпаған актуальды шығарма.

«Советстан» қазақ совет өдебиетінде лирикалық-эпикалық поэманың жаңа үлгісі ретінде туып, өзінен кейінгілерге өнегелік ролін атқарды. Қазақ поэзиясында дәл «Советстандай» дәстүр туғызып, қолдаушысы мен қостаушысын тапқан поэма кемде-кем шығар.

Лирикалық-эпикалық поэмалар әр түрлі болып келуі ықтимал. «Советстанда» ел өміріндегі тарихи-революциялық зор өзгерісті көркемдікпен көрсету ақынның

сол өзгерістерге тікелей лирикалық қатынасын үнемі білдіріп отырумен астасады. Жалғыз «Қиял-ой...» та-раушасы ғана емес, поэманың басқа жерлерінде де ақын әңгімелеу барысына өзі араласып, біресе туған елге («Уа, Россия көлемің зор көлбеген»), біресе оқырманға («Кейін қара, былай өтсін комсомол!»), дүркін-дүркін кондукторға тіл қатады.

«Советстанда» кәдімгі біз білетін әңгімелі оқиға жоқ. Мұнда жеке бір адамның — қаһарманның тағдырына құрылған сюжет желісі де көзге көрінбейді. Бірақ мұнда революцияның, ол орнатқан социалистік елдің сипаты, тоқтаусыз алға басқан құдіретгі екпіні, сәулелі болашағы бар. «Советстанның» эпикалық негізі осындай.

«Советстан» өзінен бір жыл бұрын жазылған «Владимир Ильич Ленинге» жанрлық сипаты, жаңа мазмұнға лайық жаңа форма табу жағынан орайласады. Сәкен Маяковскийдің творчестволық принципін жөн көреді. Әлбетте, бұл екі шығарма заман шындығын қамтуы, оқиға, мазмұны, сюжет желісі, образ жасау жағынан бір текті емес, әр текті дүниелер.

Сәкеннің «Советстанда» Маяковский мәнеріне жуықтайтын тағы бір жері — өлең ырғағының байлығында, динамиканы, екпін-қимылды беретін ырғаққа «ой жүгін» арта білуінде. Әңгіме он бір, төрт және үш буынды өлшемдердің аралас келуінде емес, олардың өз ара ұнасымды үйлесім (гармония) тапқанында, сөйтіп, тұтасқан қалпында жаңа көркемдік құрал дәрежесіне көтеріліп, социалистік заманның мазмұнын, екпін күйін беруге жарағандығында.

Жаңа туып келе жатқан совет эпосының кейбір ортақ сипаттарын біз Демьян Бедныйдың «Бас көше» (Октябрьдің бес жылдығына арналып 1922 жылы жазылған) поэмасынан да көреміз. Маяковский де, Сәкен де, сол сияқты Демьян Бедный де Октябрь революциясын қоғамның заңды дамуының қорытындысы, тарихи ұлы өзгерістер мен жаңалықтардың басы етіп суреттейді. Ортақ қасиеттің бірі осы.

«Бас көшеде» мен «Советстанда» екі ақынның осыған дейінгі бірсыпыра өлеңдерінен ауысқан сарыңдар, жөйттер жоқ емес. Мәселен, «Бас көшенің» кей жерлері Д. Бедныйдың 1917-1922 жылдар аралығында жазылған өлеңдерімен әуендес болса, «Советстанда»

Сәкеннің «Қара айғыр», «Біздің тұрмыс экспресс», «Отарба» сияқты өлеңдерімен жалғастық сезіледі.

«Советстан» туралы ойымызды академик-жазушы Сәбит Мұқановтың 1936 жылы айтқан мына бір сөздерімен қорытқымыз келеді:

«Советстан» — жалпы совет поэзиясының ең биік өркешінің біреуі. Бұл поэманы мазмұн жағынан да, түр жағынан да бүкіл Одақтағы совет поэзиясының маңдай алдындағысының қатарына қосуға болады. Ақын мұнда ұлы қарқынмен ілгері зырлап бара жатқан социализм дәуірінің бейнесін мазмұнмен ғана емес, түрмен де береді. Сөздердің құрылуы, дыбыс үндестігі, ырғақ, үйлес жақтары қызу қарқынға өте дәлденіп жасалған. Оқыған уақытта поэма экспрестей адамды ілгері алып ұшып отырады. Қазақ ақындарының, әсіресе жастардың көбі «Советстанға» еліктейтін себебі осы. Түрі мен мазмұны бірдей түскен бұл сықылды сұлу поэзияны қазақ әдебиеті Сәкеннен бұрын аз көрді. «Советстан» жалпы қазақ поэзиясын бұрын шықпаған жоғарғы сатыға көтерді»<sup>12</sup>.

«Советстанмен» байланысты мынадай бір детальға тоқтай кетуді мақұл көреміз. Сәкен жиырмасыншы жылдары комсомол, жастар арасына кеңінен тараған революцияшыл ән, жырлармен жете таныс болғанға ұқсайды. Мәселен, 1922 жылдың бас кезінде дүниеге келген атақты «Паровоз» әнінде (сөзін Киев заводының токары жас ақын Борис Скорбин жазған) паровозды «революция локомотиві», қарыштап алға басудың, тоқтаусыз ілгерілеудің символы ретінде суреттеу негізгі сарынды абайлатады. Әннің қайырмасы:

Наш паровоз, вперед лети!  
В коммуне остановка.  
Иного нет у нас пути!  
В руках у нас винтовка.

Революция локомотиві туралы, Коммуна туралы бұл өлеңнің Сәкенге мәлім болмауы мүмкін емес. Бірақ біз мұны айтқанда «Советстан» поэмасы «Паровоз» сияқты әйгілі ән өлеңдерінің әсерімен жазылды деуден аулақпыз. Біздің аңғартпағымыз бір ғана нәрсе: Сәкен сол тұстағы революцияшыл орыс совет поэ-

<sup>12</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 186-бет.

зиясының таңдаулы үлгілерінен хабардар болды, оның татымды тәжірибесін ескеріп отырды.

Сәкеннің Маяковский дәстүріне және «Советстанда» жасаған өз үлгісіне сүйеніп жазған шығармаларының бірі — «Альбатрос» поэмасы.

«Альбатростың» тақырыбы туралы Сәкеннің өзі мынаны айтады:

«Бұл поэма Қазақстандағы асыра сілтеушілік кезінде жазылған еді. Бұл жөндегі менің замыслым өте үлкен еді. Мен жиынтық түрде азамат соғысының образын бергім келген еді. Тап тартысын көрсетіп, тартыс майданын көрсетіп, қызылдардың, ақтардың соғысын көрсеткім келген еді. Осы ұлы күресте қызыл әскердің ұлы командирі Лениннің өзі болғандығын айтып бергім келген еді. Азамат соғысына басшылық еткен Лениннің образын, майдандағы, қара жердегі, су үстіндегі таптардың ашынған күресін көрсеткім келген еді. Менің интервенция біздің елімізді қоршап алғандығын, сол күнде біз қызыл әскерлер болып Лениннің басшылығымен сыртқы, ішкі жауларымызбен қалай күрескендігімізді суреттегім келіп еді. Менің поэмаларда көрсетпек болғаным осылар еді»<sup>13</sup>.

Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин», «Жақсы!» поэмалары бір-бірімен қаншалық тығыз байланысты болса, Сәкеннің «Советстаны» мен «Альбатросы» да өз ара соншалық сабақтас. Сонымен қатар «Альбатрос» — Маяковскийдің ең ірі екі шығармасынан творчестволық нәр-нақыс алудың, оның революциялық дәстүріне табан тіреудің жемісі. «Альбатрос» — әсіресе «Жақсы!» поэмасына жанасымы бар шығарма.

Это время гудит  
телеграфной струной,

это

сердце

с правдой вдвоем.

Это было

с бойцами,

или страной,

или

в сердце

было

в моем.

<sup>13</sup> Сәкен Сейфуллин. Шығармалар, бесінші том. Алматы, 1983, 466—467-беттер.

Маяковский поэмасының бірінші тарауындағы осынау әйгілі, шыншыл, сыршыл жолдарды Сәкеннің «Альбатросына» эпиграф етіп қоюға болатын тәрізді.

Революцияны кей реттерде дерексіздеу суреттеген «Мистерия-буфф», «150 000 000» шығармаларына қарағанда «Жақсы!» поэмасында Маяковский заман шындығын, совет халқының социализмге қарай қадам басқан нақты — тарихи жолын кеңінен шолып, толығынан толғайды.

Ақын революцияның дамуын үш кезеңге бөледі. Бірінші кезең — елімізде Октябрь революциясының жасалуы, екінші кезең — азамат соғысының жылдары, үшінші кезең — социалистік құрылыстың өрістеуі.

«Альбатрос» поэмасында да ел басынан өткен дәуір шамамен осындай үш кезеңді қамтитын сияқты. Бірақ сол кезеңдерді көркемдікпен сипаттауға келгенде Сәкен Октябрь революциясының жасалуын қысқа ғана баяндап, бір тараушамен тамамдайды («Ленин туының астында»). Поэmanın негізгі тараушаларында азамат соғысының оқиғалары қамтылған, шығармада көзделген мақсат сол болғандықтан, ақын шет ел интервенциясына қарсы күрес, социалистік отанды жаулардан қорғау кезеңіне көбірек көңіл бөлген.

Сәкен Октябрь күндерін лепті сөздермен баяндау тәсілін қолданады:

Алмас қолда,  
Жұмыскер тап майданда,  
Шапты қайтпай  
Патшадан да, байдан да.  
Ленин — алда...

Болат балға...  
Жау жақ, — далда:

Алмас отты  
Көктен атқан жайдан да.  
Жұмыскер тап  
Майданда алға өрледі.  
Талай шапқан  
Жауға туын бермеді.  
Жау шабынды...

Жау жабылды,  
Күш сабылды.  
Жұмыскер тап

Оңға, солға  
Ақ алмасты сермеді.

Маяковскийді алсақ («Жақсы!» Сәкеннің «Албатросынан» бес жыл бұрын жазылған) революцияның

басталу, өрістеу сәтін тарихи нақты оқиғаларға сай, көркем штрих, детальдар арқылы көз алдына келтіре суреттейді.

А в Смольном,  
в думах  
о битве и войске,  
Ильич  
гримированный  
мечет шажки,  
да перед картой  
Антонов с Подвойским  
втыкают  
в места атак  
флажки.

Онан әрі адамзат тарихында жаңа заманның басталғанын хабарлаған атақты «Аврораны» ақын «бабахнула шестидюймовка Авророва» деп бір-ақ жол өлеңмен сипаттап бере алған. Мұндағы «бабахнула» сөзі өз орнында айрықша әсерлі болып тұр.

Путилов заводы жұмыскерінің көтеріліс кезінде юнкерге: «Сен, жігітім, ұрлап алған сағатыңды шығар бері, сағат енді біздікі!» дейтін сөздерінде қаншама терең мағына бар. Путиловшының айтып отырған сағаты кәдімгі мағынасында да, заман біздікі дейтін ауыспа мағынасында да көкейге қонымды, аса қызықты деталь.

Революция атынан өктем сөйлейтін матрос образы да есте қалады:

А в двери —  
бушлаты,  
шинели,  
тулупы...  
И в эту тишину  
раскатившийся влать  
бас,  
окрепший  
над реями рея:  
«Которые тут временные?  
Слазь!  
Кончилось ваше время».

Сәкен, сіре, Октябрь күндерін бұлайша кеңінен суреттеуді өзінің алдына міндет етіп қоймағанға ұқсайды. Ол жаңа дүние орнату күресінің жалпы картинасын беруді ғана мақұл көрген болса керек.

Ескі дүниеге шабуыл жасау ұраны көтерілген сәт  
екі поэмада да аса лепті, команда тілімен беріледі:

«Жақсы!» поэмасында:

— Долой!  
На приступ!  
Вперед!  
На приступ!

«Альбатроста»:

Раз,  
Два,  
Тап!  
Лек —  
Лек  
Сап!  
Шың  
Болат  
Шап!

Азамат соғысының ауыр жылдарында ішкі-тысқы дұшпандардың шабуылын тойтарып, оларды тас-талқан етіп жеңіп шығу, сөйтіп совет елінің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалу жолында бүкіл халық, оның қарулы күштері көрсеткен ғажайып қаһармандық «Альбатрос» поэмасының өзекті идеясын белгілейді. Халықты майданға жұмылдыру, Қызыл Армияның ұрыс қимылдарына басшылық ету жұмысын Лениннің тікелей өз қолына алғаны шығармада жарқын суреттеледі. Сәкен Ленинді шайқас болып жатқан жерде, команда пунктінде тұрған Вас командир бейнесінде көрсетеді:

Саңқ-саңқ бұйрық  
Берің майдан басында,  
Ленин тұрды  
Штабтың ортасында...  
Шелте тұрғы...  
Ленин тұрды  
План құрды.  
Штаб — ЦКа, —  
Командирлер қасында,  
Қызыл әскер  
Жер бұдырын сағалай,  
Ұзақ желі  
Жатты тізбек жағалай.  
Шелте жатты,  
Көздер қатты,  
Кезеп атты...

Ленин тұрды  
Жауды болжап бағалай.  
Құйған құрыш  
Лениннің нық тұлғасы.  
Бар шындықты  
Қорытқан ми бір басы.  
Дүрбі қарап,  
Жауды санап,  
Күшін балап,  
Қос қолында  
Маркстің нық тұрбасы...

Бұл үзіндіні ұзақтығына қарамастан әдейі келтірген себебіміз: Сәкеннің поэмасында Лениннің азамат соғысы жылдарындағы жеңіске жігерлендірушілік ролі, халыққа, майданға басшылығы әсіресе осы шумақтарда шоғырланып берілген. «Осы шумақтар» дейтініміз ақын майдан көріністерін кейде қайталап та айта береді.

«Жақсы!» поэмасында Лениннің жұмысшыларды, шаруаларды, майдандағы жауынгерлерді рухтандырығаны «С Ленином в башке и с наганом в руке» деген жалғыз жол өлеңмен өте әдемі айтылған.

Сәкеннің «Альбатроста» ұлы көсемді қалай сипаттайтынын қазақ поэзиясындағы Ленин образын қарастыратын тарауда баяндалып өткендіктен, енді бұл тақырыптың көркемдік шешіміндегі жекелеген ерекшелікті ғана көрсетіп өтсек дейміз.

Ақын Михаил Луконин: Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасын зерттеп қарағанымда, мен Маяковскийдің қаһарманға көбінесе сөз бермейтінін, ол үшін өзі сөйлейтінін байқадым және мұның өзі өлеңнің тұтастығын жасап тұрады екен»<sup>14</sup>, — дейді де, бұған мынадай бір мысал келтіреді:

Отчего глаза  
краснее ложи?  
Что с Калининым?  
Держится еле.  
Несчастье?  
Какое?  
Быть не может.  
А если с ним?..  
Нет.  
Неужели?

<sup>14</sup> Михаил Луконин. Жолдас поэзия. «Знамя», 1961, № 2.

Осыны екі адамның кезек сөйлесуі арқылы да беруге болады ғой. Бірақ Маяковский өйтпеген, оның орнына қайғы-қасіретке толы монолог-әңгіме түрін тапқан.

Маяковский сияқты, Сәкен де өзінің лирикалық-эпикалық поэмаларында, айырым алғанда «Альбатрос-та» Ленинді көбінесе өзі сипаттайды, оның ойын, ішкі жан-дүниесін Лениннің өз сөзі арқылы беріп жатпайды. Бұған сол біз жоғарыда келтірген ұзақ үзінді де толық мысал бола алады.

«Жақсы!», «Альбатрос» поэмаларына ортақ қасиеттің бірі — екеуінде де шығарманың бас қаһарманы — халық. Ол революцияның, социалистік құрылыстың қозғаушы күші екені орталық идеяға айналады. Екеуінде де жұмысшылар, солдаттар, матростар қатынасады, сөйтіп, халықтың жиынтық образы жасалады.

«Жақсы!» поэмасында отанға махаббат, адал патриоттық, перзенттік сезім ерекше леппен естіледі.

Но землю,  
        которую  
                завоевал  
и полуживую  
        вынянчил,  
где с дулей встань,  
                с винтовкой ложись,  
где каплей  
                льешься с массаами, —  
с такую  
        землею  
                пойдешь  
                        на жизнь,  
на труд,  
        на праздник  
                и на смерть!

Маяковский социализм елінің еңбек, құрылыс майданындағы орасан зор табыстарын көріп қуанады да, сүйікті Отанымыздың тамаша болашағына сенеді:

Отечество  
        славлю,  
        которое есть,  
Но трижды —  
        которое будет!

Сәкеннің «Альбатросында» да еліміздің Ленин жолымен, партия бастауымен алға басатыны, дегеніне жетіп дермиянды ел болатыны поэманың соңғы жағында анық аңғартылады:

Туы Ленин,  
Партия адым кереді.  
Еңбекші ну  
Көсеміне ереді.  
Еңбек нуы,  
Болат буын!  
Ленин туы —  
Тек сол ғана  
Дүниені алып береді.

Сәкен өзінің шығармасында азамат соғысы жылдарында Октябрь жеңістерін қорғауға қазақ халқы да қатынасқанын еске түсіре келіп, «атты лекте, от білекте, шауып шепке жүргендердің төрт-бесеуін» санап өтеді. Олардың ішінде Жангелдин, Асылбеков, Тәтимов есімдері аталады (тоғызыншы тарау). «Басқаларды тізуге өлең тар келді...» деп, ақын негізгі тақырыптың шеңберінен шығып кетпеу жағын қарайды да, ендігі сөзді азамат соғысына белсене араласқан лирикалық қаһарманына — ақынның өзіне өте ұқсас қаһарманға береді («Мен» деп аталатын он бірінші, он төртінші тараулар). Ақын айтады:

Сол майданда  
«Болдым» демен «ірі едім»,  
Біркелкі лек  
Ішіндегі дыр едім...  
Бірде атты қос,  
Бірде матрос,  
Көп ұланның  
Эскадронда,  
Эскадрада бірі едім.

Және:

Мардамсынам  
Сол майданды көрдім деп,  
Кеудені ашып,  
Құлаш төсті көрдім деп...  
«Ескі жалған —  
Болсын талқан!»  
Деп ат\* салған

\* Ат — атой салынған, аттан салған мағынасында (Сәкеннің ескертуі).

«Жақсы!» тәрізді «Альбатросты» да лирикалық эпос етіп тұрған сипаттардың бірі — автор бүкіл оқиганы өз басынан кешіргендей тікелей сезінеді, оған өз қатынасын білдіреді.

Сәкен дұшпан лагерін суреттегенде оның зұлымдық ниетін әшкерелейтін өткір сөздер табады, сықаққа жол ашады, ал жұмысшы табының қаһармандығын, солдаттардың, матростардың, атты әскерлердің ерлік қимылдарын, бейбіт құрылысқа кіріскен кезеңді асқақ сезім, көтеріңкі көңіл-күйі арқылы береді. Осының өзі-ақ Сәкен поэмасында көркемдік суреттеу құралдарының әр алуандығын дәлелдейді.

Біздің поэзиямызда бұрын-соңды қолданылмаған (орыс өлеңінде кездеседі) альбатрос образына назар аударсақ, ақынның оны қай мағынада алғаны оныншы, жиырманшы тараулардан анық көрінеді. Оныншы тарауда:

Майданды алған  
Лениннің отты ұраны...  
Болдым сонда  
Ұшқыр лектің бұланы.  
Бірде атты қос,  
Бірде матрос  
Бейне альбатрос  
Эскадронның,  
Эскадраның ұланы, —

деп Отан бостандығын қорғап жүрген ержүрек совет жауынгерлерін альбатрос бейнесінде көрсетеді. Поэма-ның өн бойында альбатрос — дүлей күштің қаһарынан қорықпайтын, тайынбайтын, тайсалмайтын, өзі алғыр да көреген, кездескен бөгет-қиындықтардың бәрін жапыра жеңіп, ылғи алға қарай басатын жеңімпаз елдің тұлғасын елестетеді. Ол сонымен бірге, сол елдің көсемі Лениннің де ұлылығын аңғартқандай.

Поэmanın соңғы тарауында Сәкен:

Қырағы кез,  
«Қалғып кетті!» дегізбе!..  
Жау тұмсығын  
Шепке жақын енгізбе!  
Айнала жол, —  
Айнала шөл!

Биікте бол,  
Сен, Альбатрос,  
Жерде, көкте, теңізде!...

деп, сүйікті Отанымыздың қырағы сақшыларын, совет жауынгерлерін альбатросқа балайды. Сөйтіп альбатрос ержүрек елдің, оны қорғайтын ердің, совет азаматының образын елестетеді.

Әрине, «Альбатрос» мін-мүлтіктен аулақ, мұнтаздай нәрсе емес. Поэмасының кемшілік жақтарын ақынның өзі де сезген, білген:

«...поэманың кей жерлерінде мәселені атүсті, зеңбіректің күрсілін, әуедегі мотордың дауысын, дыбыс үйлестігін қуа жазу арқылы беремін деп, қара жердегі, су үстіндегі қызылдар мен ақтардың арасындағы соғысты, күрестің ұлы тамаша көріністерін көрсетуде мен поэмамның көп жерлерінде дыбыс үйлестігін қуа жазуға, темпілі, мақамды жолдар құрау әуеніне түсіп кетіппін»<sup>15</sup>, — деді Сәкен 1936 жылы сөйлеген сөзінде.

«Альбатросқа» автор қайта орала алмаған. Әйтпесе ол мұның елеңдік жағындағы, ырғақ, ұйқасындағы әлсіздіктерді байқар еді. Мәселен, ол:

Коммунизм —  
Марксизм,  
Ленинизм, —

деген сияқты ұйқастар жасамас еді.

Жұмыскер тап  
Дүкенінің отымен,  
Социалдық  
Машинаның хотымен

· · · · ·

· · · · ·  
Құрыш балға — шотымен, —

деп, «хотымен» — «шотымен» үйлесімдерін сол қалпында қалдырмауы ықтимал. Сондай-ақ, «лорд» — «форд» — «норд» — «чорт» сөздерінің де жол соңында ұйқастырыла салынуы ақынның өзін де таңғалдыруы мүмкін ғой.

<sup>15</sup> Сәкен Сейфуллин. Шығармалар, бесінші том. Алматы, 1963, 467-бет.

«Альбатростың» өлең үлгісі «Советстандағы» нақысты ернекті біраз өзгерту, жетілдіру бағытында алынған.

«Альбатрос» — қазақ әдебиетінде өзіне лайық орны бар елеулі шығарма. Ол Сәкен талантының жаңа бір қырын танытып қана қоймай, озат орыс поэзиясының, әсіресе Маяковскийдің революцияшыл дәстүріне сүйену ұлт әдебиетіне не беретінін дәлелдейтін туынды. Қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісін орнықтыруға, өрістетуге туысқан әдебиеттердің байланысы қандай ықпал жасайды деген сұрақ туа қалса, бұған Сәкеннің «Советстан», «Альбатрос» поэмаларын мысалға алу арқылы жауап беру қиынға соқпайды.

Сәкен Маяковскийге бет бұру арқылы қазақ поэзиясына шешендік, асқақ интонация, командалық, марштық ырғақ негіздерін енгізді; жаңа өлең үлгісін туғызды, образ жүйесін байытты, неологизм жасады (советстан, социалистан сияқты). Әдеби жанрларды жетілдіруде Сәкен лирикалық-эпикалық поэмалардың жаңа үлгісін ұсынып, оны әдебиетте мықтап орнықтырды. Ол үлгілердің өмірге келуінің өзі табиғи, заңды процесс болып шықты.

Қазақ поэзиясында марш өнегесіне тұңғыш жол салып, орнықтырып кеткен Сәкен еді дейміз. «Қызыл әскер маршына» ілесі әйгілі «Біз — комсомол» (комсомолдардың көпшілік өлең маршы) туды.

Біз — комсомол — жас қайратты,  
Пролетар табынан.  
Біз шалғыншы ұшқыр атты,  
Алдыңғы сабынан.

### Қ а й ы р м а с ы :

Бас қыздырып даңғыл жолды,  
Тура тұт маякты.  
Оңды-солды, оңды-солды  
Шіреп бас аяқты!

Маяковскийдің «Солға марш», «Екпінді бригадалар маршы» сияқты өлеңдерінің өзге шығармалардан бітімі бөлек, ырғағы, үнділігі, лептілігі ерекше екенін Сәкен жақсы түсінді. Бірақ оның марштары Маяковскийге жалаң еліктеуден пайда болған жоқ, дәуір тілегінен, әдебиеттің ішкі қажетінен туды. Міне, сол

міндетті өтеуде Сәкен, сөз жоқ, Маяковскийдің творчестволық тәжірибесін мақұл көрді, оның бағытын қосады.

Сәкен — Маяковскийдің алдында үнемі қол қусырып тұрған шәкірті емес, көп ұлтты совет әдебиетін — социалистік реализм әдебиетін жасау, өркендету жолындағы ақын серігі, досы, қаламдас жолдасы. Ол өзінің бір сөзінде (1936) Маяковскийдің эстетикалық принциптерін қорғап сөйлеген: «...Маяковскийдің кейбір өлеңдерінде формализм элементтері бар деген жолдастар болған. Бірақ бірқатар көрнекті сыншылар әріп үйлестігін қуа жазғанымен жалпы идеялық мазмұны бар, сондықтан бұл формализмге жатпайды деді. Біздің қазақ әдебиетіне де біз осы тұрғыдан қарауымыз керек»<sup>16</sup>.

Сөйтіп Сәкен Маяковский мұрасын бұрмалаушылыққа, оған орынсыз айып тағушылыққа қарсы тұрғанын көреміз. Осы фактінің өзі-ақ Сәкен мен Маяковский арасындағы рухани бірлікті, жақындықты ыспаттайды емес пе? Екеуі де Октябрьдің, коммунистік идеялардың жыршысы, жаршысы. Екеуі де әдебиетте тыңнан тартқан жолы, үлгісі бар жаңашыл ақындар.

Әлбетте, Сәкенді үнемі Маяковский биігінен іздеудің өзі табиғи болып шықпауы ықтимал. Жаңа заман рухына сай жаңа поэзия жасауда эстетикалық көзқарастары бағыттас болып келетін бұл екі ақынның кейбір әлеуметтік мәселелерді түсінуінде едәуір айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, НЭП жайын сөз етсек, ол кездегі күрделі жағдайда кейбір ақын, жазушылар мәселенің байыбына бара алмай, НЭП-ті жаңсақ ұғынған. Осы күнгі аса ірі ақындардың кейбірі сол кезде НЭП-тің өзгешелігін бірден аңғара алмаған. Сол сияқты біздің Сәкен Сейфуллин де НЭП-ті қате түсініп:

Мынау қу НЭП  
Қойды ғой жеп, —

деп келетін өлеңін жариялаған.

Маяковскийдің НЭП туралы пікірі мына бір шумақта шоғырланған:

<sup>16</sup> Сонда, 462-бет.

Спросили раз меня:  
«Вы любите ли нэп?» —  
«Люблю, — ответил я, —  
Когда он не нелеп».

Маяковский өлеңі 1922 жылы, Сәкен өлеңі 1923 жылы жазылған. НЭП туралы Маяковскийдің әр түрлі шығармасында жекелеген жолдар, шумақтар кездесіп отырады. Демек, бұл мәселеге ақын бірнеше рет оралған.

Маяковский мұрасының ішінде Сәкен де, біздің басқа ақындарымыз да толық игеріп жетпеген жақтары жоқ емес.

Маяковский үгіт өлеңнің өзінде де фактінің шеңберінен шығып, ертеңгі күнге, болашаққа көз жібереді. Мәселен, «Әуе флотының хабаршысы» баспасының «әлеуметтік заказы» бойынша «Авиакимды» жақтап жазған шығармасының бір жерінде былай дейді:

В «Правде»  
пишется правда.  
В «Известиях» —  
известия.

Факты.

Хоть возьми  
да положи на стол.  
А поэта интересует  
и то,  
что будет через двести  
лет  
или —  
через сто.

Сәкен Сейфуллин орыстың классикалық және советтік поэзиясының ең жақсы үлгілерін терең ұғынып, творчестволық жолмен нәр-нақыстар ала білген, үйрену үстінде өз талантының жаңа қырларын танытқан ақын. Ол өзінен кейінгі ақындарға ұстаздық, өнеге көрсеткен.

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, бүкіл социалистік поэзияны бастаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин жалғыз қазақ ақындарына ғана емес, көршілес республикалардың ақындарына да творчестволық ықпал жасаған.

Сәкеннің туғанына 70 жыл толу мерекесін тойлауға қатысқан атақты башқұрт ақыны, жазушысы Сай-

фи Құдаш салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінде былай деді:

«Мен оның «Өткен күндер» деген атпен 1914 жылы шыққан өлеңдер жинағын Қостанайда жүрген кезімде оқыдым. Сәкен менің жас жүрегімде қазақ халқына деген сүйіспеншілік сезім туғызды, қазақтың бұрын-соңды әдебиет қазынасын ақтаруыма жол ашты...

Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» дастаны маған «Қос қайың» дастанын жазуға игі әсерін тигізгенін осы арада атап айтқым келеді. Бұл үшін мен Сәкенге қарыздармын»<sup>17</sup>.

Қырғыз ақыны Жүсіп Тұрысбековтың 1929 жылы жазылған «Ленин жолы» өлеңін оқып көріңіз:

Ленин жолу — ташка тамга басқан жол,  
Әчен кыя, белестерди ашқан жол,  
Таяк кармап,  
Шымы жаргак,  
Мурун зардап —  
Жүргөндөргө «Кел берилеп!» — сунған қол<sup>18</sup>.

Сәкеннің «Советстандағы» үлгісін Жүсіп осылай қабылдаған.

Ал енді қарақалпақ ақыны Жолмырза Аймырзаевтың мына бір шумағына назар аударыңыз:

Кеше корлық  
Корип елим,  
Бир таба алмай  
Макан жерин,  
Зая қлып  
Манглай терин,  
Ықтиярсыз журип еди<sup>19</sup>.

Сәкеннің «Социалистаны» осы тәрізді өрнекпен жазылған еді ғой.

Мазмұн жағын әңгімелемей, түр мәселесіне ғана көз жібергенімізде туысқан әдебиеттер өкілдерінің Сәкен поэзиясын үлгі тұтқаны күмән келтірмейді. Бұл факт Сәкен жаңашылдығы ұлттық шеңберден асып,

<sup>17</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1964, 29 май.

<sup>18</sup> Ж у с у п Т у р у с б е к о в. Чыгармалар. Бир томдук. Фрунзе, 1960, 17-бет.

<sup>19</sup> Ж о л м ы р з а А й м ы р з а е в. Қосықлар. Нөкіс, 1936, 89-бет.

жалпы советтік поэзияның игілігіне айналғанын көрсетеді.

«Қазіргі қазақ әдебиетінің үлгісі — орыстікі» деп түсінген Сәкен совет әдебиетінде интернационалдық сарындардың молая, орныға беруіне көп күш жұмсады, Сәкен орыс әдебиетінен үйрену жеке мақсат емес, дәуірімізге сайма-сай шығармалар жазудың жолын қарастыруымыз үшін, мәдениетімізді, білімімізді арттыру үшін, халыққа көркем сөзбен адал қызмет ету үшін керек деп ұққан.

Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы — туысқан әдебиеттердің творчестволық байланысының, олардың бірін бірі байытуының жанды мысалы. Ол орыстың арғы-бергі дәуірлердегі әдебиетінің бай дәстүрін еркін игерді, революцияшыл жаңашылдығының мәнін терең ұғынып, онан ұлттық поэзиямызды нәрлендіретін жаңа нәр-нақыстар әкелді. Сөйтіп Сәкен қазақ өлеңінің өрісін кеңейтті, өресін көтерді. Пушкин мен Лермонтовтан, Некрасовтан басталған жол Горький мен Маяковскийге, Демьян Бедныйге әкеліп, қазақ ақынының қазынасын байытты. Сәкен бізде өсіресе Маяковский дәстүрін орнықтыру, дамыту жолында баға жетпес еңбек сіңірді. Ол ұлттық поэзиямызда өз дәстүрін жасап кетті. Дәстүрді жасайтын да, орнықтыратын да жаңашылдар — Маяковскийлер, Сәкендер.

Даусыз нәрсе: Сәкен өз кезіндегі орыс совет ақындарының шығармаларын оқып, біліп отырған. Демьян Бедныйдың, Сергей Есениннің, Николай Асеевтің, Михаил Светловтың және басқаларының өлең, поэмалары Сәкеннің назарынан тыс қалмаған. Сол сияқты ол Орта Азия республикаларының ақындарын да жақсы білген. Сәкен өзбек совет әдебиетінің негізін қалаушы Хамзамен таныс болған.

Маяковский де, Сәкен де — совет халқының абзал перзенттері. Олар қалдырған қадірлі қазына қазіргі уақытта да құрылысшы елдің қолында.

Всё, что я сделал,  
все это ваше —  
рифмы,  
темы,  
дикция,  
бас! —

деп Маяковский әбден тауып айтқан.

„ДАУСЫМДЫ

АРПАЛЫҚАН

КҮРЕС АШТЫ“



іздің Агаповыңыз мінбеге шығып алып, көркемөнер тенденциялы болмауға тиіс деді. Әлбетте, мен оған көресіні көрсеттім. Сіз менімен келісесіз бе?

— Келісемін.

— Өзім де солай ойлап едім.

— Келісемін. Бірақ серіппенің диваннан сорайып шығып тұрғаны тәрізді, тенденция да шығармадан оқшаулана бөлініп тұрмауға тиіс қой.

— Сол да сөз болып па, бұл тағы да зиялының гөй-гөйі ғой. Тенденцияның аты тенденция. Ол менің барлық шығармаларымнан айқын аңғарылып тұрады және мен мұны мақтаныш тұтамын.

— Ойбай-ау, сіз үгіт өлеңдер туралы айтып тұрсыз да, мен өнер шығармасы туралы айтып тұрмын ғой.

Маяковский ашуланып, түтігіп кетті:

— Егер білгіңіз келсе, бүгінгі таңда өнердің ең жоғары шығармасы — үгіттік шығармалар.

— Сіз үшін солай — ең жоғары, өйткені эпос пен трагедия сіздің қолыңыздан келмей жүр.

— Менің «Ленин» атты поэмама — барып тұрған нағыз эпостың өзі.

— Дауыс тембрі бойынша солай, мәніне келгенде олай емес. Сіздің поэмаңыз — бұл «мен және Ленин» болып шыққан, ал мен сіздің «меніңізсіз» Ленинді көргім келеді.

— Сіз поэзияны да менің «менімсіз» болғанын тілейсіз.

— Олай емес. Мен Маяковскийді өте жақсы көремін.

— Сүйген адам өзін басқаша ұстар болар.

Әйгілі орыс совет ақыны Илья Сельвинскийдің естелігінен<sup>1</sup> алынған бұл үзіндіде біздің көңілімізді аударған қызықты бір жәйт бар. Ол — Сельвинскийдің бір кезде конструктивистер тобында болғанын, бірсыпыра мәселеде олардың Маяковскиймен келісе алмай жүргенін баяндауында емес. Былай қарағанда мұның өзі де ескерілуге татитын факт.

Анығында конструктивистер өздерін Маяковскийге қарама-қарсы қоюға тырысқан. 1929 жылдың аяқ шенінде конструктивистердің әдеби орталығы «Бизнес» жинағын шығарған. Жинақта ақын Николай Адуевтің «В. В. Маяковскому до востребования» деген өлеңі жарияланған. Өлең өз тобын жер-көкке сыйғызбай мақтап, Маяковскийді кемсіту тұрғысында жазылған. Қысқасы, бұл өлең-жікшілдіктің жексұрын көріністерінің бірі.

Маяковскийден іргесін аулақ салуды көздеген конструктивистер өздерін революцияға жақын тұрған адамдар етіп көрсеткісі келді. Олар елімізді социалистік жолмен индустрияландыру тұсында техникалық интеллигенцияның жағдайы ерекше болуға тиіс деген-

---

<sup>1</sup> Илья Сельвинский. Маяковскиймен кездесулер. — «Октябрь», 1963, № 9.

ді желеу етіп, өздерінің өнерін сол міндетке бағындыруды парыз көрген. Илья Сельвинский өзінің «Пушторг» романында былай деп жазған:

...Чтобы страну овчин да блок  
Поднять на пролетарском канате,  
Хотя бы на уровень, равный Канаде,  
Нужен рычаг, ворот и блок,  
Поэзия скобок и радикала;  
Дабы революция протекала,  
Нужно явление, увы! — неминуемо  
Интеллигенцией именуемое.

«Бизнес» жинағының мұқабасында аспан тіреген зәулім үйлердің фотомонтажы берілген. Жинақты құрастырушылардың ойынша, ол, сірә, болашақ социалистік қалалардың келбеті болса керек. Мынадай бір детальға тоқтай кетейік. Осынау суретте «Жақшалар мен радикал» жыршысының құрылысқа деген іскерлік қатынасының белгісі ретінде мүйізді көзілдірікпен бастырған. Конструктивизм басшыларының біріне кездескен Маяковский «Бизнес» жайын әңгімелей келіп; «сіздер, немене, осы көзілдіріктермен жұмысшы табының көзін бояйсыздар ма?» деген екен.

Бір қарағанда Маяковский және конструктивистер жайы да ой бөлуге тұрарлық. Бірақ И. Сельвинскийдің естелігіне оралғанда, біздің әңгіме етпегіміз бұл емес.

Біздің көңілімізді аударған «бүгінгі таңда өнердің ең жоғары шығармасы — үгіттік шығармалар» деген пікір. Сельвинскийдің айтуынша, бұл — Маяковскийдің аузынан шыққан сөз.

Күмән жоқ, Маяковский үгіттік шығарма дегенді, шығарманың үгіттік мәні дегенді тереңірек түсінген. Екінші сөзбен айтқанда, оның «үгіттік» деп отырғаны аса кең мағыналы ұғым. Бұл ұғым шығарманың әлеуметтік мәнін ғана емес, көркемдік сипат жағын да қоса қамтиды. Олай дейтініміз, Маяковский шығарманың идеялылығы мен көркемдігін еш уақытта да бірінен бірін бөліп қарамаған, мұны оның эстетикалық көзқарасы да, бүкіл творчестволық тәжірибесі де ыспаттай алады.

Маяковский халықтың революцияшылдық талғампаздығы мен эстетикалық сезімін тәрбиелеудің жөнін былай түсінген:

«Не уменьшая серьезности своих вещей сделать стихотворение нужным массе, то есть когда стихотворение возьмут, положат на руку и прочтут его пять раз, (и) скажут — хотя было и трудно понять, но понявши, мы обогатили свой мозг, свое воображение, еще больше отточили свою волю в борьбе за коммунизм, в борьбе за социализм».

Шығарманың үгіттік мәні. Бізде жиырманшы, отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы жайына келгенде, оның үгіттік мәні күшті болғанын мойындамайтын ешкім жоқ. Бұған пәлендей дау айту да қиын. Бірақ кей реттерде «үгіттік» дегенді тым тар мағынада, жалаң үгіт шеңберінде ғана ұғындырып жүрміз-ау дейміз. Белгілі бір оқиғаларға, науқандарға, мерекелерге үн қосу ретінде жазылған өлеңдерді ғана үгіттік шығармалар деп, өз алдына жекелеп топтау, әрине, оп-оңай жұмыс.

Маяковскийдің «бүгінгі таңда өнердің ең жоғары шығармасы — үгіттік шығармалар» деген келелі пікірі нақты тарихи кезеңнің жемісі. Ол қандай кезең болғаны бізге социалистік қоғамымыздың, онымен бірге жасасып келе жатқан әдебиетіміздің тарихынан мәлім. Әңгіме жазушының таптық көзқарасына, позициясына тірелгенде, әдебиет майданында идеологиялық қызу күрес жүріп жатқан жағдайда Маяковский сияқты алдыңғы қатарлы ақындар әлгіндей ұран көтермеуі мүмкін бе еді? Революциямен, құрылысшы халықтың өмірімен тығыз байланысты терең идеялы, көркем шығарма жасау талабы заман рухын танытпай ма? Маяковскийдің «үгіттік» деп отырғаны да осындай кең мағынаны меңзейтін ұғым.

Ендеше, қазақ поэзиясының жиырманшы, отызыншы жылдардағы туындыларын тұтас алғанда сөздің жақсы, кең мағынасындағы үгіттік шығармалар деуіміз керек. Бұл оның еңбекші халыққа коммунистік тәрбие беру, жаңа адамды қалыптастыру міндетінен туған ерекшелігі. Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин тәрізді алғы буын ақындарының қазақ даласына Октябрь әкелген ұлы өзгерістерді өзекті тақырып етіп алған әйгілі шығармалары өз тұсында өнердің ең шырайлы шығармалары болып еді. Бұлардың үгіттік мәні сыртқы белгілерінде, ұрандылығында, еңбекші бұқараны жаңа дү-

ние орнату күресіне шақыруында ғана емес. Сәкеннің «Кел, жігіттері» өзінің мазмұнымен де, көркемдік қуатымен де (екеуін диалектикалық бірлікте алып қарастырамыз) нағыз үгіттік өлең. Бейімбеттің үгітке тікелей қатынасы жоқ болып көрінетін сюжетті өлеңдері, мәселен, Мырқымбайды нарицательный есімге айналдырған циклі сөздің ең жақсы мағынасындағы үгіттік дүниелер. Ілиястың «Арыным» тәрізді өлеңдері туралы да осылай дер едік.

Өлеңнің үгіттік мәні жөнінде Маяковскийдің жоғарыда Сельвинский естелігінде келтірілген сөзін мақұлдағанда, біз туған поэзиямыздың тәжірибесіне сүйендік. Бұл — бір.

Екінші жағынан, кейбір қазақ әдебиетшілерінің мақалаларында, тіпті зерттеу еңбектерінде шығарманың үгіттік мәнін біржақты түсіну берік орын тепкенін атап өткіміз келді. Жасыратыны жоқ, жекелеген қалам қайраткерлері «үгіттік» дегенге тыжырына қарап, оны сылдырлыққа, сөзуарлыққа саяды, «бір күндік» ғұмыры бар дүние ғой дейді. Әрине, мәселеге бұлай қарау әдебиеттің әлеуметтік, тәрбиелік — үгіттік мәнінің шеңберін тарылтумен тең.

Рас, алғашқы және онан кейінгі кезеңдерде қазақ ақындары арасында да өлеңнің актуальдығы, тәрбиелік-үгіттік маңызы дегенді атүсті түсінушілік, сөйтіп қарадүрсіндікке ұрынушылық тәрізді сыңаржақтық бой көрсетпей қойған жоқ. Ондай шығармалардың саны ондап емес, жүздеп саналуы ықтимал.

«Кейбіреулер күні-бүгінге дейін, — деп жазады «Правда» өзінің редакциялық мақаласында, — көркем туындыда неғұрлым «қазіргі күнге» арналған сылдыр сөйлемдер көп болса, ол солғұрлым осы күн тақырыбына жазылған шығарма болады деп пайымдайды. Бұл арада шынайы жалынды сөз бен бос мылжыңдықты ажырата білу парыз. Өмірді партиялық тұрғыдан түсіну, коммунистік мақсаттылық өнер өзегі болуы үшін олар шығарманың өн бойына тартылған жанды көркем бейнелерге айналуы қажет. Идеясы мен көркемдігі біте қайнасқан өнер ғана керікті»<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Совет халқы ісінің ұлылығын лайықты түрде бейнелейік. — «Правда», 1965, 9 январь.

Коммунистік мақсаттылық (целеустремленность), әдебиеттің өмірмен қоян-қолтық келуі, жазушының қоғамдағы, құрылыстағы өз орнын дұрыс анықтауы — түбегейлі мәселелер.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында қалам қайраткерінің революциялық күресте алған орнын, атқарған қызметін көрсететін өлеңдер аз емес. Солардың бірі — Сәбит Мұқановтың бертінде жазылған «Сырласу» өлеңі.

Сезіне бастағанда мен ақын боп,  
Лениндік бостандық: таң ату деп,  
Міндеті әр ерікті азаматтың  
Кеңірек таң сәулесін тарату деп, —

Ұрандап жатыр екен ерікті жұрт,  
Сол дуда мен де олардан қалмадым сырт.  
Құлшынған жұртта ұран біреу екен:  
«Мылтық, найза, қаламмен жауды тез  
құрт!»

Мен сонда қатар аттан заманыммен,  
Сеніммен «бөгеттерді алам» деген,  
Ер қаруы бес қару: мылтық, бомба,  
Найза, қылыш, аттандым қаламыммен.

Бұл шумақтар Сәбиттің ғана емес, қазақтың революцияшыл жас поэзиясының да жаңа сипатын танытады: оның идеялық бағыты бұлтақсыз басталды, таптық, жауынгерлік позициясы берік болды.

«Сырласу» өлеңін тұтас алсақ, ол — ақынның заман және өзі жайлы толғанысы дәстүріндегі дүние. Мұның өзі бұрыннан үзілмей келе жатқан желілі дәстүр. Әр халықтың да алып ақындарынан табылады. Пушкин мен Лермонтовтың ақын туралы, оның қоғамдағы орны туралы пікірлерін ілгерілете келіп, Некрасов ақынды азаматтық ерлікке үндеп, бостандық жолындағы күреске жігерлендіретін жырлар жазған:

Нет, ты не Пушкин. Но покуда  
Не видно солнца ниоткуда,  
С твоим талантом стыдно спать;  
Еще стыдней в годину горя  
Красу долинь, небес и моря,  
И ласку милой воспевать.

Осылай деген Некрасов өзінің атакты ұранын екі жол өлеңмен былайша жариялаған:

Поэтом можешь ты не быть,  
Но гражданином быть обязан.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да бірқатар өлеңдерінде заман және өзі жайлы тебірене тіл қатып, ақтарыла сыр шерткені мәлім:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,  
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым  
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Оқушысымен сырласу сарынындағы өлеңдер Сұлтанмахмұт Торайғыровта да кездеседі.

Сәбит Мұқановтың дәстүрлі тақырыпқа қалам тартқанда өткендегі әдеби тәжірибені ескермеуі мүмкін емес. Бірақ ол алдыңғыларды қайталамайды, жаңа тарихи, қоғамдық жағдайда, Октябрьден кейінгі дәуірде өрістеген таптық шайқас жағдайында ақынның «жұмысшы сапынан алған орны» туралы өзгерлерге ұқсамайтын өз сөзін айтады. Бұл ретте Сәбит өлеңін Д. Бедный, В. Маяковский поэзиясындағы әуендермен өзектес деуіміз керек. Әсіресе Маяковскийдің әйгілі «Бар дауыспен» поэмасы Сәбитке қатты ықпал жасаған. Маяковский шығармаларының ішінен осы поэманы айрықша сүйетінін Сәбиттің өзі де жасырмайды:

«Маяковскийдің ұлан-байтақ көп еңбектерінен менің әрдайым өте сүйсініп оқып, көп қарайтыным соңғы шығармаларының бірі — «Бар дауыспен». Идеялық және көркемдік жағы биік болумен қатар, бұл шығарма маған Маяковскийдің ғана емес, бүкіл пролетариаттың күрес майданында жеңіп шыққан даусы сияқты көрінеді. Расында да сондай. Бұл социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңіс даусы. Сондықтан менің әрдайым:

Тоқтат,  
дүние,  
дабырды!  
Не керек  
күңкіл,  
ескі оймен.  
Тыңдайық жаңа дабылды  
Жолдас  
Маяковскийден, —

дегім келіп тұрады»<sup>3</sup>.

Анығында «Сырласу» осы «Бар дауыспен» поэма-сының идеялық, эстетикалық принциптеріне сүйену, ол принциптерді дамыту тұрғысынан жазылған.

«Сырласу» Сәбит поэзиясында Маяковский дәстүрін орнықтырудың, ілгерілетудің қызықты бір көрінісі. Бұл мәселеге біз кейінірек оралып, өзіміз байқаған жәйттерді баяндамақпыз. Екі шығарманы нақ бұл арада салыстырып жату Маяковский және Сәбит Мұқанов жайындағы әңгімені басынан бастамай, орта тұсынан немесе аяқ жағынан бастағандық болар еді.

Сәбит поэзиясында Маяковский ықпалының анық сезіле бастауы отызыншы жылдарға жатады деген пікірді әзірше ешкім де теріске сайған емес. Х. Жұмалиевтің, М. Қаратаевтың, Т. Нұртазиннің, Е. Ысмайловтың және басқа да әдебиет зерттеушілерінің еңбектерінде орныққан осынау ой, негізінде, шындыққа орайласады.

«Негізінде» деуіміздің себебі бар.

Әдебиетте үйрену, ұлы ақын, жазушының шығармалық тәжірибесін игеру — оңай процесс емес. Ол өздігінен келмейтіні былай тұрсын, өзің бет бұрғанда да қапелімде ұғыныла қоймады. Үйрену процесінің күрделілігі — ұстаздың ірілігі мен күрделілігіне де байланысты. Тіпті бір дәуірде өмір сүрген қаламгерлердің де творчестволық ықпалы бір-біріне «қолма-қол» іске айнала қоймауы мүмкін ғой. Бұл — ереже емес, сонымен қатар, ерекше нәрсе де болмас.

Революцияның алғашқы жылдарындағы қазақ поэзиясына әсіресе екі ақын — Владимир Маяковский мен Демьян Бедный айрықша әсер еткенін мойындай келіп, «Дружба народов» альманағында басылған ма-

<sup>3</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 491-бет.

қаласында Сәбит Мұқанов, біздіңше, қызықты бір ой айтқан:

«Поэзия наша в начале двадцатых годов уже ставила перед собой революционно-пропагандистские цели. Маяковский был для нас в этом смысле несравненным образцом, недосыгаемой, ослепительной вершиной, к которой мы стремились. Нас вдохновлял пример его беззаветного поэтического служения делу революции, нашей партии, народу, его стремление и умение идти в ногу с жизнью своей социалистической страны, откликаться на важнейшие государственные события, вдохновенно заглядывать в будущее. Духовно, тематически Маяковский был нам родственен и близок, как может быть, никто из других русских поэтов. Что же касается освоения формы Маяковского, его поэтики и преобразования нашей собственной, казахской поэзии в его духе, то это было для нее в ту пору задачей нелегкой, делом скорее будущего, чем настоящего. Принимая содержание поэзии Маяковского, мы все еще оставались в плену у устаревшей фольклорной традиции. Стиль Маяковского казался нам тогда тяжелым, усложненным. Демьян Бедный был для нас проще, понятнее.

Но постепенно мы все сильнее и глубже начали постигать поэтику Маяковского и овладевать ею. Процесс этот был длительным и сложным, он начался в первые годы революции, продолжается он и сейчас»<sup>4</sup>.

Сәбиттің әсіресе соңғы пікірі, Маяковскийден үйрену процесінің ұзаққа созылғандығы, күрделілігі туралы айтқаны көкейге қонады. Осынау әдеби процестің жібi күні бүгінге дейін тартылып, үзілмей келеді. Бұл процесс тіпті тоқтау дегенді білмек емес.

«Дружба народов» альманағындағы мақаласында Сәбит Маяковскиймен алғаш қашан, қалай кездескенін де баяндайды. Бұл мақала мерзімді баспасөзде, «Осу жолдарымыз» кітабында біраз өзгерістермен жарияланды.

«Совет поэзиясының маршалы» мақаласында Сәбит: «қазақ өлең құрылысының формасына Маяковский рухында өзгеріс енгізудегі менің алғашқы талабым 1925 жылдан басталады», — дейді.

<sup>4</sup> С. М у қ а н о в. Маршал советской поэзии. — «Дружба народов», 1950, № 2.

Бұл арада Сәбит өзінің қай өлеңін немесе поэма-сын айтып отырғаны бізге мәлім емес. Өзіміз оқып жүрген шығармаларының ішінде дәл сол жылы қазақ өлеңіне Маяковский рухында өзгеріс енгізбек болған талабын ыспаттайтыны байқалмайтын сияқты.

Рас, Сәкен де, Сәбит те Маяковскийге бір күнде, бір жылда келе қойған жоқ. Үйрену, өсу қиыншылығын бұлар да, басқалар да бастан кешірді.

Біз Сәбит Мұқанов жиырмасыншы жылдардағы поэзиясында, негізінде, ұлттық әдебиетіміздің дәстүріне сүйеніп, сол дәстүрді байыту, жаңарту үстінде өсті деп білеміз. Ақынның советтік тақырыптағы таңдаулы шығармаларында айрықша көзге түскен кейбір сипаттар қандай? Және ол сипаттар Сәбиттің ақындық ой-өрісінің кеңеюіне, творчестволық ізденулерінің тереңдеуіне қаншалық әсер етті?

Сәбит Қазақстанда идеология майданындағы таптық күреске ең белсене қатынасқан қайраткер жазушылардың бірі. Ол күресте өсіп, күресте ер жетті. Революция дұшпандарының — буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылардың әдебиет саласында ұстаған зиянды бағытын әшкерелеу, қазақ совет әдебиетінің партиялық, халықтық қасиетінің беріктігі, идеясының тазалығы үшін алысу — міне, қайраткер, күрескер Сәбиттің ол жылдарда қызу қолға алған басты мәселелері осылар болатын.

«Еңбекші қазақ» газетінде 1923 жылы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген атпен жарияланған мақаласынан (кейін «Өсу жолдарымыз» кітабына аты өзгертіліп енгізілген) бастап Сәбит көптеген мақалаларында, көркем шығармаларында жаңа, советтік әдебиеттің негізгі принциптерін қолдап, үнемі қорғап отырды.

Сәкеннің, Сәбиттің және басқа да қазақ жазушыларының буржуазияшыл-ұлтшыл бағыттағы жазушылармен келісімсіз күрес жүргізгенін баяндайтын фактілерді біз олардың сөйлеген сөздерінен де, жарияланған мақалаларынан да табамыз. Сондықтан бұл жолы сол оқиғалардың біріне куә болған жас жазушының не дейтінін оқып көрейік. Сағыр Камалов жазады:

«1923 жылдың қысы еді.

Орынбор. Свердлов атындағы клубта халық сыймайды. Мағжан Жұмабаевтың контрреволюцияшыл

шығармасы туралы Мұқанов Сәбит жолдас баяндама жасады. Жарыс сөзде алашордашылар тұс-тұстан келіп, кермелеп сөз сөйледі... Осы Ғабит және Алдоңғаров жолдастар Сәбиттің баяндамасын қуаттап сөйледі. Бірақ алашордашылардан сөйлеушілер көп болды. Сондықтан олардың пікірі де басымдау болған сияқты еді. Ең артынан Сәкен ағай сөйледі. Алашордашылардың совет үкіметіне қарсы идеясын және Мағжанның өлеңдерін тас-талқанын шығарып талдап, оның дұшпандық пікірлерін халықтың алдына ашып салды»<sup>5</sup>.

Сәбиттің күрескерлік, қайраткерлік қасиеті оның поэзиясына ұтымды әсерін тигізді.

Әдебиеттегі таптық позициясының айқындығы, ашықтан-ашық тенденциялығы, өз талантын жаңа қоғам орнатушы халықтың бақыты жолында қалтқысыз жұмсайтынын бүктесінсіз айтып отыратыны — Сәбит поэзиясының айрықша сипаттарының бірі. Ол бостандық алған қазақ кедейіне ағынан жарылып:

Мен сендерден бір тамшы тамған жаспын,  
Сол тамшы болған үшін байға қаспын.  
Сенің жүрген жеріңнен қозғалмайтын,  
Жұдырықтай қарам бар қатқан таспын.

Сен жыласаң, көзімнен қан ағызам,  
Сен қуансаң, тіліммен бал тамызам.  
Сенің егер өзегің талып кетсе,  
Басқадан бұрын саған нәр тамызам, —

деп шынайы жүрек сырын шертеді. Қаламымен сертескен шақта да ақын өзінің түпкі мақсатын көптің алдына жайып салады:

Қаламым, саған риза емен,  
Оқтай болып ақпасаң.  
Сиям, саған риза емен,  
Осы жолы қаразда  
Тізіліп сөз боп жатпасаң.  
Қолым, саған риза емен,  
Бегелмей, аттай шаппасаң.  
Мийм, саған риза емен,  
Мүлтіксіз сөз таппасаң...

Сәбитті ақындық позициясының айқындығы жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай үнемі тікелей

<sup>5</sup> С. Камалов. Әдебиет оқытушысы. — «Социалистік Қазақстан», 1936, 12 июль.

баяндау түрінде ғана емес, сонымен қатар, шығарма қаһарманын, тақырыбын таңдап-талдау үстінде де көрінді.

Қаһарман таңдау — кездейсоқ мәселе емес. Орыс совет ақындарының творчестволық жолына арналған кейбір кітапшаларда шығармалары әңгіме болып отырған қаламгердің өз қаһарманын қалай тапқаны әдебиеттің орталық проблемасына, яғни ұнамды қаһарман образын жасау проблемасына байланыстырылады. Осы ретте Сәбит қаһарман іздеп, көп «қиналмағанға» ұқсайды. Ол азаттыққа қолы жеткен қазақ кедейінің ой-сезімін, үміт-арманын білдіруші ақын болатынын «Бостандық» өлеңінен бастап-ақ аңғартты. Тегінде, «Бостандық» — Сәбиттің ақындық өмірбаянының басы сияқты.

Социалистік өмірге бет қойған халықтың өміріндегі күнделікті өзгерістер, қазақ кедейінің арасынан жаңа адамдар шығуы, олардың санасының өсуі, белсенді құрылысшы қатарына қосылуы — Сәбиттің жиырма-сыншы жылдардағы поэзиясының айрықша сипаттарының енді бірі осы деуге болады.

Көңіл бөлерлік бір жәйт: Сәбиттің В. И. Ленин, М. И. Калинин жайындағы өлеңдері идеялық-тақырыптық жағынан алғанда сол кездегі әдебиетіміз үшін де, Сәбиттің өзі үшін де маңызды болғаны белгілі.

Шығармаларының халық қолдылығы, жұртқа түсініктілігі, жатықтығы — Сәбит поэзиясының бағалы жақтарының бірі деп білу керек. «Сұлушаштың» нағыз халықтық шығарма екеніне ешкім де күмән келтірмейді.

Мазмұн жағынан осындай бағытта дамыған Сәбит поэзиясының көркемдік формасы қандай еді? Ақынның өлең формасы саласында іздену бағыты қалай болды?

Бұл сұрақтарға Сәбиттің өзі «Поэзия мәселесі» (1933) мақаласында былайша жауап берген:

«Мен түр іздеп көп ұрынған адам емеспін. 1927—1928 жылдарға дейін қазақ поэзиясында болған түрлер маған қанағат боп келді. 1927 жылдан бастап мен қазақ поэзиясына жанжал жасағандай, дұрыс айтқанда, қанағаттанбағандай болдым. Маған қазақ өлеңінің төрт аяқты, алты аяқты, сегіз аяқты түрлері күрделі пікір айтуға қолды байлайтын сықылданды. Сондық-

тан мен «Тұрмыс тұлпары» деген өлеңнен бастап халық әдебиетінің шұбыртпалы түріне бет алғандай болдым. Маған шұбыртпалы түрдің («Қобыланды», «Алпамыс») екпіні, ырғағы алты аяқ, сегіз аяқтардан күшті сықылданды. Шұбыртпалы түрдің құшағы пікір құшақтауға кең тәрізденді. «Октябрьдің өткелі», тағы сондайлар осы ізбен кетті»<sup>6</sup>.

Автор осы мақаласында өзінің түр іздеймін деп кей шақта «поэзияға аздап қиянат» істеп алғанын айтады (әңгіме ақынның шұбыртпалы түрден де әрі кеткені, онан кейінгі өлеңдерде ырғақ қана сақталып, үйлестің көмескілене бастағаны туралы болып отырса керек). Бірақ Сәбит поэзияның мазмұны мен түрі сәйкес келуі, «сол түрдің өзі ұйымдасқан, заңға қатты бағынған болуы» керектігін жақсы біледі.

Сонымен, Сәбит Мұқановтың жиырмасыншы жылдардағы поэзиясында бой көрсеткен таңдаулы сипаттар оның келесі биіктерге көтерілуіне, ойлы, өрнекті өлең жасауына, жаңаша көркемдік суреттеу құралдарын табуына мықты әзірлік сатысы сияқтанды. Сәбит Маяковскийге осылай келді. Ондай идеялық-көркемдік дайындық болмаған күнде, Маяковский дәстүрін игеру мүлде қиынға соғатын еді.

«Пролетариат ақындарына хат» өлеңінде Маяковский жиырмасыншы жылдардың орта кезінде-ақ өзінің қаламдас жолдастарына арнай тіл қатып, поэзия жайындағы көзқарасын, позициясын баяндады. Ол менің поэтикамды қабылдаңдар, пайдаланыңдар деп, ешкімге де ұсыныс жасаған жоқ. Маяковскийдің бұл мәселеде ұстаған бағыты айdan анық:

Чем нам  
    делить  
        поэтическую власть,  
сгрудим  
    нежность слов  
        и слова-бичи,  
и давайте  
    без завистей  
        и без фамилий  
                класьть  
в коммунову стройку  
                слова-кирпичи.

<sup>6</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 156-бет.

Давайте,  
товарищи,  
шагать в ногу.  
Нам не надо  
брюзжащего  
лысого парика!  
А ругаться захочется —  
врагов много  
по другую сторону  
красных баррикад.

Маяковскийдің сәлем хатын А. Безыменскийге, М. Светловқа, И. Уткинге ғана емес, пролетариат бағытындағы барлық ақындарға, соның ішінде Сәбит Мұқановқа да қатынасы бар шығарма деп ұғыну қажет.

Сол кездегі фактілерге сүйенсек, Маяковский, мөселен, Светловтың талантына сүйіспеншілікпен қараған. Бір күні «Комсомольская правда» газетінің редакциясында Светлов өзінің таяуда ғана жазып бітірген атақты «Гренадасын» Маяковский мен Уткинге оқып берген. Маяковский автордан шығармасын қайталап оқуды сұраған. Сонан кейін сенімді түрде:

— Светловтың үні баяу дегендер өтірік айтады! — деген.

— Иә, бұл Светлов емес, бұл революцияның өз үні, — депті ойланған пішінмен Уткин.

— Дұрыс, — депті сөз жалғаған Маяковский, — революцияның үні баяу болмақ емес!

Сәбит Мұқанов өзінің Маяковскийге жақындаған кезін «Майға сәлем» өлеңімен байланыстыратынын «Дружба народов» альманағындағы «Совет поэзиясының маршалы» мақаласында ашық айтады. Бұл өлең «мүлде жаңа мәнерде, Маяковскийдің жаңашыл поэтикасының ықпалымен жазылған», — дейді ол. «Осыдан бастап мен өз өлеңдерімде шығарманың мазмұнымен ғана емес, түрінің жаңашылдығымен де Маяковский поэзиясына барған сайын жақындай түстім ғой деп ойлаймын»<sup>7</sup>.

Әдебиет тарихында ақын, жазушылардың өз творчествосы туралы сөз қозғап, оның түрлі қырлары мен сырлары жөнінде көпшілікке көңілдегісін ірікпей айтатын кездері бола береді. Кей жазушы өзінің лабора-

<sup>7</sup> «Дружба народов», 1950, № 2.

ториясымен таныстырады. Бағзы бір жайларда жеке шығармалардың туу тарихы баяндалады.

Сондай ежелгі дәстүрге берік Сәбит те Одақ оқырмандарын өзінің Маяковскийге қашан, қалай келгенінен толық хабардан етеді, қазақ әдебиетін зерттеушілерге ой саларлық толғамалы пікірлер айтады. Маяковский және туысқан халықтар поэзиясының мәселелерімен шұғылданушылар Сәбит мақаласына соқпай өте алмаса керек.

Сонда Сәбиттің отызыншы жылдары қазақ поэзиясына енгізген жаңалығының мәні неде? Бұл сұраққа ішінара жауапты біз Мұқтар Әуезовтың «Жолы кең жазушы» мақаласынан табамыз.

«...Сәбит қазақтың бұрынғы әңгімелі өлеңінің, әнді-күйлі қысалау өлеңінің ырғағын әдейі жаңғыртып, өзгертеді, — дейді Мұқтар. Қазақ поэзиясына сөйлей толғап айтатын, еркін серпіні бар өлеңді кіргізеді. Бұрынғы буын санаған, баяу басқан, айнымас, аумас жәй ырғақты өлең жолын желпініп сөйлейтін жеңіл орамға жеткізуге тырысады»<sup>8</sup>.

Мұқтар поэзиядағы Сәбит жаңашылдығын ұлы орыс халқының революциялық поэзиясынан жақсы өрнек алғандығымен тікелей байланыстырады.

Жиырмасыншы жылдарда Сәбит Маяковскиймен көбінесе идеялық бағыты, таптық позициясы, күнделікті оқиғаларға қолма-қол араласуы жағынан сабақтас болып келсе, отызыншы жылдарда құлашын кеңірек жаяды, көркемдік түйіндеуге (обобщение) ұмтылу, жаңа ақындық образдар жүйесін жасау, терең философиялық толғаныстарға бейімделу үстінде мықтап өседі.

Бірақ Сәбиттің өсуі «өзінен өзі өсу» (саморазвитие) сияқты болып көрінбеуге тиіс. Бүкіл совет еліндегі, қазақ жеріндегі революциялық жаңалықтар мен өзгерістер, жаңа оқырман қауымын өсірген мәдениет революциясы, сол кездегі әдебиетіміздің жасала бастаған игі тәжірибелері мен дәстүрлері, әдебиет майданындағы күрес, айтыс-тартыстар, Москваның қызыл профессорлар институтындағы жылдар, сөз жоқ, Сәбиттің идеялық жағынан ғана емес, оған қоса көркемдік,

<sup>8</sup> М. Әуезов. Жолы кең жазушы. — «Социалистік Қазақстан», 1946, 27 январь.

эстетикалық жағынан да есейіп, ер жетуіне қатты әсер етті. Туған әдебиетіміздің жасала бастаған игі тәжірибесі дегенде біз алдымен Сәкен Сейфуллиннің бастаушылық, жаңашылдық еңбегін еске аламыз. Осы арада Сәкен мен Сәбиттің творчестволық қарым-қатынасы, алдыңғысының соңғысына тигізген ықпалы туралы мәселе келіп туады. Өйткені кейінгі жылдарда баспасөз бетінде Сәкен ұстаз да, Сәбит оның шәкірті деген кейбір топшылаулар айтылды.

«Сәкен туралы соңғы екі-үш жылдың ішінде бірнеше мақала жариялаған Есмағамбет Ысмайылов жолдас мені «Сәкеннің шәкірті» деп жүр. Сәкенді мен өзіме ұстаз болуға олқысынбаймын», — деп жазды Сәбит 1960 жылы «Достыма хатында». Сәкеннің өзіне көрсеткен жәрдемдерін баяндай келіп, Сәбит Есмағамбеттің «шәкірт» деген сөзіне аздап түзету кіргізгісі келетінін ескертеді. Сонан соң ол «...мені әдебиетке алғаш жетектеуші де, менің саяси сауатымды алғаш ашушы да Сәкен емес», — деп үзілді-кесілді мәлімдейді. Оған келтіретін дәлелі:

«Жалпы алғанда өзін талант иесімін деп түсінетін ешбір адам біреудің үйретуімен еш уақытта шығарма жазған емес. Шығарма үйретуден емес, өмірдің өзінен туады. Менің де барлық шығармаларым осылай туды. Марксизм жолына түскенге дейінгі өлеңдерім, жоғарыда айтқандай, ауылдағы кедей батырақтардың мұң-зарына арналды да, марксизм жолына түсуден бастап талантым, білімім жеткенше пролетариаттық революцияны, советтік құрылысты жырлап кеттім. Бұл істердің бәріндегі алғашқы ұстазым Сәкен емес, Коммунистік партияның идеясы»<sup>9</sup>, — еді дейді Сәбит.

Е. Ысмайылов 1964 жылы жарық көрген кітабында («Ақын және революция») Сәкеннің Сәбитке жасаған ықпалы туралы әңгімеге қайта бір оралып, өз ойын білдіреді. Ол Сәкен мен Сәбиттің достығы Маяковский мен Асеевтің достығындай екенін дұрыс байқаған. Бірақ Сәбиттің жаңашылдығы жайындағы мәселеге келгенде, оның поэзиясындағы жаңашылдық «Сәкеннің идеялық, ақындық ықпалымен туып дамыды»<sup>10</sup> деп,

<sup>9</sup> С. Мұқанов. Осу жолдарымыз. Алматы, 1960, 657-бет.

<sup>10</sup> Е. Ысмайылов. Ақын және революция. Алматы, 1964, 207-бет.

Ысмайылов әрі үстірт, әрі біржақты қорытынды жасаған. Ысмайылов осы тұста Сәбиттің отызыншы жылдардағы поэзиясында анық белгі берген реалистік жаңа сипаттарды әңгіме еткен шақта оның жаңашылдығы тек Сәкеннің ғана ықпалымен туып дамыған деп түсіндіреді, «Сәбитке орыстың революцияшыл совет поэзиясы, алдымен ұлы Маяковский тигізген идеялық, эстетикалық әсер жөнінде ештеңе айтпайды. Сөйтіп ол Сәбиттің отызыншы жылдардағы жаңашылдығына тікелей қатынас-жанасы бар аса маңызды мәселені қағажу қалдырады.

Біздіңше, Сәкен — Сәбиттің әдебиеттегі үлкен ағасы, абзал досы, жауынгер жолдасы. Бірін үнемі ұстаз, екіншісін үнемі шәкірт қалпында көрсету әдебиет тарихындағы ақиқат жағдайға жанаспайды. Сәкеннің кей реттерде тыңнан жол салғанына, қазақ совет әдебиетінде алғашқы сөзді айтқанына ешкім де таласпайды. Бірақ соған ғана сүйеніп, мезгіл жағынан кейін жарық көрген шығармалардың бәрін тек Сәкеннің әсерімен жазылған деудің қисыны бар ма? Сәкен мен Сәбит жайына келсек, қазақ совет әдебиетінің ең ірі, кезеңді туындыларының бірі «Сұлушашты» Сәкеннің қай поэмасының ықпалымен жазылды дер едік? «Ақ аю» ше? Біріншісі жиырмасыншы жылдарда, екіншісі отызыншы жылдарда — Сәкеннің бақытсыздыққа ұшырамай тұрған кезінде туған шығармалар.

Әдебиетте «ұстаз», «шәкірт» деген сөздерді байыбына бармай, кезкелді қолданудың кейде теріс түсініктерге апарып соқтыруы ықтимал.

«Достыма хатында» Сәбит үзілді-кесілді былай депті: «Әлі ешкім «Сәбит пәлендей» шығармасын Сәкеннің үлгісімен жазды деген емес, олай деуге дәлелі де жоқ»<sup>11</sup>.

Фактілерге жүгініп, үлгі дегенді түр түсінігі төңірегінде алып қарастырсақ, Сәбит аға ақынның жекелеген шығармасына ғана еліктеген. Мәселен, Сәбиттің 1929 жылы жазылған «Қазақстан» өлеңі Сәкеннің «Советстандағы» үлгісін сырттай қабылдаудың нәтижесі ғана. Он бір буын мен төрт буын аралас келіп, бір шумағы алты жолдан тұратын «Қазақстанның» түрі Сәбит үшін жаңа сияқты көрінсе де, көркемдік, өлең-

<sup>11</sup> С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 659-бет.

дік жағы тым қораштау болып шықты. «Қазақстан» — Сәбиттің сәтсіз дүниелерінің бірі. Ендеше, осы өлеңге қарап, Сәкен үлгісін Сәбит дамытып әкетті деуге бола ма? Мұнда дамыту туралы қандай әңгіме болуы мүмкін?

Сәкеннің өнегесін, бастаушылық ролін мойындай отыра, сонымен қатар, оның өзімен тұстас ақындармен творчестволық байланыста болғанын да ескеру қажет. Сәкен қаламдас жолдастарының шығармаларын қадағалап оқымады, олардың тәжірибесін ескермеді деуге қандай дәлеліміз бар? Тіпті, ол кей сәтте Сәбитпен де, Ілияспен де үндес болуы ықтимал емес пе?

Орыс ғалымдары В. Маяковский мен Д. Бедныйдың творчестволық қарым-қатынасына арналған мақалаларында бұл екі ақынның әрқайсысына тән ерекшеліктерін, сипаттарын көрсетумен қатар, ұқсас жәйттерді де жасырмайды.

В. П. Раков өзінің «Маяковский және Демьян Бедный» деген мақаласында: «Ол олма: Маяковский мен Д. Бедныйда тақырыбы, ырғағы, тіл және стиль ерекшеліктері, бүкіл өлеңдік құрылысы мен интонациясы жағынан бір-біріне соншалық ұқсас келетін, тіпті алмастырып алуға болатындай өлеңдер бар. Маяковскийдің «Рязань мұжығының жыры» мен Д. Бедныйдың «Гатчина сабағы» сондай өлеңдер. Екі өлең де 1919 жылғы Октябрьде жазылған»<sup>12</sup> — дейді.

Мұнан кейін Раков аталған екі өлеңнен үзінді келтіріп, екеуін қатар қойып салыстырады:

Рязань мұжығының жыры

Гатчина сабағы

Походил я в белые страны,  
Батюшки!  
Мужиков встречают странно,  
Матушки!  
Побывал у Дутова,  
Батюшки!  
Отпустили вздутого,  
Матушки!  
Я к Краснову, у Краснова —  
Батюшки!

Уж как питерца нажали,  
Батюшки,  
Мы из Гатчины сбежали,  
Матушки.  
Ох вы, танки, наши танки,  
Батюшки,  
Мы бежали вроде шпанки,  
Матушки...  
Сам Юденич мчится полем,  
Батюшки,

<sup>12</sup> «Маяковский және совет әдебиеті» (орыс тілінде). М., 1964, 92-бет.

Кулачище — сук сосновый,  
Матушки!  
Я к Деникину, а он —  
Батюшки!  
Бьет крестьян, как фараон.  
Матушки!...  
Не пойду я ни к кому,  
Батюшки.  
Окромя родных Коммун,  
Матушки!

Позабыл, с каким паролем,  
Матушки,  
Вот он — жирный да усатый,  
Батюшки,  
Черт проклятый, полосатый,  
Матушки,  
Пил он сладко, ел он плотно,  
Батюшки,  
Мы сдаем его охотно,  
Матушки.  
Получайте, петроградцы,  
Батюшки,  
Да простите всех нас, братцы,  
Матушки.

Маяковский мен Демьян Бедныйдың поэзиясында кездесетін жеке тәсіл, көркемдік суреттеу құралдарының ұқсастығы, Раковтың ойынша, Д. Бедныйдың тікелей әсерінен ғана тумаған. Бірақ ондай әсерді мүлде жоққа шығаруға да болмайды. Д. Бедныйдың бірталай шығармалары Маяковскийдің сол бағыттағы шығармаларынан бұрын жазылған.

В. П. Раковтың пікіріне, келтірген мысалына қарап, біз Маяковскийді Д. Бедныйдың шәкірті етуден аулақпыз. Бұл арада әңгіме замандас ақындардың творчестволық қарым-қатынасы, бірінің тәжірибесін екіншісі ескеретіні туралы болып отыр.

Біздің байқауымызша, Сәбит Мұқановтың поэзиясында «Майға сәлемнен» бастаған бетбұрыс — Маяковскийдің идеялық, эстетикалық ықпалынан туған творчестволық бетбұрыс болды. Және де Сәбиттің Маяковскийге келу кезі, Сәкеннің әдеби қызметі тоқталғаннан кейін басталған жоқ, қайта, Сәкеннің тірі кезінде басталды да, өрістеп кетті. Бұған «Майға сәлемнің» 1933 жылы жазылғанын еске түсірудің өзі де жеткілікті ғой дейміз.

Сәбит «Майға сәлем» өлеңі арқылы қазақ поэзиясына қандай жаңалық қосты және ол жаңалықты не себепті Маяковский есімімен байланыстырамыз?

«Майға сәлем» — әшейін мерекелік өлең емес. «Мерекелік» дейтініміз белгілі бір дата, мейрамдарға байланысты жазылған өлеңдердің көпшілігі ол кезде де, онан кейінгі кезеңдерде де елеулі бір кемшіліктен әлі арыла алмай келеді. Ол кемшілік — мазмұн тереңдігінің, философиялық толғаныстың жетіспеушілігінің

де, көркем бояулардың ашық, ажарлы болып келмеуінде.

Сәбит «Майға сәлемде» қазақ поэзиясында оған дейін орын алып келген канонды — мерекелік өлеңдерді тек үн қосу мағынасында ғана түсініп, тар аумақтан шыға алмаушылықты ескірген дәстүр деп есептейді де, өзінің жаңа көркемдік бағыт-бағдарын ұсынады.

Басқа ақындарды айтпағанда, мұнан (1933 жылдан) алты жыл бұрын Сәбит Бірінші майды қалай жырлаушы еді? Ақынның қаншалық өскенін және «Майға сәлем» неліктен жаңашыл шығарма саналатынын аңғару үшін Сәбиттің 1927 жылы жазған «Май ұраны» деген өлеңінен төрт шумақ үзінді келтірейік:

Май ұраны, көгерсін жер, көгерсін!  
Жасыл жібек өсімдікке беленсін.  
Жұпарлы жер, жансыздарға жан беріп,  
Өмір сүрсін, қыбырласын, кенелсін.

Сайрасын құс, жайнасын дөң, күлсін күн,  
Оттай шалқып көзді тартып шықсын гүл.  
Бұлақ ақсын, бұлаң қақсын, тауларды  
Сағым бөлеп, бұп-буалдыр бассын нұр.

Толқысын көл, жасыл құрақ жайқалсын,  
Ақ үкісі бұлғалаңдап шайқалсын.  
Жасыл бүліс үстін жауып ағаштың,  
Жас бұтақтар бұралаңдап жайқалсын.

Бұзау, қозы, құлын, бота, ұлақтар  
Салсын асыр, жаңа шыққан құрақтар,  
Май асасып, бір жасасып ешкі,қой,  
Сиыр, бие, түйе, аққан бұлақтар.

Бұған комментарий беріп жатудың қажеті жоқтығына ешкім күмәнданбас дейміз. Өйткені өлең жайын үзіндінің өзі айқындап тұр. Мұнда ақын жалаң баяндау дәрежесінен аса алмаған, жанды сурет, тыңнан табылған сөз образы жоқтың қасы.

«Майға сәлем» біздің көз алдымызға мүлде жаңа Сәбитті әкеледі.

Сәбит Бірінші май жайындағы өлеңін әдеттегі үн қосу шеңберінен шығарып, оған кең масштаб, келелі перспектива берген. Маяковский сияқты, Сәбит те мерекелік өлең жазудың көнерген дәстүрін ысырып тастап,

көркемдік обобщениеге көтерілген. Сәбит май айындағы табиғат сипатынан бүкіл адам баласының жаңарған, біздің советтік Ұлы Отанымыздың еңбекте, күресте өсіп шыныққан, өркендеп құлпырған бейнесін көреді. Өлеңнің философиялық бір түйіні осыған саяды.

Үкімім күшті, —  
Совет болат жүзін  
Сілтегенде тіледі таудың құзын!  
Электрдің жарығы түнді түріп,  
Одағымда жарық жаз —  
социализм!

Осы арада Маяковский еске түседі:

И я,  
как весну человечества,  
рожденную  
в трудах и в бою,  
пою  
мое отечество,  
республику мою!

Екі үзіндінің көңіл аударарлықтай бір жері — советтік Отанымызды адамзат көктемі бейнесінде жырлауында ғана емес. Әрине, бұл әсіресе қазақ поэзиясы жағдайында тыңнан табылған образ. Мұндағы гәй — Маяковский мен Сәбиттің поэзиясындағы ортақ пафоста, құдіретті құштарлықта. Пафоста ақын бейнебір тамаша, жанды нәрсеге құмартқандай, идеяға ғашық болады деп Белинский айтқандай, біз Маяковскийден де, Сәбиттен де осы сипаттағы «ғашықтықты» байқаймыз. Егер біз поэзияда шығарманың сыртқы құрылысын ғана қарастырмай, ондағы пафосқа, ойға, идеяға баса көңіл бөлеміз десек, «Майға сәлем» өлеңінің әлгіндей ерекшелігін алдымен атамау мүмкін емес.

Сәбиттің Май сипатын суреттеуі де, тіпті Майға арнап тіл қатуы да бүтіндей өзгеше. Бұрын-соңды қазақ өлеңінде жансыз нәрсені «жолдас» деп, ол аз болса «мәңгі жолдас» деп кейіптегенді кездестіріп пе едік? Майды бір жолы ғана соғатын жігіт емес, жылда жас жігіт болып келетін бейнеде елестету бұрынғы өлеңдеріміздің тәжірибесінде болған ба еді?

Маяковский поэзиясындағы «товарищ жизнь» сияқты жаңа мағыналы сөз орамын Сәбит те орынды қолданады, «Жолдас Маймен» тікелей тілдесіп, жыл

мезгілінің ең бір сұлу, ең бір шуақты да, шұғылалы шағымен сырласады.

Сәбит Май көркін, табиғат дүниесінің әсемдігін тебірене жырлағанда, Отанымыздағы социалистік өзгерістерді соған қабыстыра, қиюластыра біледі.

Күндөй боп Октябрьдің шамы жанды,  
Жолын көрді, жұмысшы мылтық алды.  
Сол мылтықтың күшімен қанды кешіп,  
Жайнаған бақша құрды социалды.

Бөгеген қолды барлық жеңді жауды,  
Сонан соң табиғатты жебей сауды.  
Астын тесіп, кеудесін кесіп, асау  
Үйреттік: Орал, Алтай, Алатауды.

Балтық пен Ақ теңізді алдық қосып,  
Бетпақ дала, Қарақұм шөлін жосып,  
Волхов пен Днепрдей асулардың  
Бөгедік бұғалық сап, алдын тосып.

«Майға сәлем» өлеңінде Сәбит қаламдас жолдастарының бірталайында және өз басында орын алған елеулі бір міннен — табыстарды жалаң тізімдеуден, жадағай рапорт беру әдетінен арыла бастағанын аңғартты. Ол совет адамының социалистік құрылыстағы қаһармандық еңбегін нақты индустрия алыптарын атау арқылы да жинақтап көрсеткен. Лирикалық «мен» формасын қолданбай, коллективтік, бүкіл халықтық іс екенін білдіретін «біз» формасына әдейі барған.

«Майға сәлем» өлеңінде Сәбит Маяковский поэзиясындағы игі бір дәстүрді — жаңа заманның жаңа тұрпатты ақынын оқиғаға тікелей қатынастырып, оның позициясын, тенденциясын бүктесінсіз көрсету дәстүрін қабылдаған, соны өзінше өрбіткен:

Бұлбұлдан өзгешелеу менің өнім:  
Адам өткен өткелдің шолып бәрін,  
Желдей сырғып, бүгінгі бөгеттерден,  
Жырлайды ол мыңдаған жыл болашағын.

Мен өңгедей емеспін жалаң өнші,  
Мен өншімін: егінші, ұста, малшы.  
Өндіргіш қол, тапқыш ми менде ғана,  
Сондықтан бар табиғат маған жалшы.

Социалистік дүние ақынының бағалы бір қасиеті алдағы күндерге көз жіберу, болашақты болжау екенін Маяковский:

Поэт  
настоящий  
вздувает  
заранее  
из искры неясной  
ясное знание, —

деп абайлатқан болатын.

Сәбиттің «Жалаң әнші» емеспін деуінде де үлкен мән бар.

Ақын бүкіл совет елінде күн сайын туып жатқан жаңалықтарға, өзгерістерге өз қатынасын білдірмей тұра алмайды. Онда ақын әншейін сырттан қараушы, қызықтаушы болып шығады. Сондықтан ақын қашанда оқиғалардың ішкі мәнін терең түсіну дәрежесінде болу жағына аса зер салуға тиіс.

Маяковский тауып айтқан:

Идею  
нельзя  
замешать на воде.  
В воде  
отсыреет идеяка.  
Поэт  
никогда  
и не жил без идей.  
Что я —  
попугай?  
индейка?

Сәбит «Майға сәлем» өлеңінде социализм елі ақынының тұлғасын суреттеп қана қоймай, капиталистік дүниенің сойылын соғатын, өзге таптың ақынына да баға береді.

Қанаттары қырқылып, басып кесел,  
Өзге таптың ақыны шабан, мешел.  
Біздің таптың ақыны тасыған су,  
Тасыса ау, шөлдерге гүлдер өсер.

Сөзім — оқ, үнім — найза түйреп қасты,  
Даусымды арпалысқан күрес ашты.  
Маркс, Ленин маркалы машинаны  
Мініп, талай жорыққа болдым басшы.

Бұл — қолына қалам алғаннан бері күрес жолына — жаңа өмір орнату, оны орнықтыру күресі жолына түскен ақын атаулының қайсысы болса да айта-тын сөзі. Сөзін — оққа, үнін найзаға балау революцияшыл поэзияның дұшпандарға қарсы жауынгерлік қызметін сипаттайды.

«Майға сәлемде» социалистік Отанымызды жаулардың шабуылынан қорғау сарыны өлеңнің ұзын ырғасына өрімдей өріліп, оның идеялық түйінін танытады. Ақын Отан қорғау тақырыбына әлдеқалай ойыса салмайды, сол кездегі халықаралық жағдайды (Германияда фашизмнің өкімет басына келуі, т. т.) ескереді.

Жолдас Май!

Күте тұра сені сыйлап,  
Қуана тұра, сенен қымбат сый ал,  
Одақтың ойы-қыры  
сынға салып  
Кереді барлық бойда күшін жинап.

Себебі, қоршап тұрған айнала жау,  
Жау қолында жазылған темір тор, ау.  
Се-Се-Се-Р-ді шырмамақ әлі келсе,  
Үстеріне төндіре құлатпақ тау.

Ақын оқиғаны осылайша қоюлатып, хауіптің күшейіп тұрғанын баяндайды.

Әділін айту керек, «Майға сәлем» өлеңі алдыңғы үш бөлегінде көркемдік жағынан (кейбір кедір-бұдыр жерін айтпағанда) біртегіс болып келе жатады да, осы төртінші бөлігіне ауысқанда кейбір «газеттік өлең» сарынына бой алдырады. Мәселен, бұл тұста Маяковскийдің мынадай айбынды, асқақ дауысы керек сияқты:

Долой  
политику  
пороховых бочек!  
Довольно  
дóма  
пугливо щуплится!  
От первой республики  
крестьян и рабочих  
отбросим  
войны  
штыкастые щупальцы.



Какая это громада!

Вы чуете

слово —

пролетариат?

Ему

грандиозное надо! —

деп Маяковский айтқандай, Сәбит Мұқанов Октябрь елінің ұлы ақынына бет бұра, оның революцияшыл жаңашылдығынан нәр ала отырып, социалистік заманымызға, халқымыздың рухани тілегіне сай сапалы шығарма беру жолында аянбай еңбек етті, өз бойындағы дарқан дарынын коммунизм идеяларына қызмет етуге жұмсады.

Сәбиттің Маяковскиймен бағыттас кезеңдегі шығармалары түгелімен советтік өмірді суреттеуге арналған. Мәселенің ең бастысы да осында.

Сүйем мен таңды тудай, туды таңдай,  
Таң нұры жүрегімнің қаны — жандай.  
Мен жырлап көрген емен, жүрегімді  
Туым мен таң нұрына бірдей малмай.

«Колхозды ауыл осындай» өлеңінде ақын шерткен осынау сыр оның бүкіл поэзиясының өзегіндей болып көрінеді.

«Колхозды ауыл осындай» — жалғыз Сәбит емес, бүкіл қазақ совет поэзиясының шоқтықты шығармасы. Бір колхоздың егін жинау маусымы кезіндегі, бір тәулікке жетер-жетпес мезгілді қамтитын өмірін ақын нағыз поэзия тілімен суреттеп береді. Колхозды ауылдың жаңа адамы, оның еңбекке деген социалистік көзқарасы, егін орағындағы қауырт қимыл, қос басындағы ойын-сауық — бәрі де мүлде жаңа бейнелі, бедерлі сөздермен нақышталған. Сәбит колхоз ауылын қоршаған табиғат дүниесінің аса келісті де көркем келбетін бұрын-соңды қолданылмаған тың суреттеу құралдары арқылы айтарлықтай етіп бере алған.

Қайыңдар күмістің сом бақанындай,  
Жіні терек әскердің қатарындай.  
Бұтақтар жапырағы сылдыраған,  
Өзбектің батсайы шапанындай.

Сұрғылт тасы құйылған қорғасындай,  
Бірғалуы жылқының жорғасындай.

Жақұт, шие, ақықтай жидегінің  
Тәттілігі Алматы алмасындай.

Табылғы жырдың қызыл қынасындай,  
Гүлі көздің жанады шырасындай.  
Сайрауы гүлге қонған бұлбұлының,  
Қазақтың бұлбұл құсы Күләшындай.

Сәбиттің әдебиетте көркемдік түйіндеуге шеберленгенін «Колхозды ауыл осындай» өлеңінің өзі-ақ танытты. Мұнда ауыл өмірін суреттеуде қиюласқан тұтастық, жарасқан гармония бар. Еңбек поэзиясы — өмір поэзиясы. Ақын егіншілердің еңбегі мен рухани дүниесін бір-бірінен ажыратпай, табиғи қалпында, тығыз байланыста көрсетеді.

«Колхозды ауыл осындай» — Сәбиттің отызыншы жылдардағы поэзиясында батыл ізденуден, Маяковский өнегесін творчестволық жолмен бойға сіңіруден туған табысы. Әлбетте, мұнда Маяковскийге тақырып жағынан ұқсаушылық сезілмейді. Бірақ Сәбит өзінің бұл кезеңдегі аса маңызды бір жеңісі — образ жүйесінің жаңалығы арқылы Маяковский көтерілген биікке қарай беттейді. Ол Маяковскиймен осы ретте өрістес, қанаттас ақын.

Кезінде жаңашыл шығарма болып қабылданылған «Колхозды ауыл осындай» өзінің қостаушыларын тапты да, кейінгі ақындарға қозғау салды, белгілі бір дәрежеде поэзиямызда дәстүрі бар туындыға айналды.

Сәбиттің «Гүл бағындай Отаным», «Жер айналған жалауым», «Н. тысяча» сияқты ойлы, өрнекті өлеңдері қазақ поэзиясында советтік патриотизм тақырыбын тереңдете меңгерудің үлгісі саналуға тиіс.

Отызыншы жылдардың әсіресе бас кезінде және онан кейінгі мезгілдерде қазақ ақындарының бірталайы-ақ Отан туралы көбінесе жалпылама жазатын. Туған елге деген махаббат сезімі жүрек түбінен қайнап шыққан жылы лебіз, орамды ой, бейнелі сөз арқылы берілмей, табыстарымызды сырдаң санау, түгендей тізімдеу, жалаң баяндау күйінде берілетін. Кейбір тәуір өлеңдерін жариялап жүретін ақын Жақан Сыздықовтың «Толқын» (1934) жинағындағы бір өлеңі мынадай:

24 домна  
пештер

Дәстер-дәстер,  
ұлы істер,  
техникалы  
Алып күштер  
Көрік бермек Одаққа.

Бұл — түр жағынан, дұрысырағын айтқанда, өлең жолдарын орналастыру жағынан Сәкеннің «Социалистанына» еліктеудің нәтижесі. «Социалистан» үлгісі былай болып келетіні бәрімізге мәлім:

Совет елі, —  
Жаппай ұйым...  
Іс істейді  
Енді жиын.  
Бір жоспарлы  
Бар іс дұйым —  
Социалистаны.

Жақанға Сәкен шығармасының сыртқы түрі ғана емес, жалпылама шолу әдісі де әсер еткенге ұқсайды. Жалғыз Жақан емес, отызыншы жылдардың бас шеніндегі бірқатар өлеңдерінде Ілияс Жансүгіров, Өтебай Тұрманжанов, Қалмақан Әбдіқадыров, Әбділда Тәжібаев сияқты ақындар да әлгіндей міндерге бой алдырмай қалмады. Отан тақырыбын игеру жолында жаңашылдық сипатта батыл адым жасады деп отырған ақынымыз Сәбит Мұқановтың өзі де «Көмір — коммунизм» (1932) дейтін шығармасында Қазақстанның индустриялық табыстарын көрсетпек болғанда, өндіріс, завод, кен аттарын санаудан аса алмаған:

Қызыл еспе (1), Қоңырат (2)  
Қарсақпай (3), Нілді (4), Жезқазған (5)  
Қарағанды (6), Байқоңыр (7)  
Спаска (8), Степняк (9)  
Эмбанефть (10), Ашысай (11)  
Бетпаққара (12), Бурабай (13)  
Алтын, күміс, темір, мыс,  
Қорғасын, жез, қолайы  
Көмір,  
аққан су мұнай...

Жақша ішіндегі цифрлардың өзі-ақ рет тәртібімен санау белгісін білдіріп тұр емес пе?

Осындай дәрежеден «Гүл бағындай Отаным» өлеңінің өресіне дейін көтерілу, әрине, сиқырдың себебімен емес, Сәбиттің жалпы ой өрісінің кеңеюі, үнемі

творчестволық ізденуі, ақындық шеберлігінің шыңдалуы арқасында ғана мүмкін болды. Бұл бір. Екінші жағынан, ол өзінің қаламдас жолдастарының тәуір тәжірибесіне де сүйенді. Олай дейтініміз: отызыншы жылдардың орта кезінен былай қарай қазақ өлеңінде реалистік сарындардың бұрынғыдан гөрі молая, орныға бастағанын білдіретін қызықты белгі-нышандар көрінді.

«Гүл бағындай Отаным» сондай шұрайлы шығармалардың бірі. Өлең ақынның өзімен өзі болып, оңаша отырғанда Отан образын бере алатын ажарлы бояу, әдемі өрнек іздеген сәтінен басталады. Біз оның психологиялық сезім күйімен ортақтасамыз. Айғайсыз, дауырықпасыз, лирикалық тебіреністен өрбитін ой — жаңа заман өз ақынына аса үлкен жауапкершілік артады, совет суреткері қашан да дәуір талабынан табылуға тиіс:

Дегенмен ақын сөздің фабригі,  
Отанға кесте төгу лайық гүлі,  
Қиын боп, мен отырдым ұзақ уақыт,  
Кестемнің ойдағыдай келмей түрі.

«Сөз» деген жәй өшейін ақ жібек жіп,  
Ақ жібек жіпті әдемі бояй біліп,  
Бояған жіпті бұзбай, үзбей және  
Сұлулап ретімен орай біліп,

Өрнекті кесте тігу болды ауыр,  
Миымда ой тербеліп, соқты дауыл.  
Сондай ауыр міндетті жүктемекші  
Өзінің ақынына біздің дәуір.

Сәбит өлеңінің ең бір қымбаттылығы, реалистік тұрғыда қалыптанған жері — ақын Отан бейнесін беретін бояу, өрнекті төңіректегі тіршіліктен, айналадағы өмірден табады. Әуелі қиялын қияға ұшырып, жер шарын кезіп қайтуға жұмсаған ақын, таң ата өз үйі терезесінің алдындағы гүл бақшаға шығады. Міне, осы шақта ол «тоғы таңның боз пұшпағын», нелер түс сұлу гүлдерді, «Күміс сәуле сеуіп» шығып келе жатқан күнді көреді.

Сол кезде оралып кеп маған қиял:  
— Кестеге бояу таптым, — деді, — құяр.  
— Ол не? — деп ем.  
— Таң, гүл, күн, — деді маған,  
— Сөз екен, — дедім, — мұның ойға сияр.

Таң, гүл, күнді көргенде түсті еске,  
Міне, бұл біздің елге лайық кесте.  
Тотыдай таң — Октябрь,  
Күн — СССР,  
Партияның лебізі — нұр емес пе!

Өлеңнің жаңалығы көркемдік шешімінің сонылығында емес, сонымен қатар, сөз образдарының тыңнан табылуында. «Тоты таң», «ақын — сөздің фабрикасы» — қазақ өлеңі бұрын-соңды білмеген көркемдік суреттеу құралдары. Тіпті дәстүрлі теңеудің өзін де Сәбит жаңғыртып жібереді:

Кезгенде таудың қырқа, жотасын ай,  
Жағаның жіңішке леу оқасындай  
Жылтыраған тау басы, таң біліне  
Көрінді түйенің ақ ботасындай.

Мәселе тау жотасының екі нәрсеге қатар теңелуінің (жағаның оқасына, түйенің ақ ботасына) тапқырлығында. Ақын таң алдында және таң білінген кезде өзі байқаған көріністі тап басып, көз алдына елестете алған.

«Гүл бағындай Отаным» осылайша бүкіл көркемдік бітімімен, сөз өрнегінің өзгешелігімен дараланады.

Совет ұшқыштарының, теңізшілерінің жер дүниені таңғалдырған ғажайып ерліктерін, өзі куә болып отырған зор тарихтық қимылдарды басқа ақындар сияқты Сәбит те сүйсіне толғады. Ол мұнда да өзінің жаңашыл бағытынан аумады, көркемдік түйіндеу, тың сөз образын жасау принципін жүзеге асырды.

Жұлдыз образы — нешеме мың ғасырдан бері поэзия төрінен орын алып келе жатқан «тұрақты» образдың бірі. «Н. тысяча» өлеңінде Сәбит Солтүстік полюсқа қадалған совет туындағы жұлдызды ақындық ірі планда алады, оны Солтүстік сиянимен қатар қойып, сонан философиялық түйін жасайды:

Қызған қайрат қоймады таппасына,  
Мекендеп Шұғыланың нақ қасына  
Қағылды бес тармақты біздің жұлдыз,  
Құлпырған мың бояулы қақпасына.

Шұғыла күндіз сөніп, түнде жанбақ,  
Біздің жұлдыз күндіз де, түнде маздап  
Бір сөнбейді, сөулесін күндіз күнге,  
Түн болса Шұғылаға бірдей жалғап.

Шұғыла осал арқау — жыртылады,  
Көкке керген бауы тез қырқылады.  
Біз тіккен ту берік жіп, берік арқау,  
Желбіреген сайын ол құлпырады.

Совет жұлдызының сәулесі күндіз күнге, түнде шұғылаға жалғанатыны, оның еш уақытта да сөнбейтіні — аса мәнді, терең символика. Анық, ашық айтылған, бірақ көркем бейнемен айтылған символика.

Сәбиттің «Гүл бағындай Отаным», «Жер айналған жалауым», «Н. тысяча» сияқты өлеңдерінде советтік патриотизм идеясы осылайша өз көрінісін сөз образдарының жаңа жүйесі арқылы табады.

...главное в нас —  
и это  
ничем не заслонится, —  
главное в нас,  
это — наша  
Страна Советов,  
советская воля,  
советское знамя,  
советское солнце, —

деп Маяковский айтқандай, Сәбит те советтік құрылысты мадақтайды, өз замандастарының Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл ретте ол Маяковский бастаған дәстүрді өзінше дамытады. Сонда идеялық мазмұн жағынан ғана емес, өлеңнің көркемдік суреттеу құралдарын жетілдіріп, жаңғырту, ырғағы мен ұйқасын жаңарту жағынан да өзгерістер енгізеді. Сәбиттің Маяковскийге жақындауы, оның революцияшыл поэзиясында орныққан жаңалықты қабылдауы осылайша бірімен бірі тығыз байланысты жүйелерде жүріп отырады.

«Майға сәлемнен» бастап Сәбит өлеңнің жолдарын мағынасына қарай бөлшектеу принципіне бой ұрып қырайды да, өзі айтқандай, «әр сөздің мағынасын сақтауға тырысу, өлеңнің буынын толтырамы деп, жазып отырған жолдағы пікірге жанаспайтын көлденең сөздерді кіргізбеу» мақсатын көздеңкірейді. Рас, ол өлең жолын бөлшектеу әдісіне «Жүйткі, қара айғырымда» көбірек беріліп, мұны өзінің мақалаларында теориялық жағынан негіздеген болатын (мәселен, «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6—7 номерлері). Бірақ «Жүйткі, қара айғырымда» Сәбит өлең

жолын бөлшектеуге қызығыңқырап кетті де, оқушының түсінуіне кейде қиын соғатындай етіп жіберді.

Сәбит өлеңдерінің жеке жолдары интонацияға лайықталып, ауызекі сөйлеу түріне жуықтатыла бөлінетіні бара-бара жүйеге айналды. Ол кейде жеке сөздің мағынасына, ойдың салмағына қарай бір шумақтың ішінде бірнеше іркіліс жасап, бөлшектеудің ұлғайған түрін қолданады:

Кимелеп очередьке кірдім мен де,  
Очередь өзенді өрлей көшкен сенге  
Ұқсап, алды азайса,  
Арты қаптап,  
Барады жылжып  
Алды кеткен жөнге.

Сәбиттің «Ақ аю» поэмасында өлең жолын интонацияға қарай орналастырудың мынадай бір түрі де кездеседі:

Февраль.  
14.  
34.  
Мұз теңіз жақ.  
Кеше,  
15.  
30-да  
Кеме апат  
Болды.  
Бір жан шығын бар, басқасы аман.  
Мұздан қалап жатырмыз лагерь жасап.

«Челюскин» кемесінің апатқа ұшыраған жылы мен айы, сағаты мен минуты шұбалта баяндалмай, телеграмма сөзі сияқты түсінікті, қысқа берілген. Ақын ол сөздерді қатарластырып қаламай, дауыс ырғағына бейімдеп, әр қайсысын жеке жолға қойған. Мұның өзі мағынаның салмағын да аңғартқандай.

Февраль.  
14.  
34.  
Мұз теңіз жақ.

Мұнда әр жолдың мағынасы интонация жағынан аяқталып тұр.

Мұндай жәйт Маяковскийде өте жиі кездеседі:

«Приду в четыре» — сказала Мария.  
Восемь.

Девять.  
Десять.

Белгілі совет әдебиет зерттеушісі Л. И. Тимофеев: «Бұл сөздердің жеке тұрған себебі, мұнда бай ішкі мазмұн бар», — дейді.

Қазақ өлеңінің ырғақ мүмкіншілігін ұлғайтуда Сәбит диалогты шебер пайдаланады. Бұған «Гүл бағындай Отаным», «Колхозды ауыл осындай» және басқа шығармаларда қолданылған диалогтар дәлел бола алады.

Сен оларға айт: «Ақын бар, деді де,  
Мен үшін қысып қолын ал, деді де.  
Ұл туса, тусын совет ұлындай боп,  
Деп әлемге саламын жар, деді де»

Сен оларға айт: «Ақын асылын де,  
Сыйым деп жеке қара басының де,  
Жіберді де, — сендерге ерлерім деп,  
Таңдандырған ерлікпен ғасырын де».

Талайымыз талай рет мысалға алған бұл шумақтар да қазақ өлеңіне Сәбит енгізген интонациялық өзгешеліктің бір түрі тәрізді. Жол басындағы «Сен оларға айт», жол аяғындағы «деді де» бірін бірі күшейтеді, ақынның айтпақ ойын еселей түседі. Бұл да Сәбиттің өзі тапқан мәнер.

Қазақ өлеңінің ырғағына интонациялық екпін берудің, оны сөйлеу тіліне бейімдеудің мәні жөнінде Сәбит Мұқанов өзінің «Қазақ өлеңі туралы» мақаласында былай дейді:

«Мұндай өлеңді жазуда екі мақсат бар: 1. Бір жолдағы сөздер бір сөйлемде бір мағынаға ғана жататын сөздер болсын деген заңды қатты қолдаудан, қайталама пікір беретін керексіз сөздерді көп кіргізбеуден шығады.

2. Театр, клуб, әдебиет кештері сықылды мәдениет істері күшеюмен бірге, өлең жалғыз әндік құрал болудан шығып, тақпақтай айтылатын құрал болады...».

Отызыншы жылдарда Сәбит қазақ өлеңінің ұйқасына да едәуір өзгерістер енгізеді. Ол ұйқасуға лайық сөздің салмақтысын жолдың соңына қойып, ұйқастың мағыналы болуына қатты зер салады. 1934 жылы жа-

рияланған бір мақаласында ақын қазақ өлеңінің жолына «мықтылығының» сияқты бес буынды сөз сыймайды деген пікір айтса, үш жылдан кейін әйгілі «Колхозды ауыл осындай» өлеңінде «антологиясы» деген алты буынды сөзді ұйқасқа қойып, төрт буынның орнына пайдаланады:

Шалымның аты Кенбей — сөз ұясы,  
Басы бір жалғанның кең дүниесы.  
Ертегі, өлең, жырдың, шежіренің  
Миы бай, көркем сұлу антологиясы.

Халық әдебиетінің қазынасын басына тоқып алған қарияның миын антологияға балау — қазақ өлеңіне Сәбит қана кіргізген жаңалық. Және мұның өзі ұйқаста да мығым тұр.

Мына бір шумақтың ұйқастарына қараңыз:

Водопьянов, Папанин, Шмидт ерлер,  
Қонсаң, қайдан жүрсін? — деп сені  
тергер,  
Сен оларға айт: «Мұнан бұрын да, де,  
Челюскин жорығына бірге ергем!»

«Ерлер» — «тергер» — «ергем» ұйқасында соңғы «ергем» сөзі «р» әрпіне аяқталмаса да, үн екпіні арқылы үйлесім тапқан.

Бұрынғы таң, бұрынғы жастық  
қысқа  
Ұрынып,  
қыстан үркіп ұшқан құстай,  
Тайсалса,  
Октябрьдің таңы ата,  
Оралып келді ұшып біздің тұсқа.

Мұнда да жоғарыдағыдай ұйқас.

Отызыншы жылдардың бас кезіндегі бір өлеңінде («Мәдени бәсеке», 1931) Сәбит өлеңді аяғынан емес, басынан ұйқастырып көреді:

Культурная эстафета!  
Ура!  
Колхоз және совхоздар  
Өндірістер, ұйымдар —  
Тура  
Бетін Москваға  
қойған.  
Шуға,

Айғайға, ұранға  
Қызбаған совет елінде  
Жан жоқ.

Туға

Түсті қан қызыл  
«Ура, ура, урала»  
Ұмтылды жұрт.

Әндетіп оқуға қиындау болғанымен, бұл тақпақтап айтуға келетін өлең.

Өлеңде бастапқы сөзді ғана ұйқастыру тәжірибесін біз Ілияс Жансүгіровтың «Жазға салымынан» (1922) көреміз:

Күркіреп, күңіреніп ұласып аспан,  
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жаңбыр жауар.  
Дүркіреп жауқазындар жарар гүлін,  
Үлбіреп өсер шөптер, құлшырар қыр.

Екі өлеңде де ұйқас әр жолдың басында тұр, бірақ «Мәдени бәсеке» мен «Жазға салым» мазмұн, түр жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды.

Сәбиттің отызыншы жылдардағы өлеңдерінде жаңа ұйқас табу үнемі сәтті бола берген жоқ. Мәселен, 1936 жылғы өлеңінің бір үйлесімі мынадай:

— Барайын, — деді, — қазір складқа,  
Малшым да жымыды, деп:  
— келме таппай!  
Құшақтап кіргенде әйел  
«Табылды!» деп,  
Жіберді малшы қолын шапалақтап.

«Складқа» — «таппай» — «шапалақтап» — ұйқастарын Сәбит қаламымен қаланған дегенге сену қиын.

Маяковский мәнері, Маяковский дәстүрі Сәбиттің әсіресе «Сөз — Советтік Армия», «Поэзия маршалы», «Сырласу» өлеңдерінен айрықша байқалады.

«...Сәбит Мұқанов Маяковскийден бір күнде, не бір жылда ғана үйреніп, оның дәстүрлерін оп-оңай ғана меңгере қойған жоқ. Бұл — басталуы, өзгеріп, өсуі, қалыптасуы бар творчестволық үйрену процесі»<sup>13</sup>. Ғалым, әдебиет сыншысы Айқын Нұрқатовтың бұл пікірін әбден дұрыс айтылған деп білеміз.

<sup>13</sup> А. Нұрқатов. Маяковский және қазақ совет поэзиясы. Алматы, 1957, 37-бет.

Алғашқы жылдарды былай қойғанның өзінде, Сәбиттің Маяковский әсері анық сезілетін «Сөз — Советтік Армия», «Поэзия маршалы», «Сырласу» өлеңдерінің өзі де бір әуенмен жазылған дүниелер емес. Тақырыптың көркемдік игерілуі, образ, стиль, сөз мәнері жағынан үшеуі үш түрлі шығарма.

«Сөз — Советтік Армия» мен «Сырласу» Маяковскийдің атақты «Бар дауыспен» поэмасымен үндес, орайлас, бағыттас.

Шығарма өмірден туады. Соның бір мысалы «Сөз — Советтік Армия» отызыншы жылдардың аяқ кезінде, Хасан көлі, Халхин-гол маңындағы соғыс оқиғалары тұсында жазылды. Бірақ шығарманың тууына халықаралық жағдайдың шиеленісуі, герман фашизмі әрекеттерінің барған сайын етек алуы, соғыс хаупінің күшеюі тікелей себеп болды. Осы оқиғаларға байланысты халықты патриоттық рухта тәрбиелеуге, социалистік Отанды қорғауға әзір тұру талабы тұрғысынан ақын, жазушылар әскери тақырыпты қызу қолға алды. Прозада, драматургияда елеулі шығармалар дүниеге келді. Отан қорғау тақырыбы әсіресе поэзияда молырақ көтерілді. А. Сурковтың, В. Лебедев-Кумачтың, М. Голодныйдың, В. Гусевтің және басқаларының өлеңдері халық арасына кеңінен тарады. Туысқан республика ақындары да Совет Армиясына, оның ерлік дәстүріне өлең, жырларын арнады.

«Сөз — Советтік Армия» Маяковскийдің бесжылдық жайындағы поэмасына өзінің қандай жақтарымен жанасады? Өзектес сарындар, ортақ орайлар қайсы?

«Бар дауыспен» поэмасы мен «Сөз — Советтік Армиясы» өлеңіне ортақ қасиет — екеуінде де совет поэзиясының міндеті мен қызметі түбегейлі әңгімеге айналады. Маяковский де, Сәбит те халықтың революциялық күресіне белсене қатынасатын жауынгер поэзияны жақтайды; қоғам өмірінен қалыс қалуды көздейтін дарашыл өнерді шеней келіп, екі ақын да совет халқының социализм орнату күресінде қуатты қару болуға жарайтын поэзияны құптайды.

Маяковский өз шығармаларына көркемдік анықтама бере келіп, өлеңдерін құрыштай берік саптағы солдатқа, поэмаларын — зеңбірекке, өткір сөзін — атты әскерге, ұйқастарын — көк семсерге теңейді:

Өлең бетін  
     әскердей  
 Жолдарымен      сапқа құрып,  
     жорыққа  
                     кетем жүріп.  
 Қорғасындай  
     салмақты  
                     өлеңдерім.  
 Жеңіске,  
     өлімге де  
                     буган белін.  
 Зеңбіректтей  
     Қаз-қатар  
                     дастандарым,  
 Нысанаға  
     дәл көздеп  
                     қойған бәрін.  
 Қиқу шықса  
     құйғытар  
                     атты әскердей,  
 Ұйқастарым  
     сурылған  
                     көк семсердей.  
 Жиырма жылдай  
     жорықта  
                     жарып өткен.  
 Жауынгер жыр  
     қаруы  
                     жарқ-жұрқ еткен.  
 Ақтық беті  
     қалғанша  
                     соның бәрі —  
 Бір сен үшін  
     Планета  
                     пролетары.

Сәбит Мұқанов «Сөз — Советтік Армияда» әңгімені әріден бастайды. Халықтың көркем сөзді қадірлейтіні, ақынның адам баласы қоғамында алатын орны туралы толғай сөйлеп, тебірене тіл қатады. Сонан қазіргі нақты тарихи жағдайда сипаттауға ауысады да, фашизмнің соғыс қатерін туғызып отырғанын айтады:

Фашизм пиғылы пасық құтырған аң,  
 Көзі күңгірт, көбікті аузында қан.  
 Тарпа бассап талайды өлі келсе,  
 Табанына тапталып адамдық заң.

Билетіп сұм фашизм бойын жынға,  
 Құлап-қирап өлетін шығып шыңға.

Ұлиды қарап тұрып қаны қашып,  
Бақытты біздің Отан — СССР-ға.

Осындай ахуалда поэзияның орны қайда болмақ керек? Егер басқыншылар біздің елімізге шабуыл жасай қалса, совет ақындары қандай қызмет атқаруға тиіс? «Сөз — Советтік Армия» міне осы тәрізді сұрақтарға образды өлең тілімен жауап береді.

Сәбит болашақ майданға әдебиеттің жалғыз өзін аттандырмайды, алдымен халық қозғалатынын, ал ақындар сол қаһарман халықтың жауынгерлік сапында жұп жазбай, бірге болатынын аңғартады:

Ұранға даусын қосып осы кезде,  
Ең алдыңғы қатарда түсіп көзге,  
Майданға аттанбақшы ақындардың  
Жүрегін жарып шыққан жалын сөз де.

Сонымен, «Сөз — Советтік Армия» өлеңінде ақынның ролі «Бар дауыспен» поэмасындағыдан өзгешелеу күйде көрсетілетінін байқаймыз. Маяковский поэзияны социалистік құрылыстағы күрес құралы ретінде бейнелеп айтса, Сәбит оның соғыс қимылына тікелей қатынасқан шақтағы нақты қызметін бейнемен белгілейді.

Сәбиттің өлеңінде, сөз — сүңгуір қайық, кітап қағаздары — самолет, өлең жазған қағаздар — истребитель.

Ақын көркем сөздің жігерлендіруші үгіттік ролін де естен шығармайды:

Жау әскерін үркітіп бөріктіре,  
Еңбекшіні соғына еріттіре,  
Сөз қолына мылтығын берік ұстап,  
Жалынды таратпақшы үгітті де.

«Сөз — Советтік Армияда» ақын мұнан кейін әрбір әдебиет жанрына жүк артады, қайсысы қай әскер түрінің қызметін атқаратынын айтады: поэмалар — бомбовоз, проза — ауыр артиллериядағы зеңбірек, очерк — барлаушы, пьеса — тылда сауық қойып әскерге рухани азық беруші, фельетон — майдандағы теріс қимылды сынаушы.

Сәбиттің «Сөз — Советтік Армиядағы» жаңашылдығы — өлеңнің бүкіл өнбойынан көрінеді: тақырыптың өрісі, серпіні кең, шығарманың құрылысы

қызықты, көркемдік суреттеу құралдары — мейлінше тың, образды, өрнекті; ақынның өз дауысы да жарқын естіледі, ол — әшейін бір баяндаушы ғана емес, оқиғаға қолма-қол қатынасшы жауынгер.

Міне, Сәбит Мұқанов «Сөз — Советтік Армияда» Маяковскийге осылай барып, оның революцияшыл дәстүрін өзінше дамытады. «Өзінше» дейтініміз — Сәбит Маяковскийді қайталамайды, оның эстетикалық принциптерін құптай отырып, өз сөзін айтады, өзінің ақындық бетін сақтайды. Творчестволық жолмен үйренудің мәнісі де осында болса керек.

Ал «Сырласу» өлеңінің «Бар дауыспен» поэмасымен бағыттастығы жайына келетін болсақ, мұнда Маяковский де, Сәбит те бастан кешірген күрес жолдарына көз жіберіп, заман және өздері туралы толғамалы ойлар айтатынын аңғарамыз.

Маяковский әуелден-ақ өз талантын Октябрь идеяларын жырлауға қалтқысыз арнағанын, жас совет республикасын нығайту күресіне поэзиясымен үлес қосқанын, шығармалары қазіргі дәуірдің де, болашақ ұрпақтың да керегіне жарайтынын («Келем сізге коммунистік қашықтағы...») айтады. Сәбит те өзінің ақындық жолына ой жүгірте келіп кешегі мен бүгінгінің арасын жалғастырады, өзінің халық алдында қарыздар екенін сезеді:

Жан сырым, халқым, маған сенсең егер,  
Борышым шашымнан көп саған берер.  
Желкеме шор түсер деп аямай сал,  
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер.

Маяковский ақын «Әлемнің қашанда қарыздары» деп білген ғой. Және ол өзі туралы айтқанда:

Я  
в долгу  
    перед  
        Бродвейской лампией,  
перед вами,  
        багдадские небеса,  
Перед Красной Армией,  
    перед вишнями Японии —  
перед всем,  
    про что  
        не успел написать, —

дегені есімізде.



По Маяковскому Америку  
Я открыл.  
На том стою, —

дейтін үш жол өлеңін Сәбит эпиграф етіп алған.

Сәбит өзін Маяковский дәстүрін жалғастыратын, оның жолын қуатын ақындардың бірімін дейді. Ол ұлы ақынды қазірде де біздің қатарымызда деп біледі:

Жоқ, өлген жоқ... Өлуге ол тым ірі.  
Бар әлемге тарауға жетеді үні.  
Осынау мәңгі жасар бәйтеректің  
Мен-дағы бұтағының болдым бірі, —

дейді.

Владимир Маяковский мен Сәбит Мұқановтың поэзиясы туралы әңгіме осымен бітіп қалмайды, өйткені оның әлі де қарастырылмаған, қамтылмаған қырлары болуы ықтимал.

---

# АҚЫННЫҢ

## ҚОҒАМДАҒЫ

### ОРНЫ

А что,  
если я  
народа водитель  
и одновременно —  
народный слуга?

*В. Маяковский.*

Уа, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,  
Тағы да артсаң жүкті талай батпан,  
Жолында сен беттеген коммунизм,  
Жүгіңді жерге қойып, өлмей, жатпан.

*Сәбит Мұқанов.*

**А**

қынның қоғамдағы орны және ролі.  
Бұл — көркем сөз шеберлерін қашанда толғандырған, ойландырған көкейтесті мәселенің бірі. Әсіресе прогресшіл әдебиеттің өкілдері, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы ақын, жазушылар өз шығармасының қоғамға қандай пайда келтіретіні жайындағы мәселеге бейжай қарамаған.

Дүние жүзіндегі ұлы ақындардың поэзия және оның адам баласы алдындағы борышы, атқаратын міндеті туралы айтқан ой, пікірлеріне бақсаңыз, олардың мәселеге өз заманы ұсынған тілек-талаптар тұрғысынан қарағанын көресіз.

А. С. Пушкин ақынды «жұрт жүрегін жырмен жалындатуға» шақырды. Ол өзінің өлмес-өшпес өнері халықтар жүрегінде мәңгілік сақталатынын атақты «Ескерткішінде» айтып кетті:

Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпақ,  
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.  
Славян елдерінің ер ұрпағы,  
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ,  
Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім,  
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін.  
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,  
Мархабат пақырларға тілегемін.

Ғасырдың ең ілгерішіл идеяларына қолма-қол үн қатқан, әрдайым әрекет-қимылды, күресті, бостандықты аңсаған дауыл дауысты Михаил Лермонтов кейінгі рухани мұрагерлеріне өнегелі өсиет қалдырды. Бізді Николай Некрасовтың «кек пен мұңның музасы» атанған поэзиясы терең тебірентеді. Ал Абай қастерлеген өлеңді туғызған ақын «Ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тіл» екені бәріміздің қатерімізде. Ол әділет пен ақылға жүгініп, «алыс, жақынға солардың сөйле дегенін» білдіріп кеткен.

Көркем сөз — қару. Пушкиннің «Коломнадағы үйшік» поэмасының жолдарына үңілейікші:

Па шіркін... Қандай қызық тіссең өлең,  
Есеппен қатар-қатар тәртіптелген.  
Жан-жаққа тарап-тарап жүгірісіп,  
Әскердей шашыраса майданда өрген!  
Мұнда әр сөз — буыны құрметтелген,  
Мұнда әр өлең — өзінше ер көрінген.  
Сонда өлең жазушы... кімменен тең?  
— Ол, — Темірлан, немесе Наполеон.

Әрине, поэзияны қаруға теңеу Пушкинге дейін де, онан кейін де кездеседі. Бұл — Октябрьден соңғы, жиырмамыншы жылдардағы өлеңдер мен публицистикада жиі ұшырасады. Сөзді қаруға теңеу сол кездегі идеологиялық міндеттен туған. Тап тартысының күшейген, жаңа мен ескінің арасындағы күрес қызған шағында әдебиеттің ролі айрықша артқан. Маяковский өлеңді «көне, бірақ айбынды қару» деп бағалап, «қаламды найзаға теңеуді» тілеген. Оның түсінуінде



Если  
вы не за нас,  
а мы  
не с вами,  
То черта ль  
нам  
остаётся делать? —

деді ол «Пролетариат ақындарына хат» өлеңінде.

Поэзия революцияға пайдасын тигізе ме, жоқ па? Маяковский мәселеге осы тұрғыдан қарады. Оның ойынша, «біздің заманымызда кім пайдалы болса, сол ақын, жазушы». Бірақ Маяковский ақынның оқиға соңында ілбіп отырғанын мақұлдамайды. Ақын уақыттан озып, халықтың ілгері басқан қадамын сәулелендіріп отыруы шарт. «Нағыз поэзия әр қашанда, тіпті бір сағат болса да, өмірдің алдында жүруге тиіс», — дейді Маяковский.

Совет әдебиетінің өркендеу жолдары туралы 1930 жылдың бас кезінде өткізілген айтыста Маяковский былай деген:

«Социализм құрылысына көмектесетін құралдың бәрі жақсы. Әдіске бөлу — шартты бөлу. Стиль дегеніміз әдеби приемдардың келесі кезеңде ұғынылып, топтастырылуы... Бүгінгі маңызды нәрсе — стиль іздеу ғана емес, ортақ саяси платформада тұрған адамдарды біріктіру. Өз орныңды дәлме-дәл белгілеу керек. Өзіңнің таптық позицияңды дәлме-дәл анықтау керек».

Маяковскийдің поэзияға көзқарасы «Өлеңді қалай қиыстыру керек?» (1926) деген әйгілі мақаласында мейлінше айқын айтылған. Мақала ақынның творчестволық лабораториясын кеңінен таныстырады.

Совет ақындары Маяковскийдің эстетикалық принциптері жаңа советтік поэзия жасау күресінде туғанын, ол принциптердің әлі де зор теориялық және практикалық маңызы барын жақсы түсінеді. Олар мұны ақын мұрасындағы игі дәстүрдің бірі деп біледі.

«Ақынның жұмысшы сапындағы орны туралы» фининспектормен жасаған әңгімесінде Маяковский поэзияны ең ауыр еңбектің бір түрі деп санайды.

Поэзия —  
та же добыча радия.  
В грамм добыча,  
в год труды.

Изводишь  
единого слова ради  
тысячи тонн  
словесной руды.

Халық алдындағы жауапкершілікті терең сезіну, заманымызға лайық нағыз көркем шығарма беру үшін шеберлікті шыңдай беру жағына Маяковский әрдайым көңіл бөліп, өзінің қаламдас жолдастарына қатаң талап қойып отырды. «Сергей Есенинге» өлеңінің мына бір жолдарын біз күні бүгінге дейін өткірлігі мұқалмаған, маңызы көнермеген деп қабылдаймыз:

Это время —  
трудновато для пера,  
но скажите  
вы,  
калеки и калекши,  
Где,  
когда,  
какой великий выбирал  
путь,  
чтобы протоптанней  
и легче?

Өлең өнерінің оңай еместігіне, оның әрі қуанышты, әрі ауыр еңбек екеніне Маяковскийден басқа ақындар да назар аударады.

Дағыстан ақыны, Лениндік сыйлықтың лауреаты Расул Гамзатов жазады:

Все для меня ты, поэзия, кроме покоя.  
...Ты для меня и мой отдых и каторжный  
труд.

Белорус ақыны Аркадий Кулешов поэзия жайындағы соңғы бір өлеңін поэзияға: «мен сенің тұтқыныңмын, сен түрмемсін» деп тіл қатудан бастап, өзі қалап түскен жолдың қиындығын айтады:

Я узник твой, а ты моя тюрьма,  
Любовью я приговорен сурово.  
Напрасно срок мой, заманив другого,  
Ты сократишь торопишься сама.

Напрасно стражу уменьшаешь вдвое,  
Намерений обидных не тая.  
Бессмысленно решение такое,  
Смешна предусмотрительность твоя.

Я и при малой не сбегу охране,  
Все так же буду цепью я греметь,  
Прогулки совершать по расписанью,  
И голодать, и в карцере сидеть.

Ты слов меня лишит неправомочна,  
Распорядиться всей моей судьбой.  
Не ты меня избрала — узник твой  
Избрал тебя пожизненно, бессрочно.

Қатал шындықты Кулешов осылай баяндайды.

Біз бұл тұста Маяковский дәстүрінің қайталанбай, ілгері дамытылғанын, бүгінгі дәуірде өзгеше бояу, үн тапқанын көрсету үшін Р. Гамзатов пен А. Кулешов өлеңдерін мысалға алдық. Шынында, өзінің советтік қоғамдағы орны, поэзияның ролі туралы толғанбаған ақын кемде-кем.

Қазақ ақындарының буын-буын легі совет мемлекеті дамуының барлық кезеңдерінде де, еңбекте де, шайқаста да — құрылысшы халықтың, қаһарман халықтың қатарынан өз орнын тауып, бойындағы талантын, білімі мен шеберлігін ұлы мақсат жолына жұмсауды ең ардақты, ең абыройлы борышы санады. Ел өміріндегі әр бір жаңа дәуір әдебиетке, поэзияға жаңа міндеттер жүктеп отырды. Ақынның қоғамдағы орны сол міндеттерге сай белгіленді.

Сәкен Сейфуллин Октябрь туының астына алдымен кірді де, революционер сапынан табылды. Уақытша жеңіліс те, дұшпандардың азабы мен мазағы да Сәкенді мұқата алмады. Оның поэзиясынан осындай өркеуде оптимист ақынның бейнесін көреміз. Социалистік өрлеу жылдарында Сәкен алғы шептен шықпайды. Ақынның қоғамдағы орны, поэзияның атқаратын қызметі мен ролі туралы мәселеге ол әлденеше рет оралып, өз басына байланысты сырларын шертті. «Альбатрос» поэмасында азамат соғысына қатынасқан ақын («Мардамсынам сол майданды көрдім деп», «Бас командарм ұранына ердім деп») енді «Қызыл ат» поэмасында — Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған қиыншылықтардың куәсі, партия жолын бұрмалаушыларды әшкерелеуші. Ол ақынның адалдығы мен шыншылдығы туралы толғанады.

Социализм сарайының ірге тасын алғаш қалаған-

дардың ішінде болу — Сәкен өлеңінде мақтанш сезімін туғызады.

Біз қаладық қиындықпен  
Кең сарайға іргені.  
Біздің тілек: сол сарайға  
Кейінгілер кіргені.

«Қаластық» деп отырмаспыз  
Бұл іргені өзiргi.  
Қаласармыз әлі талай  
Жастарменен қазiргi.

Керуен көшер, керуен қонар —  
Үйреншікті өңгіме.  
Бізден қалар талай белгі  
Кейінгіге, мәңгіге.

Осы арада Маяковский ойға оралады:

Бәрімізге  
ескерткіш  
болсын ортақ  
Социализм  
майданда біз орнатқан.

Халықтың жаңа өмір орнатудағы ересен еңбегін бағалап, оған өздері тарапынан қосылған үлесті айтқан тұста да Маяковский мен Сәкен осылай үндері ұласқан, ортақ тағдырдың адамдары болып шығады.

Соңғы өлеңдерінің бірінде Сәкен туысқан қырғыз халқының бақытты тұрмысын көріп, қуаныш сезімін білдіреді:

Нәсіне ақын сырын жасырады?  
Нәсіне жан сүймеске бас ұрады?  
Мінекей сүйген елін құрметпен ол, —  
Көтеріп төбесіне асырады!

Сәкен поэзиясындағы ақын — оның өзі сияқты, партиялық бағыты айқын, заман талабын дұрыс түсінетін, шабуылдың ылғи алғы шебінде жүретін жауынгер, қайраткер ақын.

Лияс Жансүгіровтың, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Мұқановтың қазақ совет әдебиетін, оның поэзия жан-

рын өркендетудегі еңбегіне халық өзінің байлаулы бағасын әлдеқашан айтқан.

Қазақ ақындарының ішінде Маяковскийді алдымен аударғандардың бірі Ілияс Жансүгіров болғаны бәрімізге мәлім. Бірақ әуелгі уақытта Ілиястың Маяковскийді қабылдауында қайсыбір қиыншылық та кездеспей қалмады.

Ілиястың бірсыпыра шығармаларының арқауы өнер (ән, күй) тақырыбына тартылып, соның ішінде кейде өлең, жыр туралы да айтылатын. Бертін ақын туралы кеңірек толғанып, оның жаңа өмір жасау жолында елге тигізетін пайдасын сөз ету белгілі жүйеге түсе бастайды. Жиырмасыншы жылдары қоғам қолқасын орындау үшін «домбыраң емес, қаламды, қобалжымын қолға алам» дейді. Отызыншы жылғы бір өлеңінде:

Өмір деген — бұл күрес,  
Ақын күрес балуаны.  
Күреске, қалам, күреске! —

деп өзінің көзқарасын анықтап айтады. Сол өлеңнің келесі жолдарында:

Ақындық аз «ақылда»,  
Жыр жүректің түбінде.  
Жүрекке! Қалам, жүрекке! —

деп өлеңге салқын қандылық жүрмейтінін ескертеді.

Ілияс кейбір ақынның бірыңғай түр қуалап, ешкім түсінбейтін формалистік жаттығуларға елігуін қатты сынайды («Ақын мен Мақым» өлеңі):

Аунап тапты, күлден тапты,  
Әйтеуір бір түрлер тапты.  
Қырық жіліктеп бөлшектейді,  
Ұстатпайды, өлшетпейді.

Сөз сорлыны қуалайды,  
Сөз сайысып тұра алмайды,  
Оны қуып оқыған жан  
Сүрінеді, тұралайды.  
Өлең деген быт-шыт болды,  
Күй, көркемдік ұмыт болды.

«Ақын мен Мақымның» авторы өлеңдегі мазмұн айқындығын, түр жатықтығын жақтайды.

«Шаттық жыры» өлеңінде, «Кұлагердің» кіріспе бөлімінде («Толғану») Ілияс халқымыздың социализм орнатуда қол жеткен жеңістерін шабытпен жырлаушы ақынның образын елестетеді. Мұндағы әуен де, серпін де басқа, оның ақынға айтатыны: «Орай шап алдын, артын жиын жұрттың, жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны»; «халқыңның қуанышын қанат қып қақ».

Ілияс өзімен өзі тілдескендей күйде отырып, жаңа заман ақынының сипатын береді:

Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысын,  
Жүректің жұрт қуантқан жақынысын.  
Баласын бақытты елге, түс майданға,  
Халқыңның қайратысын, ақылысын.

Тілісін, теңіз көңіл, батылысын,  
Өткір ой, сезгір сезім батырысын.  
Желіндей қуаныштың жеделдей соқ,  
Өлеңнің езені бір сапырылсын.

Міне, ол социализм елі жыршысының қоғам алдындағы міндетін де қоса белгілейді. (Бірінші шумақтың үшінші жолы, екінші шумақтың соңғы жолдары).

Ілияс Жансүгіровтың ақын туралы өлеңдерінде көтерілетін ой-пікірлер, негізінде, бүкіл совет поэзиясы шешкен міндеттердің арнасында өрістейді. Ол — поэзияның халық қолдылығы, идеялық-көркемдік өресінің биіктігі, түрлі формалистік, натуралистік ауытқуларға қарсы күрес жүргізудің керектігі т. т.

Әдебиет тарихынан мәлім, Маяковскийге ашық та, жасырын да шабуыл жасаушылар аз болмаған. Кейбір содырлар оның өлеңін жұртшылыққа түсініксіз деп жариялаған. Алайда Маяковский мұның бәрі шындықтан аулақ, жалған сөз, өзіне жабылған жала екенін жақсы білген. Сондықтан да ол:

Читаю я  
крестьянам  
о форме  
стихов —  
и о содержании.

И думаю я  
обо всем,  
как о чуде.

Такое настало,  
а что еще будет! —

деп арманына жеткен бақытты адамның сөзін айтқан.

Дәл сол сияқты болмағанмен, соған ұқсас бір хал Сәбит Мұқановтың басында да болған. Өзіне сөз берейік:

Мен солай сөйлеп кеттім қалам ала,  
Қаламым тікен болды, тілім ара.  
Деп дұшпан ойбайлады сол уақытта:  
«Мынаның елеңінің түрін қара!»

Мен сұға бердім тілді одан да әрі,  
Жауымның ойбайлауға келмеді өлі.  
Кешікпей үні өшті.

Достарыма  
Шырындай елеңімнің болды дәмі.

Сәбит Мұқановтың «Сөз — Советтік Армия» өлеңі Маяковскийдің эстетикалық көзқарасына жақын тұрғыда, бірақ Сәбиттің өз ой-сезімінің көрінісі түрінде қабылданады. «Поэзия туралы фининспектормен әңгімеде» Маяковский өлең жазудың қиындығын былай аңғартады:

Пуд,  
как говорится,  
соли столовой  
съешь  
и сотней папирос клуби,  
чтобы  
добыть  
драгоценное слово  
из артезианских  
людских глубин.

Сәбит Маяковскийдің бұл пікірін қайталамай, өзінше өрбітіп, тереңдетіп әкетеді. Ол өлең жазғанда лайықты керекті сөздің табылуы қиынға соғатынын басқа бір өреге — сөздің қадірі, халықтың оны қалай бағалайтыны туралы өреге шығарады:

Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені,  
Жүректің шахтасынан халық оны —  
Мыңдаған жылдар қазып, кен тасына  
Тереңнен әрең барып жетті қолы.

Жеткен соң қолды создық кен тасына,  
Кен күйінде қазына болмасына  
Түсініп, қорытуға әкеп төкті  
Мидың мың градустық домнасына.

«Сөз — Советтік Армияда» Сәбит сонау Гомерден бастап Маяковскийге дейінгі нелер ұлы ақын, жазу-



деп халықтың өскелең талабына толық жауап бере алмай келе жатқанын мойындайды.

Сәбит соңғы жылдардағы өлеңдерінде ақын өмір құбылысын көлденең кісіше бақыламай, болып жатқан жаңалықтарға кезінде үн қатуға тиіс деген пікір айтады:

Поэзия тыңына  
Мен де соқа айдармын.

Ақынның коммунистік қоғамдағы орны, совет поэзиясының тәрбиелік ролі туралы Әбділда Тәжібаевтың, Тайыр Жароковтың, Қасым Аманжоловтың, Хамит Ерғалиевтің, Қалижан Бекхожиннің, Сырбай Мәуленовтың, Жұбан Молдағалиевтің өлеңдері мен поэмаларында бірін бірі толықтыра, тереңдете айтылған ойлар аз емес.

Өлеңім өзіме тарт. Тірі адам бол!  
Алдыңа алмай-ақ қой мауыты стол.  
Ақын бол,  
азамат бол,  
жауынгер бол,  
Халқыңды құшақтап сүй, —  
міндетің сол, —

дейді Қасым. Өлең қосымша түсінік беруді керек етпейтін тәрізді. Ақын кабинеттік болмауға тиіс дегенді Қасым «мауыты стол» арқылы-ақ аңғартқан.

Поэзия коммунизм құрылысшыларының еңбегімен, ойымен, арманымен тікелей байланысып жатуы шарт. Ол Коммунистік партияның ұлы идеяларының жыршысы. Хамит Ерғалиевтің сөзімен айтсақ:

Баспым өзің!  
Айнымаймын.  
Қайда қойсаң, сондамын!  
Идеяңнан айрылмаймын,  
Мен алдыңғы сандамын!

Қалижан Бекхожиннің бір өлеңінде орыс-қазақ ақындарының достығы, екеуінің мұрат бірлігі жырланады. Орыс өлеңінің өнегесін Қалижан былайша абайлатады:

Сен өлеңге дақ бердің күшті үнмен,  
Өрге шапқан жолдарыңа түстім мен.  
Маяковский маршымен ағындап,  
Сөздеріме керік алдым Пушкиннен.

Бір кезде Маяковский: «Бізге дем алуға мұрша жоқ, күн сайын арымай-талмай қаламмен жұмыс істеуіміз керек» деген еді.

Коммунистік құрылыстың кеңінен өрістеген қазіргі кезеңі социалистік реализм әдебиетіне аса ардақты да жауапты міндеттер жүктеп отыр.

Көркем творчество қоғамнан тысқары дами алмайды, ол суреткердің жеке басының ғана ісі емес.

Әдебиет партия мен халықтың мүлтіксіз рухани қаруына айналуға тиіс. Бізге адамды жарқын мақсаттарға ұмтылдырып, жігерлендіре алатын, халыққа қызмет ететін талантты, шыншыл шығармалар керек.

Совет поэзиясының, Маяковскийдің революцияшыл дәстүрінің қазіргі ақындар үшін рухтандырғыш үлгісі зор. Жаңа заманға лайық жаңа поэзия жасау күресінің алдыңғы қатарында болған совет ақындары уақыт сынына төтеп беретін тамаша шығармалар қалдырды. Ол шығармалар көп ұлтты әдебиетіміздің алтын қорына баға жетпес қазына болып қосылды.

Халық поэзияны сүйеді. Бұл — талассыз шындық. Алайда дамудың жаңа кезеңінде поэзияға қойылатын талап та күшейіп келеді. Коммунизм поэзиясының бірінші классигі көтерген ұран әлі де өз күшінде:

Есть  
    перед нами  
                огромная работа —  
каждому человеку  
                нужное стихачество.  
Давайте работать  
                до седьмого пота  
над поднятием количества,  
                над улучшением качества.

# МАЯКОВСКИЙ

ҚАЗАҚ

ӨЛЕҢІНДЕ

Жаны теңіз, қиялы қыран құстай,  
Туды ол поэзия туын ұстай.  
Халқына берді соғып өлеңдерді,  
Әрбір жолы бір ұлы құрылыстай.

*Сырбай Мәуленов.*



үйткіген жүйрік поездың битаныс екі жолаушысының арасында ойда жоқта бір әңгіме басталып кетеді.

— Сіздің мамандық кәсібіңіз қандай? — деп сұрайды қарт жолаушы. Жас жігіт қапелімде жауап қайырмайды: ақынмын десем, бөтен біреудің даңқын иемденген болып шығармын; атымды атасам, мені ол кітаптан да, газеттен де білмеуі ықтимал ғой. Осындай ойларға берілген жас жолаушы өзін студентпін деп таныстырады. Ал көрші қарттың мамандығы агроном екен. Екеуі біраз әңгіме шертеді: қарт жолаушы өлең туралы, Маяковский туралы сөз қозғап, оның өлеңдерін жаңылмастан жатқа соғады. Бейне бір өзі шығарғандай сезініп, тебірене сөйлейді.

Мы с ним вышли на перрон московский,  
Долго я глядел соседу вслед.  
Мне бы так писать, как Маяковский,  
Чтоб ответить скромно:

— Я поэт!

Біз мазмұнын баяндаған өлең «Ақын» деп аталады. Авторы Николай Доризо.

Совет ақындары Маяковский мұрасына иек арта, оның жанды дәстүрін ілгерілете, байыта отырып, ұлы ақынның өзі туралы да шығармалар тудырады. Николай Асеевтің өлеңмен жазған повесі («Маяковский басталады», 1938) — социалистік реализм поэзиясында Маяковский образын сомдап соғудың алғашқы тәжірибесі тәрізді. Асеев жазушылық және өнердің міндеті жайына ауысқанда, Маяковскийдің әдеби көзқарасына жуықтайтын пікірлер қозғайды:

Писательство —  
не искусство наживы,  
и зря нашу жизнь  
проверять рублем.  
При этом  
всплывут — которые лживы,  
потонут —  
кто в строчку до слез влюблен.

Маяковский образы әсіресе орыс поэзиясында үнемі де үрдіс жырланып, жүйелі дәстүрге айналды. Ол жайындағы өлең, жырлар мазмұн жағынан бай, форма жағынан әр алуан.

Ұлы ақынның есімімен байланысты шығармалар украин, бедорус, грузин, азербайжан, армян әдебиеттерінде де аз емес. Әлбетте, Маяковский Одақтағы ұлт тілдерінің бірінде ерте, бірінде кеш аударылды. Оның әр ұлт әдебиетінде танылуы да бір мезгілде, бір ізбен басталған процесс емес. Басқасын былай қойғанда, Маяковский туралы әр әдебиеттің топырағында туған өлеңдердің өзара айырмашылығы, ерекшелігі бар. Мысалға грузин поэзиясын алып қарайық.

Грузин ақындарының Маяковский жайындағы өлеңдеріне ортақ қасиет — олар Маяковскийді Грузиямен тығыз байланыста көрсетеді, оның балалық шағы өткен жерлерді өлеңге енгізіп, географиялық нақты суреттер жасайды.

Ираклий Абашидзенің Маяковский жөніндегі өлеңінің түйіні мынадай:

Я каждый раз,  
    когда приходит лето,  
Стремлюсь в Багдади —  
    в край родимый твой;  
Как  
    ты когда-то  
    повстречался с Нетте,  
Встречаюсь я  
    и говорю с тобой,  
И все,  
    что я в твоём читаю взгляде,  
До следующего лета берегу...  
О нет,  
    ты, не должник небес Багдади,  
Ты у земли родимой не в долгу.

Мұндағы Багдади аты, Нетте есімі өлеңінің Маяковскийге арналғанын ә дегеннен абайлатады. Соңғы жолдарда Абашидзе Маяковскийдің өз өлеңіндегі — мен Багдади аспаны алдында борыштымын деген сөздерін кері мағынасында пайдаланып, оқушыны өзге бір қорытындыға әкелген.

Георгий Леонидзенің өлеңі Маяковскийдің балалық шағы Багдадида өткенін баяндаудан басталады. Мұнда да: «Жоқ, сен Багдади алдында борышты емесің» деген ой айтылады. Маяковский «атака жасаушы өлеңдердің шебері» ретінде бағаланады.

Маяковский образы өзіне грузин ақындарының назарын жиырмасыншы жылдардың орта кезінен-ақ аударып бастаған. Карло Каладзенің «Маяковскиймен әңгіме» дейтін өлеңі 1926 жылы жазылған.

Каладзе әуелі Грузияның жаңарған бейнесін баяндап келеді де, іле Маяковскийге тікелей тіл қатып, оның ұлылығы алдында бас иетінін білдіреді:

Помнишь — в Багдади мечтал до зари?  
Скажи по-грузински несколько фраз!  
Это будет строфа — иду на пари! —  
И кто с тобою сравнится из нас! —

Ал азербайжан ақындарының — Сүлейман Рустамның, Расул Рзаның, А. Бабаевтың, Т. Мехтиевтің өлеңдерінде Маяковский тұлғасы бұдан өзгешелеу тұрғыда көрсетіледі. Самед Вургунның «Ленинді оқы-



Қалижан да, Қасым да өз өлеңін Маяковскийдің жаңа дүние жыршысы болғанын сипаттаудан бастайды:

Тыңсырып  
өшекейшіл  
ескі жырды

Келдің сен  
революция дауылындай.

(«Маяковский»)

Ескі дүние есігін теуіп ашып,  
Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып.  
Босағада тұрмады, төрге ұмтылды,  
Бұзып-жарып, еңсеріп, еркін басып.

(«Ақын»)

Қасым өлеңінің келесі шумақтарындағы: «Ала көзбен бір қарап дүниеге», «Бар даусымен айқайлап жіберді кеп, жер құлағын тұндырды дауысы мұның» сияқты жолдар Маяковскийдің характерін айқындауға көмектеседі.

Ал Қалижан ұлы ақынмен кеңес құрып, қазақ өлеңі жайындағы өз ойын ортаға салады, сөздің мәніне емес, сыртқы сөніне зер салатын, «ғасырлардан жауыр боп келген сөзден» «ептеп-септеп» жыр құрауын қоймайтын кейбір өлеңшілерді сынайды. Бұл — дұрыс. Бірақ осы арада Қалижан барлық мінді он бір буынды өлеңге аударғандай боп кеткен, оны «Қара аяңшыл» деп бекер кінәлаған.

Өмірдің релісінде  
зулап жүріп,  
Сөйлесейік  
адаммен —  
тірі адамша, —

дейді Қалижан өзінің қаламдас жолдастарына. Бұл жолдар Маяковскийдің «Тірілермен тірілерше тілдесіп» деген әйгілі сөздерін еске түсіреді.

«Ақын» өлеңінде Маяковский поэзиясының жан-жақты сипаты, оның еңбекте де, шайқаста да қуатты құрал бола білгені:

Өлеңді ол жазушы ед бұрқыратып,  
Қанжарды да тұтушы ед, мылтық атып.  
Керікті де басушы ед күмпілдетіп,  
Балғаны да соғушы ед, тасты уатып, —

дейтін бір шумақпен берілген.

Маяковский жайындағы өлеңдердің ішінен Сәбит Мұқановтың «Поэзия маршалын» ерекше атау орынды.

«Поэзия маршалының» сыртқы композициялық жүйесінде кейбір өзгешеліктер бар сияқты. Олар:

Өлеңнің алғашқы бес шумағында автор дүниеге бет бұра сөйлейді:

Тоқтат,  
Дүние,  
дабырды!  
Не керек  
күңкіл,  
ескі оймен.  
Тыңдайық жаңа дабылды  
Жолдас  
Маяковскийден.

Онан әрі тағы да:

Тыңда,  
даусын,  
дүние!  
Деді,  
өне,  
\*«Бір, екі, үш!»  
Бар емес пе  
даусында  
Зеңбіректен  
артық күш?

Алтыншы шумақта автор енді жұртқа арнай тіл қатады («Революцияның айқайшы-үгітшісін тыңда, жұрт!»).

Онан кейінгі шумақтарда Сәбит тура Маяковскийдің өзіне бет бұрып, оған поэзия майданындағы жорықтан рапорт береді.

Міне, бір өлеңнің ішінде ақынның лирикалық арнау сөзі (обращение) осылай өзгеріп отырады. Шығарма Маяковскийге бағыштала тұрса да, Сәбит бастан-аяқ бір адаммен ғана әңгімелеспей, әуелі дүниені, халайықты сол әңгімеге — Маяковскийге беретін рапортқа «өзірлеп» алады.

Бұлар өлеңнің сыртқы белгілері.

Ішкі мазмұн жағына келсек, Сәбит өзінің айтар ойын өткірлей түсу үшін, Маяковскийдің стиліне, сөз

өрнегіне жақындауды лайық көреді. Ұлы ақынды революцияның айқайшы-үгітшісіне балау, оның өлеңдерінің ырғағы «заманнан, дәуір, ғасырдан» аттап өтетінін атап көрсету тұсында Сәбит «Бар дауыспен» поэмасының жалынды жолдарын саналы түрде пайдаланады.

Орындадық  
Сен берген  
Бұйрықты —  
«Нық бас.  
алға бар!» —  
Жаншылды жолда жыландай  
Жылмаңдаған  
бандалар.  
Кудық поэзиядан  
Пайдашыл  
спекулянттарды да, —

дейді Сәбит. Бұл — «Бар дауыспеннің» ең соңғы шумағымен сабақтас:

Явившись  
в Це Ка Ка  
идущих светлых лет,  
над бандой  
поэтических  
рвачей и выжиг  
я подыму,  
как большевистский партбилет,  
все сто томов  
моих  
партийных книжек.

«Поэзия маршалының» түйіні де тапқыр ойдан туған: ендігі сөз Маяковскийге беріледі. («Ал, мен болдым, сөйлесін поэзия маршалы!»).

Әбділда Тәжібаевтың «Маяковскийдің суретіне» (1947), «Маяковскиймен әңгіме» (1955), Жұбан Молдағалиевтің «Оның үні» (1950), Сырбай Мәуленовтың «Маяковский» (1950), Ғафу Қайырбековтың «Жыр ұясы» өлеңдері — жазылу мәнері жағынан да, ақын образын айқындауы жағынан да әр түрлі нәрселер.

Аты «Маяковскийдің суретіне» делінсе де, заты оған да, басқа ақынға да бөгеліссіз келе беретін өлеңіне Әбділданың көңілі толмағанға ұқсайды. Сондықтан ол «Маяковскиймен әңгіме» атанған екінші өлеңін жариялады. Күрделі ойларға құрылып, әр түрлі ыр-

ғақпен жазылған бұл шығармада қазақ жерінің кеңдігі, автордың білімін көтеру үшін Москвадағы әдеби курсқа түскені, ақын, жазушылардың тұрмысы жақсарғаны, телевизордан спорт қызықтарын көргені, тағысын-тағылар баяндалады. Әбділда Маяковскийге:

Жолдас Маяковский!  
Өлмеу керек еді саған!  
Көп еді жырың айтылмаған,  
Көп еді күйің тартылмаған.  
Көрсетер ең өлмегенде  
Не екенін тірліктің,  
Жолдастықтың, бірліктің.  
Жүрегіңді көтеріп биік туыңдай,  
Жарықтай жаның жалын атып суынбай,  
Біздерді үлкен құшағыңа алар ең,  
Ағамыздай, әкеміздей болар ең! —

дейді.

Маяковскийдің халыққа сүйіктілігі, ақындарға әлі де көрсететін өнегесі жөнінде Әбділда толғай сөйлеп, өзін толқытқан жайлар туралы айтуды жөн санайды. Ол Маяковскийдің екі жүзділікке, тоғышарлыққа, арсыздыққа қарсы күрестегі мейрімсіздігін паш етеді.

Әбділданың «шешілмеген мәселе әлі жетерлік, соның бірі көңілді алаң етерлік» дей келіп, ол мәселені «ақындардың орнын беру, рангасы мен формын бөлу» төңірегінен іздеуі үстірттіктің, «жоқ жерден» проблема табуға тырысудың нәтижесі ғой дейміз. Сондай-ақ оның Маяковскийге: «Сен бөлексін, тұрсын бірінші орында» деуі көңілге қонса да, екінші ақын кім екенін анықтай алмай, «зор бөгеуге» кездесеміз деуі ақиқат шындықтан алыс жатыр. Ақындарды бірінші, екінші, үшінші... оныншы деп номерлеудің қажеті жоқ сияқты.

Ақын даусын күннің күркіреуіне теңеу поэзияда бұрын да кездесетін. Жұбан Молдағалиев Маяковский жайындағы өлеңін осы дәстүрлі теңеуден бастайды. Бірақ ол дереу ой арнасын өзгертеді де, «күн күркірестілсе бір аймаққа, оның үні дүниені сілкіндірген» деп, Маяковский өрісінің әлдеқайда кеңдігін мақтаныш етеді. Жұбан Маяковский поэзиясының партиялылығын, халықтығын аса қастерлейді.

Кашаф Туғанбаев «Вл. Маяковскиймен поэзия туралы сырласуында» Қалижан Бекхожин мен Әбділда Төжібаевқа ұсап, «кеудені кернеген сырын» мықтап айтқысы келеді:

Арыз емес,  
ақындық өзара сын,  
Жоқ емес  
өтініш те расында.  
Сізбенен  
кең отырып  
сөйлессек шын,  
Қазақтың поэзиясы  
турасында.

Ғафу Қайырбековтың өлеңі нақты бір жәйтке құрылған. Маяковскийдің музейін аралаған ақын кейбір детальдарға көңіл бөліп, сол арқылы қызықты бір жайларды аңғартқан.

Қаламы да қалпында  
Иек артқан дәуітке.  
Соңғы жолдың артында  
Қалыпты тек көп нүкте.

Маяковский туралы өлең жазған басқа да ақындар жоқ емес.

Поэзияда Маяковский образы оңай тәсіл, әзір үлгі бойынша жасалмайды. Мәселе тақырыптың табылуында ғана емес, оның қандай тұрғыда өрістетілуінде, дүниеге қандай жаңа көркемдік шешімдер әкелуінде.

Маяковскийдің творчестволық өміріне арналған шығармалардың санатында ұлы ақынның тұлғасын теріс тұрғыда баяндайтындары да бар. Белгілі сыншы А. Макаров жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңесінде жасаған баяндамасында Маяковскийдің суреткерлік еңбегін көрсетуге бір жас ақынның жеңіл-желпі қарағанын айтып, өлеңінен мынадай мысал келтіреді:

Случалось и так.  
Телефон среди ночи.  
— Владимир Владимирович! Заказ!  
— Тема! Понятно.  
На сколько строчек?  
Сделано будет.  
Возьмусь сейчас.

«Жұмысқа шындап кіріскенде менің тәулігіне өндіретін нормам — 8—10 жол» деген Маяковский, тәулігіне он сағаттан он сегіз сағатқа дейін жұмыс істеген ересен еңбеккер Маяковский жөнінде бұлай жазу — оның абзал бейнесіне кір келтірумен тең.

Қазақ ақындарының Маяковский жайындағы өлеңдерінде дәл осынау сипаттағы кемшілік байқалмайтын тәрізді. Оның есесіне, бізде жалпыламалық, жайылмалық басым: Маяковский өмірінің нақты кезеңін тақырып етіп алып, белгілі бір сюжеттік арнаға түсіру жағы жетіңкіремейді. Бірсыпыра өлеңдер ақынмен әңгімелесу түрінде ғана жазылғандықтан, баяндауда бір сарындылық, кейде, тіпті, қайталаушылық орын тепкенін де жасырмауымыз керек.

Осындай және осыған ұқсас жәйттер Маяковский образын тереңдете, жан-жақты суреттеуге кесірін тигізбеуі мүмкін емес.

Маяковский — қазақ өлеңінің сүйікті қаһарманы. Оның образын ірілендіре беру — келер күндердің келелі міндеті.

**К**

азақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі... Маяковский өнегесі...

Бұл — өз алдына оқшауланған, оңаша процесс емес, бүкіл совет поэзиясындағы Маяковский дәстүрінің ажырамас бір бөлегі. Сондықтан оны тек қазақ өлеңі шеңберінде ғана қарастыру жеткіліксіз болады.

Көп ұлтты совет әдебиетіндегі Маяковский дәстүрі — бір орыннан қозғалмайтын, өзгермейтін, өспейтін дәстүр емес. Маяковский поэзиясына келгенде біз дәстүрдің жаңашылдығы, жаңашылдықтың дәстүрі туралы сөз қозғауға тиіспіз. Октябрь елінің әдебиетінде жаңа заман рухын, жаңа заман адамын дәл Маяковскийдей асқан шабытпен көрсете алған ақын некен-саяқ.

«Октябрь жеңістерінің жыршысы, Коммунистік партияның жыршысы, таңғажайып творчестволық күш-қуаттың, революциялық құштарлықтың, интернационалдық кеңдіктің суреткері, өлеңінің новаторы — Владимир Маяковский бүгін біздің көз алдымызда осындай ақын болып көрінеді. Оның мұрасы — партиямыздың, халқымыздың жауынгер идеологиялық қаруы. Ол біздің үлкен жорықтағы замандасымыз, серігіміз»<sup>1</sup>.

Партиямыздың орталық органы «Правда» Маяковскийдің туғанына 70 жыл толған күндерде оның поэзиясын «коммунизмнің күн сәулетті поэзиясы» деп бағалап, бүкіл халқымыздың, күллі прогресшіл адам баласының ой-пікірін білдірді.

Маяковскийдің орыс өлеңінде жасаған революциясы біздің туысқан әдебиеттердің бәріне де зор идеялық, эстетикалық ықпалын тигізді. Ұлт әдебиеттерінің алдыңғы қатарлы өкілдері Маяковский тәжірибесі біздің заманымызда поэзия коммунизм идеяларымен біте қайнасуға тиіс деген пікірді әбден растайтынын түсінді.

Қазақ ақындары ұлы орыс поэзиясының баға жетпес рухани көмегін әрқашанда сезіп отырды. Олар орыстың классикалық поэзиясына бет бұрғанда, Пушкин, Лермонтов, Некрасов сияқты алыптардың шығармаларын тек мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар, үйреніп үлгі алатын жанды дәстүр есебінде, жаңашылдыққа апаратын творчестволық жолдың бірі есебінде қабылдады.

Қазір қазақ совет поэзиясының қалыптасу, өсу процесіне айрықша ықпал жасаған ақындардың бірі Владимир Маяковский екеніне ешкім де таласпайды.

Біздің еңбегімізде қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрінің кейбір түбегейлі мәселелері ғана қарастырылды. Проблемалық, тақырыптық тұрғысынан біз поэзияда Ленин образын жасау жайына тоқталып қырап, ұлы ақынның дәстүрін дамыту ұлттық поэзиямызға не бергенін көрсету жағына зер салдық. Бұл ретте қазақ поэзиясының өз тәжірибесін үнемі ескеріп, оның өмірден туған, социалистік жаңа дүние орнату

<sup>1</sup> «Правда» газетінің 1963 жылғы 19 июльдегі басмақаласынан.

күресінің барысында пайда болған шығармаларына қысқаша сипаттама бердік. Маяковский мен Сәкеннің, Маяковский мен Сәбиттің творчестволық қарым-қатынасын жекелеп сөз етуді жөн көрдік. Қазақ поэзиясындағы Маяковский образы туралы әңгіме де біздің негізгі мәселемізге тікелей байланысты деп білдік.

Николай Асеев айтқандай, қазір өлең-поэзияға жетік кісілердің ләззатына айналудан, шартты сөз ойыны болудан қалып, көпшілікке, кең аудиторияға тіл қататын жанды сөз дәрежесіне жетті. В. Маяковский, Д. Бедный, С. Есенин қалдырған игі дәстүрдің бірі өлеңді алаңға шығару, адамға бет бұру, тыңдаушының көкейтесті сұрақтарына жауап беру дәстүрі бұл күнде берік орнығып қана қоймай, бұрынғыдан да ілгерілеп, өрістей түсті.

Ақын Олжас Сүлейменовтың «Қазақстанская правда» газетінде (1964 жылғы 20 ноябрь) жарияланған мақаласында айтылған бір пікірге жол-жөнекей тоқтай кету керек тәрізді. «Қазір,— дейді Олжас,— Маяковский үшін айтыс-тартыс дәуірі, совет өкіметі үшін ашық үгіттеу дәуірі өтіп кетті. Біздер, социализм тұсында туған тыңдаушылар өлең оқушыдан айтыс-тартыс емес, әңгімелеуді, тікелей тіл қатысуды күтеміз».

Біздіңше, Олжасты дұрыс түсіну керек. Автор мақаласында Маяковский өлеңдерін қалай оқу жайын қозғайды, Маяковскийді дауыс қарлыққанша даурыға, өңеш жыртылғанша айқайлап оқу жөнсіз екенін ескертеді. Әрине, Олжас ұлы ақынның мешандықты, түрлі сұмпайылықты, жексұрындықты шенейтін шығармаларындағы интонациясын өзгерту қажет демейді.

Олжас Сүлейменов көтерген мәселемен байланысты мынадай бір ой келеді. Қазақ ақындарының ішінде Маяковскийді сырттай ұғынудың бір түрі оны бұрын түсіне білмеуден, ретті-ретсіз айқайға басудан айқын көрінді. Осыдан келіп әлгіндей ақындардың Маяковскийді түсінуі біржақты болып шықты да, лептіліктің орнын лепірмелік, лирикалық биязылық, жылылықтың орнын арсы-гүрсі, тасыр-тұсыр басты. Маяковский поэзиясындағы пафосты, патетиканы атүсті қабылдау осындай жалғандыққа ұрындырды.

Нұтфолла Шәкеновтың «Біздің жыр» (1949) жинағында мынадай өлең шумақтары жиі кездеседі:

Еңбек ет!  
Өнерінді,  
күшінді  
көрсет бүгін!

Бұл —  
Ұран.  
Заманым —  
социализм  
аманаты.

Егер сен  
ұлы отанның  
болсаң  
шын азаматы

Астық бер —  
мемлекетке!  
Алда бол,  
үлгі көрсет.

Ерліктің,  
батырлықтың  
тағы да  
шықсын аты.

Бұл — Маяковскийге сырттай еліктеудің, жолды орынсыз шашыратып, бытыратудың бір мысалы. Жас ақынның екінші кемшілігі — өлеңді қара сөзге айналдырып жіберген.

Мұндай мін-мүлтіктер Маяковскийдің жаңашылдығын байыбына бармай, жалаң қабылдау біздің отызыншы жылдардағы өлең, поэмаларымызда да орын алғаны жалпыға аян факт.

Маяковский және қазақ поэзиясы туралы мәселенің әлі біз қозғамаған, бірақ болашақта кеңірек әңгімелеуді қажет ететін жақтары бар.

Маяковский поэзиясының тәжірибесі әдеби дәстүрді пайдалану және жаңа жол іздеу — біртұтас творчестволық процесс екенін дәлелдейді.

Қазақ поэзиясында, сол сияқты барша ұлт әдебиеттерінде ұлы ақынның революцияшыл дәстүріне сүйену, оны ұлғайту, тереңдету процесі әлі де өрістеп баратқан жанды процесс. Қоғамдық және әдеби дамудың әрбір жаңа кезеңі оған жаңа сипат, кең өріс береді.

### МАЗМҰНЫ

|   |     |
|---|-----|
| Тірілермен тірілерше тілдесіп. . . . .    | 3   |
| Біліміміз, күшіміз, қаруымыз. . . . .     | 13  |
| Революция шақырып, жасақтаған. . . . .    | 63  |
| «Даусымды арпалысқан күрес ашты». . . . . | 103 |
| Ақынның қоғамдағы орны. . . . .           | 144 |
| Маяковский қазақ өлеңінде. . . . .        | 157 |
| Әңгіме әлі біткен жоқ. . . . .            | 167 |

894.342.09

Сейтов Сагингали

С—31

Традиции Маяковского в казахской поэзии.

Ответ. ред.: М. Базарбаев. Алма-Ата, изд-во «Наука» Казахской ССР, 1966.

Стр. 171. (Институт литературы и искусства Академии наук Казахской ССР им. М. О. Ауэзова).

Редакторы *С. Бекмухаметова, С. Айтмухамбетова*

Худ. редактор *И. Д. Сущих*

Тех. редактор *З. П. Ророкина*

Корректор *Н. Сулейменова*

Обложка художника *М. А. Хоменко*

\* \* \*

Сдано в набор 19/І 1966 г. Подписано к печати 17/ІІІ 1966 г.  
Формат 84×108<sup>1/32</sup>: Бумага № 2. Физ. л. 10,75. Усл. печ. л. 8,81.  
Уч.-изд. л. 9. Тираж 3000. УГ03727. Цена 69 к.

---

Типография издательства «Наука», г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.  
Зак. 12.